



Уатқан ЖАРҚЫНБАЙ

**Саулық
кілті
ЕЗ
қолында**

Алматы
“Қайнар”
2013

УДК 615.8
ББК 53.53
Ж 31

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет жөніне ақпарат министрлігі
Ақпарат жөніне мұрагат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару»
байдарламасы бойынша шыгарылды*

Жарқынбай У.

Ж 31 Саулық кілті өз қолында. / Уатқан Жарқынбай. –
Алматы: «Қайнар баспасы» ЖШС, 2013. – 288 бет.

ISBN 978-601-212-047-9

Адам баласы ерте заманнан-ак өз денсаулығын нығайтуға және өзін-өзі емдеу әрекеттеріне айрықша назар аударумен келеді. Бұл орайда көптеген тамаша тәжірибелердің жинақталғаны белгілі. Олардың үлкен бір саласы – ағзаны ашықтыру. Қолыныңдағы еңбекте осы салада талмай еңбек етіп келе жатқан белгілі қаламгерлер Поль Брэггтің (АҚШ) «Ашығудың ғажабы», Г.Малаховтың (РФ) «Денені тазалау, несеппен емдеу», Кацудо Нишидің (Жапония) «Табиги жасару» кітаптарын актара отырып, автор өз тәжірибесін де алға тартқан. Атамыш авторлардың енбектерінен мол мағлұмат пайдаланылған.

УДК 615.8
ББК 53.53

ISBN 978-601-212-047-9

© Жарқынбай У., 2013
© «Қайнар баспасы» ЖШС, 2013



Уатқан Жарқынбай бұл
еңбегінде дұрыс тамақтану, жүйелі
түрде ашынғу жайын тәжірибе
арқылы баяндай отырып, осы
салада жарық көрген басқа
авторлардың деректерін
пайдаланған.

Кітапта көп нәрсеге көніл
бөлініп, денсаулыққа пайдалы және
зиянды жайттар сараланған.

У.Жарқынбай ұзақ жылдар бойы
хирург қызметін атқарған білікті де
білімді азамат. Бұл кітап біраз
өндөліп, екінші рет баспадан
шығып отыр. Сондықтан да
окырман қауымның көнілінен
шығатынына сенемін.

*Төрекелді ШАРМАНОВ,
медицина гылымының докторы,
академик*

АШЫГУ

Денсаулықтың негізі – салауатты өмір салты, ауру-сыр-қаудың алдын алу, дәрісіз дауалау, ішімдіксіз тамақтану. Шылым шегуден, әртүрлі химикалтардан адам баласы өзін-өзі қорғай білуі кажет. Табиғи тағамдар мен химикатсыз дәрі-дәрмектер қолдану, қоршаған ортаны сауықтыру қоғамдық мәселе. Мұнын бәрі де табиғи гигиенадан туындаған. Халық арасында «ішіп-жеу үшін өмір сұрме, өмір сұру үшін ішіп же», – деген қанатты сөз бар.

Ал табиғи гигиенаның негізін салушылардың бірі Р. Тролл: «Химиялық дәрі-дәрмектермен дауалау адам ағзасына жат, ғылыми түрғыдан қарағанда танту, табиғатына зиянды», – деген.

Химиялық дәрігіне негізделген емдеу тек аурудың басталған ең қатты кезеңінде ғана көмектесе алады, бірақ мұлде сауықтырып жібере алмайды. Орыс халқының ұлы физиологы И.П. Павлов: «Адам денесі ең жоғары дәрежеде өзін-өзі басқарушы, бағыттаушы, қолдаушы, жетілдіруші» – деп есептеді. Бұл жүйе табиғат берген заң құшіне бағынады.

Табиғи гигиена дегеніміз – табиғат занын білу, сауықтыру жинағы, барлық дененің бүтіндей тұтастырын табиғи әдістермен сауықтыру (К.Нишидің денсаулық жүйесімен өмір сұру тамақтан уақытша бас тарту, жүгіру, суда жүзу, терлеу, дene енбектерімен шұғылдану, денені сұыққа шынықтыру, орынды тамақтану – тамаққа табиғи көкөністерді, жеміс-жидектерді молырақ пайдалану т.б.).

Табиғи гигиена біздің жеке басымызға өзіміз қамкорлық жасау мүмкіншілігі мен білімін сыйлады. Дәстүрлі медицина аурудың пайда болу себебімен емес, ауруды емдеумен шұғылданды. Денсаулық – жеке адамның жеке басымың мәселе. Әрбір адам өз ауруына өзі себепкер болады, яғни ауруына өзі кінәлі. Ауаның ластануынан, ортандың радиациямен ластануынан сақтау, химикатсыз дәрі-дәрмектер

мен табиғи тағамдар қолдану, қоршаган ортанды сауықтыру мемлекетпен аралық мәселе. Бірі-бірінсіз алға баспайды.

Табиғи гигиенаның пайда бола бастаған алғашқы жылдарындағы ғылым қайраткерлерінің бірі – Поль Брэгг. Өзі дәрігер. «Ашығудың ғажабы» деген кітап жазған. 90 жасында сергек, төзімді, күші мығым, қозғалысында шек жоқ, икемді болған. Құн сайын 3-5 шақырым жүгіріп, суда көп уақыт жүзіп, тауға өрмелеп, теннис ойнап, би кештеріне де қатысып, ұзаққа жаяу сапарға шығудан да жалықпаған. Адамның төзімділігін тексеруде сахара шөлдерінде су татпай өткен екен. Ол құніне 12 сағат жұмыс істесе де еш жері ауырып, шаршауды сезбеген. Медициналық тақырыпта дәріс оқудан да жалықпаған.

П. Брэгг жүйесінің негізі – ағзаны табиғи сауықтыру, ашығумен тазарту, дұрыс тамактану, жаттығып шындалу. Қөніл қүйдің көтерінкі болуына үлкен мән берген, табиғи сауықтырудың құрамы деп есептеген. П. Брэгг жүйесінің негізгі тетігінің бірі тиімді тамактану, күнделікті тамактың 60 пайзызы жеміс-жидек, көкөніс болуын, оны шикі немесе шала пісіріп пайдалануды ұсынған. Өндіріс өндеуінен өткен-ішіп жемдерден бас тартуға кенес берген. Олар – кант, конфет, какао, кофе, шоколад, пряник, торт, печенье, әртүрлі тоқаштар, шұжықтар, консервілер (ет, балық, то-сап). Брэгг етке өте үйір болуға кенес бермеген, қайта апта-сына 3-4 рет аздап жеуден ары бармауды онды қөрген. Брэгг сауықтыру өдісімен шұғылдануға, енбек белсенділігін арттыруға, денені шынықтыруға үлкен қөніл аударған. Денсаулығы босаңсыған адамдарға жаяу жүруден бастап, біртебірте жүгіруге кенес берген. Таза ауада ұзак уақыт серуендеу, дұрыс демала білу, осының барлығы П. Брэггтың сауықтыру жүйесінің құрамына жатады. Ол өз жүйесінде ашықтырып, сауықтыруға көп қөніл бөледі.

Ашығу – тамактан уақытша бас тарту, денені едәуір тазарту деген сөз. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, жеміс-жидекпен күзде, дәнді дақылдармен қыста, көкөніспен жазғытұрым және жазда тамактану орынды деп есептеледі. Бұл көкөніс пен жеміс-жидектерді қыста жеме деген сөз емес. Денені жинақталған ас қалдықтарынан тазарту үшін апта сайын бір құн, мезгіл сайын 7 құн ашығып үйрену пайдалы. Ашығып тамактан бас тартқан кезде тек буға айналдырып алған су ішкен жөн. Ашығу дегеніміз – онды тамактана білмейтін,

арак ішетін, шылым шегетін, наша қолданатын, ластанған су, ауа, химиялық дәрі-дәрмектерді көп пайдаланатын адамдардың денесін улы қалдықтардан тазарту, сөйтіп ағзаны өзін-өзі уландырудан құтқару әдісі.

Брэгг ашығудан бұрын дәрігерден кенес алуды, ашығу кезінде дәрігердің немесе тәжірибелі адамның бақылауында болуды ескертсе, Г.Малахов: «ашықкан адамға дәрігердің де, тәжірибелі адамның да қажеті жоқ, ашықкан адам өзін-өзі басқара білуі қажет» – дейді.

«Әрбір адам денесінің ашығу өсеріне жауабы дербес болатындықтан, оған нақты рецепт жоқ» – дейді Ю.С.Николаев.

Ашықканда жүйелі түрде ашығу жөн. Дұрыс ашығып, тамактану ережесін ұстана білсөн, кан қысымын қалыптан жоғары болса азаяды, ызакор, ашушан болсан – тері-терсегіндегі қотыр, қышыма болса, ол да жоғалады.

Ашығуды К. Нишидің жүйесімен коса, несеппен ұштастыра алсан, көптеген дерт, дербезден (остеохондроз) сауығасын, сондай-ак, көптеген ауру-сырқаудың алдын алуға болады.

Ашықкан кезде Брэгг жатып демалуды ұсынған. Соңғы жылдарда ашығуды зерттеген тәжірибемен байқаудың нәтижесінде, ашықкан кезде әр түрлі спорт, дene шынықтыру, дene енбегімен шұғылдануға болатындығы дәлелденді. Рас қайсы, бір адамдар да ашығу кезінде дene енбегімен шұғылданып жүргенде денесі босап, басы айналғандай да болады. Егер ондай белгі білінсе жатып, аздап дем алса, басылады. Себебі, жасушалардан жиналған улы қалдықтар қанға құйылады. Ал, жасы ұлғайған, денесі өте бос, қозғалғысы келмейтін адамдарға жұмыс істетуге болмайды. Өзі қалап тұрса ғана болады. Бұл арада сөз ұзақ уақыт жаяу серуендеу, шанғымен жүру, жүгіру туралы болып отыр. Мен өзім ашықканда ешбір енбектен бас тартпаймын. Қайта дene енбегіне қызығушылығым арта түседі.

Брэгг: «ашығу алдында және ашығу кезеңінде табиғи болмыска қарсы болғандықтан, клизмамен іш тазалауға болмайды» – десе, К. Ниши – «ашығу алдында және ашығу кезеңінде күн аралатып, клизмамен ішекті тазалап тұру жөн» – дейді. Бұл көзқарасты Ю.С.Николаев, Шелтон, Г.Малахов та құттайды.

П.Брэгг өзінің жазған «Ашығудың ғажабы» деген

кітабында: «ақшаға төсек сатып алуға болады, бірақ ұйқы сатып ала алмайсың» – деп жазады. Денсаулық – зор байлық. Денің сау болмаса, байлықтан не пайда. Салауатты өмір сұру үшін ақшаның да рөлі аз емес. Рақат өмір сұру үшін қора-қопсынан бастап, жатар орнына дейін қалауына сай болуы керек.

Адам ата, Хаяу анадан бастап, адам баласы ұзак өмір сүргісі келеді-ақ, бірақ ол мүмкін емес. Адам баласы өлімнен қашып құтыла алған жок, қайда барса да алдында қорқыттың көрі казулы. Бірақ кездейсөк ажалға тап келмеген адам салауатты өмір салтын сақтап, табиғи тағамдармен тамақтану ережесін сақтай білсе, ұзак өмір сұруіне болады. Адамның өмір кілті өз қолында. Кейбіреу өзінің тағамға, ішімдікке ұстасыз, қомағайлығымен табиғаттың жобалаған жасының жартысына да жетпей өледі.

Егер қолайсыз жағдайлар өсер етпесе, жабайы жәндіктер өзінің толық жасына жетеді. Тіпті, миллионнан бір адам да өмір сұру шегіне жетпейді. Ал жан-жануарлар тіршілік ету үшін немен коректенуді сезімі арқылы реттеп, керектісін ғана пайдаланады. Ал адам неғұрлым улы ішімдіктермен косып, сінімділігі ауыр аспен тамақтанады. Сонынан «біз неге 100-150 жыл жасамаймыз» деп танданады. Біз көп жасауға құмар-акпыш, ал өмір жасымызды өзіміз қыскартамыз. Мұнда қандай мән бар. Адамның ішкі құрылышының ең кішкентай бөлшектеріне дейін ғажап, ақылойы ең жоғары жетілген бола тұра қабілеті жұмбак қүйінде қалып отыр. Адам бітімі сезімтал, нөзік, мейірбан, ақылды болғанымен, өз денесіне назар аударудан ғөрі қолындағы үй жануарларын баптап қарауды артығырақ көреді. Тарихи ескерткіштерге, тіпті ескі заманның тасқа салған таңбаларына көбірек қамқорлық жасалуына тан қаласын. Бәрі де қажет шығар, бірақ адамның өз денсаулығына көзкарасы басқа болуы тиіс. Дұрыс ойдың адамдары бақытты, пайдалы, ұзак өмір сұруді қалайды. Мүмкін болса, ұзак өмір сұруге аппаратын сенімді денсаулық ережеге сай болуы шарт. Әттеген-ай, сол – занылықтың барлығы орындала бермейді.

XIX–XX ғасырлардың өліарасында дene шынықтырудың негізін қалаушы Бернар Макфедден: «Дене шынықтыру мәдениеті» деген журналының сыртқы бетіне «Ауру – бұл қылмыс, қылмыскер болудан сактанайық» деп жазады.

Әлсіздік, босандық, аурушандықты мен адамның тажап денесіне келген қорлау қылмысы деп білемін. Мен өзімнің денсаулығымды қалпына келтіріп, жақсарту үшін қажетті мүмкіншіліктерді сақтай отырып, денені жетілдіру шарапарын да пайдаланамын» – деп жазады П.Брэгг. Ары қарай «сергектік, өмірге төзімділік, қөнбістілік сияқты қасиеттерді ұстанып, пайдалануым арқылы мен өзімді «денсаулық миллионерімін» деп санаймын» – дейді.

Адамның кәрі-жасына қарамай, денсаулықтың қуанышына бөлену, денсаулық миллионері болу үшін де енбектеңу қажет. Көрілкті мойындаудың негізгі «құпиясы» табиғи тағамдарды пайдалану, тағам түрлерін жаңарту, жүйелі түрде тамақтан уақытша бас тарту, таза ауада серуендер, таза су ішіп, дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдаңып, дұрыс демалудан тұрады. Жүйелі түрде ашығып, тамақтан бас тартып, денені тазартып әдеттенсеніз, сіздің дененіздің өзі-ак енбек етіп, қымылдай беруді тілеп тұратын болады. Жаттығуға шығындаған уақытына өкінбейтін боласың. Күн сайын сергіп, денен җенілдеп, жүрісін жылдамдап, бүкірдегі бастаған белін де жазылып, келбетің жақсарып, тік жүретін боласың. Сондықтан «Аз жесен – көп жасаисың, кім өзінің жарамсыз әдеттерінен бас тарта алса, – күшті сол», – деген ғой Бенджамин Франклін. Тіршілік көзінің қуатын үнемдеп жұмсау үшін аз же, ашық. Біз уланған дүниеде өмір сүрудеміз. Тіршілік қуаты дене қызыуын үнемі 36,6 градустен төмендетпей, жоғарылатпай ұстайды. Дене қызыу бұдан төмендесе де, жоғарыласа да ауырамыз. Қазіргі заман мәдениетіне сай тіршілік қуатының жауы көп. Олар – адамдардың өзі жасаған улар. Біз уды өмірден аластырған жоғалтуымыз аблаз.

Қалалы жерлер мен полигондарда біздің демалатын ауамыз радиациямен, өндіріс пештерінің будақтаған тұтіні, шаң-тозаң, қаптаған көп машина, техникалардың шала жанған улы газдарымен уланған. Сондықтан да тыныс ағзаларының, өкпенің рагы, қантамыр, жүрек ауруларының көбеюі тіпті ана құрсағында пайда болған ұрықтың дұрыс дамымай әртүрлі жағдайға ұшырап, дене мүшелері не көп, не аз, карны қампиган, басы шектен тыс үлкен болып, адам сиқы жок нәрестелердің тууына жаңын түршігеді. Ауаның ластануын денсаулықты былай қойғанда, ұлтқа төнген қатер деп білуіміз қажет.

Біздің өзен, көлдерімізде ластанған суды ішуге жарамды ету үшін хлормен тазалау өдісі дұрыс емес. Себебі, хлор деңеге барып уға айналады. Сондықтан хлордың орнына оттегіні пайдаланады.

Егер біз денеміздеі ұлы заттардан арылып, тазаланамыз десек, ашығу қажет. Өйткені, астан уақытша бас тартып, ағзаны физиологиялық демалдырысак, тіршілік қуатын қалпына келтіреміз. Қуат көзі молайған сайын у азайып, бірте-бірте мұлде аластатылады. Ашығу дегенді денені сауықтыру, тазарту деп түсінген жөн. Бірақ емдеу емес. Біз ашық-қанда, ішіп-жеген тағамды қорыту үшін жұмысалатын тіршілік қуаты енді денеміздеі ұлы заттарды сыртқа бөліп шығаруға жұмысалады.

Жер өндеуге де, шыбын-шіркей, құрт-құмырскамен күресуде де химикаттар пайдаланылады. Соның бірі – ДДТ деп аталады. Ауылшаруашылық өнімдері, көкөніс, жеміс-жидектерге дейін химикаттармен тыңайтылады. ДДТ және басқа химикаттар жерге, сонынан астық өнімдеріне, көкөніс, жеміс-жидектерінің тамыры арқылы сінеді. Дегенмен, ұлы заттарды азайту үшін қызанактың сыртқы қабығын сыйрып, сәбіздің сыртын ғана тағам етіп, өзегін пайдаланбайтын да әдістер бар. Тағамдармен деңеге енген уларды сыртқа шығару үшін 3-4 күн ашығуды ұмытпаңыз.

Базарлардың сауда-саттық қоймасында алма, жеміс-жидек әп-әдемі болып, жылтылдан тұрады. «Бақсам бақа екен» демекші, Шолоховтың «Көтерілген тың» романында: «Сығандар арық атты желмен үрлеп қампитып қойып, сатпаушы ма еді: сол жарқыраған әдеміліктің де жөнін білген артық емес. Шамның майымен жүкаласында сылап қойса бәрі әдемі көрінеді. Ондағы балауыз өнімнің шырынын ауаға ұшып кетуден сактайды, дәмін кетірмейді – дәмді жана ғана сабағынан үзіп әкелгендей көрінеді. Бірақ шамның майы мұнай өнімі екені баршаға мәлім. Ол ішке барып, ас болып сінбейді. Сөйтіп, одан сандаған ауру пайда болады. Сондықтан оны да ашығумен ғана деңеден шығара аласын.

Адам деңесі жеке жасушалардың жиынтығы. Егер біз дұрыс тамақтана білсек, тамағымыз біздің өсіп, ер жетуіміз үшін негізгі қажеттілігімізді өтейді. Ағзалар кызметі қалыпты болса, біз 120 жастан да артық жасаймыз. Егер адам сасыған ауамен дем алса, оның торшаларына ти-

ген өсерден ауырып, төсек тартады, не өліп тынады. Жейтін асын былғап, оның құрамын синтетикалық хими-кattармен өзгерте берсе, дене жасушаларына зиянын тигі-зеді. Олар қызметін тоқтата бастайды. Ондай заттарға бейімделуден қалады.

Егер дененің таза болуын қолдағыңыз келсе, ішегіңізге клизма қойып, 24-36 сағат ашығыңыз. Осыншама уақыт ашыққанда химикаттардан тазаланаңыз. Ашығар алдында және сонында несепке зертханалық зерттеу жасатсаныз нәтижесі белгілі болады.

Ас тұзы – натрий суда ерігенде улы сілтіге, хлор – өте улы газға айналады. Міне, осыны біз ас тұзы деп айтамыз да, тұzsыз тамақ жесек дәмі келмейді. Ас тұзы – тағам емес. Денеге сіңбейді. Тұздың құрамында витаминдер, нәр жұғымдылығы жоқ. Тұз жүрекке у ретінде өсер етеді. Ол денедегі қальцийді жойып, ішек-қарынның шырышты қабықтарына зиянын тигізеді.

Тұз денсаулыққа зиянды болса, адамдар онымен неге қоректенеді? Себебі, мындаған жылдар бойы тамақты тұздап жеп келеді. Бұл ақыры әдетке, нанымға айналды. Тұzsыз тамақ дәмсіз болды. Оның денсаулыққа пайдасы бар ма? Көптеген елдер ас тұзын мүлдем пайдаланбайды. Одан келіп-кетер зиян жоқ көрінеді. Мысалы, эскимостар. Тұз үй құстарына умен бірдей. Бүйректің нәзік сүзгіште-ріне тұз қандай өсер ететінін ойлап көрініз. Асқазан, бүйрек арқылы тұзды сумен жуып шығаруға кіріседі. Міне, осы кезде тұздалған тағам жеген адамдар шөлдей бастайды. Басқа мүшелерге қарағанда бүйрек тұздан көп зиян шегеді. Сыртқа шықпай қалған тұздар табанға, асықтың буынына шөгө бастайды. Дене тұзды еріту үшін тұз шөгіндісіне суды мол жібергендіктен, ісік пайда болады. Остеохондроз – тұздың жасаған дерті. Жүректің қызметі қандағы кальций мен натрий тұздарының ара қатынасына тікелей байланысты.

Ас тұзының қан құрамындағы мөлшері көбейсе, кальцийді шайып жібереді. Қан қысымы мен жүректің соғуын арттырады. Әрине, қан қысымының көбеюіне тұздан басқа да себептер мол. Адам өзін-өзі зорлап ойлану, шамадан тыс жұмыс істеу, қайғы-қасіретке душар болу, шылым шегу, спирттік ішімдіктерге әуестену, дәрі-дәрмектің жана-ма өсері, машина, техникалардан шығатын шала жанған

улы газдардың да өсөрі бар. Эрине, осы факторларды жоя алсақ, жүрек, қан тамырлары мен қан қысымы сырқаттарынан айыратын болар едік.

Жұмыс орны өте ыстық өндірістерде жұмысшы терлеңгендеге «денесіндегі тұздар азайып кетеді» – деп, тұз жегізіп жататын елдер де кездеседі. Ал, бұл дұрыс емес. Көп терлеңнен тұз азаймайды. Біздің қазіргі жейтін негізгі жемістер мен басқа тағамдарда қажетімізді өтейтін тұздар (натрий) жеткілікті.

Тағам құрамындағы табиғи натрий жеткілікті болғандықтан натрий тұзын денеге жіберудің қажеті жоқ. Науқас адамдарға ота жасағаннан кейін қанына 0,85 %, кейде одан да көп мөлшерде тұз ерітіндісін құяды. Негізгі ауруынан айырып шықканна кейін әлгі адамдардың қайсыбірінің қан қысымы қөтеріліп, бейнет шегеді. Науқас неден болғанын білмейді. Дәрігер ота жасағаннан кейін натрий ерітіндісінен қанға неше литр жібергенімен ешбір ісі жоқ. Міне, біз сөйтіп кейбір кездерде қан қысымы ауруын ауруханадан да алып шығамыз. Егер бүйрекін закымдалмаған болса, тұzsыз тамақтанып, бірнеше күн ашықса, қан қысымы қалпына келеді. Ал, бүйректің нәзік сұзгілері қызмет істемей қалған болса, онда сөз жоқ қиынға соғады. Денеге тұздаушы дәрілер емес, табиғи натрий қажет. Табиғи натрий күнде-лікті ішетін суда, көкөністерде, етте мол.

П.Брэгг былайша жазған: «Мениң 50 жыл өмірімде ашырып жасаған тәжірибеммен ғылыми зерттеуімде байқағаным, жоқ дегенде төрт төулік (96 сағат) ашыққанда тұздар денеден шығатын мүмкіндік бар.

Ол үшін несебінді зертте. Тек булап алған су ішіп төрт күн ашырып көр. Алғашқы күнгі несебінді жина. Оны жинаған бөтелкенді салқын көленкелі жерге 2-3 апта сакта да, 12 не 21 күннен кейін жарыққа шығарып қарасан, бөтелкенің түбінен натрийдің жанама тіршілік өрекетін көресін. Қашан несебінен натрий тұзы жоғалады, сол кезде бүйрекін кедергісіз жұмыс істейді.

Аузын құрғап, шөлдейтін әдетінмен денендеңі аздаған ісік кетеді. Ишіп-жеген тағамдарды сініруге жұмсалатын тіршілік қуатын ашыққан кезде енді тек дененің әрбір түкпіріне жиналған улар мен тұздарды сыртқа шығаруға жұмсау мүмкіндігін алдың, жасушаларың жасарды. Төрт күн ашыққаннан кейін енді тұзды тағам қолдануды тыю ке-

рек. Барлық тұрлі ішіп-жемдерде «жасырын тұздар» бар. Сондықтан апта сайын бір тәулік ашыққан жөн. Ашығу – тазалаушы, бірақ дауалаушы емес. Парыз – қатаң әмірші. Біз бұған бағынуымыз міндет.

Тіршілік қуаты – қымбат дүние, дүкенде сатылмайды. Көптеген адамдар кофеде, аракта, шайда, кока-колада тіршілік қуаты бар деп ойлайды. Қателеседі. Тіршілік қуаты адамға әмір сұру үшін Алланың ғана берген сыйы. Адам жаман әдеттердің салдарынан ауырады. Күш-қуаты төмендейді. Тіршілік қуаты азаяды. Сөйтіп денесі босансыды. Күш-қуатының төмендеуінен бүйрек, тері, өкпе, ішек – барлық улы қоқыстарды бөліп шығару жүйесінің тіршілік әрекеті баяулайды. Сөйтіп, әртүрлі улы заттар денеден толық бөлініп шықлады.

Денениң әртүрлі бөліктеріндегі улы шөгінділер сезім жүйесіне әсер ететіндіктен ауыртады. Бұл сізге берілген салауатты әмір сұру заңдылығымен есептеспей жатқаныңызға табиғаттың алдын ала беріп отырған дабылы. Өзімнің жағымсыз қылышымнан болды деп адам өзін кінәламайды. «Жоқ, мен сұық тигізіп алдым, шаршадым, өзімді нашар сезінемін, себебі мен қартайдым» – дейді. Нағыз шындық айтылмайды. Өзін-өзі актаумен болады. Сіздің мезгілсіз қартауынызben ол жер, бұл жерініздің ауруы және дерптің пайда болуына өзінің ғана жауаптысыз. Басқа ешкім де жауап бермейді. Тіршілік қуатының деңгейін төмендетіп алғансыз. Денеден улар бөлініп шықпайды. Жиналған улар ол жер, бұл жерінізді ауыртады, сізді қинайды.

Ашығу – бұл табиғат тіршілік қуатын сактаған қойманың кілті. Ашығу – әрбір жасуша, әрбір мүшеге тіршілік қуатын сыйлайды. Сіз үшін мұндай қызмет жасау ешкімнің қолынан келмейді. Мұны өзін-өзін ғана жасауын тиіс. Барлық аурудың 99 пайызы дұрыс емес, табиғи емес тамактанудан шығатынына сенемін. Адамдар өздерінін ауруын, мезгілсіз қартауын не болса содан көреді, бірақ тамактан болды демейді. Сондықтан азап шегу себебі олар үшін жасырын күйінде қала береді. Рас, рак ісігі әбден ұлкейіп өнеші бітелген күні жеп отырған тамағынан көретіні бар. Бірақ, бұл көрініс ауру асқынып біткеннен кейінгі тіршілік.

Әдетте, адамдар мұның көп жылдар бойы асыра жеп,

ашығып тазартуды пайдаланбағаннан болғанын білмейді. Табиғат бұл уды қай кезде актарғысы келеді, міне, сол кезде «қопарылыс» жасағанын ауру деп жүр. Дәл осы кезде ғана адамдар аурудан құтылу жолын іздей бастайды. Ол жол – ашығу екенін еске де алмайды. Ауру дегеніміз – табиғат сіздің дененіз улы заттармен толып кеткендігін білдіретін белгі. Өлгендерде ауру болмайды. Тіршілік иесінде ғана проблема бар. Ашығу арқылы денеге жиналған қалдықтар мен уларды сыртқа шығару табиғатыңа көмектесе аласын. Мұны әрбір жабайы аң-құстар да біледі. Бұл нағыз жәндіктердің түйсігі – еркісіз сезімі. Біз адамдар өркениетті ортада ұзак өмір сүріп келеміз. Бұл түйсігімізді ұмыттырыды. Ұмытқанымыз ашығу еді.

Адам нағыз ауырған кезде тамаққа тәбеті шаппайды, тағамның ісінен сескенеді, дәмінен жиіркеніп, локсып құсады. Қамқоршы туыстар мен достар тамақ ішуді үгіттейді, «тамақ іш, құш-қуатың кіреді» дейді. Осы сендеруден кейін сіз аз да болса тамақтанғыныз келеді. Бірақ түйсік тамақта-нуды додаруды ескертеді. Табиғат сіздің ашығуынызды қалайды. Неге десеніз, ағза құш-қуатын денені тазалауга жұмсағысы келеді. Табиғат-ананың нәзік дыбысын есту мен түйсіну қыын. Ашыққанда сіздің сезіну қабілетініз қүшнейеді. Ашығу – ақыл-ойды сергітеді, табиғат тылсымын түйсік арқылы сезіндіреді.

Египет, ұлы Александрия бір кезде дүние жүзінің мәдениет орталығы болғанын білеміз. Сол кезде адамдар жылына 40 күн ашығуға міндетті болған. Ұзақ уақыт судан басқа дәм татпаған, ашығуды билетін білгір абыздардың касында болып, үрренген. Будда, Иса, Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарлардың өздері де ашығады екен. Сонымен, ашыққанда ағзаның көніл күйі мен халі төмендегенді былай қойып, үлкен ой қүшін қосады. Ашыққаннан кейін ақыл-ойы өткір, еңбегі өнімді ақпарат хабарларды да тез қабылдай алатын болатынына көзі жетеді, тек тексеріп көру керек.

Виктор Гюго денеміздегі уды адамның ішіндең «жыланға» тенеген екен. Шындық солай. Өзіндік улану ұзак ұзак жасаудың жауы, мезгілсіз қартаудың қатал дүшпаны.

Улану (интоксикация) соңғы ғасырларда адам баласының ең үлкен жауына айналып отыр. Үйреншікті болғанымен аз зерттелген-ді.

Өзіндік улану – бұл біздің қауіпті жауымыз болатын себебі, ол қанды уландырудан басталады. Жүрек, бауыр, бүйрек, қызыл қантамырларын зақымдандырумен ауруды ұлғайтады. Мезгілсіз қартаудың барлық себептерін қоса айтқанда, ағзалардың улануы ең бастысы. Қанның тазалығын сақтау – бұл мәселенің жартысы ғана. Біз көбінесе шамадан тыс көп тамактанып, алдыңғысын қорыта алмай жатқанда, жаңасымен ақсанан қызметін ауырлатамыз. Біз нақтылы белгілеген сағаттарда: қарныңыз аш па, тоқ па, оған қарамастан, түскі тамак ішетін мезгілде тоя тамактануға әдettendіk. Бұл соңғы ғылыми жаңалықтарға қарағанда құптарлық емес. Дені-басы толық сау туған бала ғылымға сәйкес өмір сүрсе, киыншылықсыз-ақ 120 жасқа жетуге тиіс екендігіне күмәнданбаныз. Қартаудың ауруы деген жоқ. Сізді өлтіретін нақтылы бір ауру бар. Егер сіз бала кезінізден дұрыс тамактанып, апта сайын бір тәулік жылына 4 рет мезгіл-мезгіл 7-10 күннен ашыға білсеніз, өлтіретін аурулардың мүмкіншілігі азаяды.

Біздің заманымызда балаларды мүлде теріс тамактанырады. Біріншіден, көптеген аналар балаларына омырауын емізбейді, не емшектен өте ерте шығарады. Сондықтан бала өзіне ең қажетті тағам – ана сүтінің нәрін ала алмайды. Балалар бөтелкеден емізік емеді. Барлық пайдалы заттардан тазартылған ақ ұн, шакпак қант, қауіпті тұздармен тамактандырылады. Осы заманғы баланың денесін улау түа сала басталады. Сондықтан мезгілсіз қүйреу сөзсіз болады, біреуге ертерек, біреуге жайырақ. Егер сіз денсаулық жөнінде нақтылы мәлімет алғыңыз келсе, жан-жағынызға қараныз: көптеген балалардың тісін құрт жеп, бүлінген. Қебісі 20 жасқа жетпей-ақ жасанды тіс салдырады. Тағамның ақсананға жағымдысы сілтілісі бола тұра, ішіп-жегеніміздің қебісі қышқыл. Білімсіздіктің өзі қауіпті жау.

«Бала кезімде – деп жазады П. Брэгг – тамакты қалың етіп майлаған табаға тауықтың балапанынан бастап, шошқаның тұздап, сүрлеген майы мен еті, картоп, қою тұздалған қаймақ, көптеген тоқаш (пирожки) сияқты әртүрлі қуырылған тамактар жеп, қайнатпасы (варенье) тағы бар және жылдар бойы өзіндік уланумен азап шеккенімді білмегенмін. Мұнан басқа көптеген қоздыруыш заттар, уландыратын тағамдармен тамактанғанмын.

Өзіндік улану салдарынан 8 сағат үйіктаудың орнына 10 сағат үйіктастынын. Сонымен қатар, ұзақ уақыт үйік-тап тұрсам да, сергек, ширақ емес солғын, көңілсіз оянастынын.

Көптеген адамдар өмір сүріп жүрген жок, тек қүнелтіп жүр. Көшілігінің денесі улы заттармен сірескен, олар үшін өмір – азап. Құнмен жарысып, ерте тұруды әдетке айналдырып, өте көп дүние жасап үлгіресін. Өзіне-өзін күш жұмсай білсен, жетістіктеге онай жете аласын. Көшілік адамдар шылым шегеді, кофе, пепси-кола, спирт ішімдіктеріне әуестігі де түсінкті. Өзіндік уланудың өсерінен олар терең уайым-қайғыға беріледі. Таза бұлақ көзін ешкімнің де улан-дырығысы келмейді. Ал, біз өміріміздің қымбат бөлігі қанымызды үнемі уландырып келеміз.

Біздің қанымыз табиғатында сілтілік реакцияда болуы шарт. Бас аурудан бастап, бөртпе, безеу пайда болып, іріндеңен қышыма шығуы қарапайым тұмау сияқты аурулар қышқылданудан пайда болады. Ал, ол өзіндік уланудың салдары. Қанымыз аса ласталған жағдайда абайсызда бізді бас салуға мүмкіншілігі дайын тұрған, өзімізді ауру ететін микробтардан қалай сақтанамыз. Біз микробтарға құнарлы ортаны өзіміз жасап, өз үйіндей сезініп, өсіп-өнуіне, ағзаларды қырып-жоя беруіне мүмкіншілік туғызамыз.

Қышқылданған қанды қалай бейтарап қалдыруға, қалай тазалауға болады? Жауап: өзіндік улану біліне сала қанды сілтілік қосындыларымен қанықтыру керек. Үш-төрт күн ашығып, сонынан сілтілік тағамдарға көш, қышқылы мол тағамдардан бойынды аулақ ұста. Ал, қандай өнімдер сілтілік реакциялы болады? Әсіресе, жаңа көкөністер, жеміс-жидек, жасыл (аскөк, акжелке, пияздың сабағы) қосылған салаттар сілтілік реакция береді. Тағамдардың ал-пыс пайызы көкөністер мен жеміс-жидек, шикі, жаңа дайындалған болуы керек.

Тамақ алдында үнемі салат же, шикі болғаны жаксы. Уланған әлжуаз адамдар көкөніс пен жеміс-жидекпен қоректенуден бас тартады. Денсаулық үшін сілтілік көкөніс пен жеміс-жидек таптырмайтын тағам. Алдымен өзін-өзі күштеп жей берсе, уы шығып сонында сілтілі тағамдармен тамақтануға көnlі ауатын болады. Асыра жеумен өзінді-өзін уландырма, асыра жеу мезгілсіз өлтіреді.

Қандай өнімдер қышқыл болады? Негізінде көмір-сүтегі, кофе, шай, спиртті ішімдіктер, ұннан жасалған тағамдар, ет, балықтар жатады. Бұл өнімдерді жеуге тыйым салудың, тіпті, жартылай шектеудің өзі адамға корқыныш туғызыды.

Егер өмір жасынды ұзартқың келсе, көп нәрсе жасауға тұра келеді. Ең ақырында, бұрын сізге қорқынышты болып көрінгендер есте ғана қалады. Жана мақсат бұрын-ғымен салыстырганда қаншалықты қыын сияқты көрінсе де іске сәт деп ойладап, кіріспіп кетсөніз, мәселені шешу тым онай.

Негізінде жеміс-жидек, көкөніс, салат, жаңғақ, күнбағысты талғау етіп, диета ұстану тіпті де қыын емес. Шынында, жас жеміс-жидек, салат, көкөністердің тізімі көп және әртүрлі. Осыларды мол қолемде дайындалу ешкім де жоққа шығармайды. Жаңғақ және барлық дәнді дақылдар сіңімді, дәмді. Азғантай құырылған жер жаңғағы мен бадам жемісі, күнбағыс пайдалы. Егер сіздің дененізде қышқылдың артуы білінсе, тек осы азық-түліктерді молырақ пайдаланып, тіпті, ашығумен үйлестіру дұрыс.

Егер сіз ет кана пайдаланатын болсаныз, оны аптасына екі немесе үш рет жеумен шектелініз. Шамалы әлсіреп, бей-жай бола бастасыңыз сілтілік тағамдарға көшініз. Оның белгілері: бас ауру, локсу, көздің алды бұлдырау, ыңғайсыз дәм сезіну, әлсіздік, ойлау қабілеттінін босансуы. Әрине, бұл белгілер аса қауіпті емес. Егер бауырың сыр берсе, ет пен май, қанттан бас тартыныз. Басқаша айтқанда, сіз осының бәрі-бәрін табиғи қүйінде, яғни жеміс-жидек, көкөністерді пайдаланыңыз. Жаңғақ, күнбағыс, жер жаңғағы ақуызға бай, 3-4 күн ашық. Ашыққан кезде тек буға айналдырган су іш. Бұл өте пайдалы. Ашығу біткен соң тек көкөністерден дайындаған тағам женіз.

Улы қышқылдардың кристалы (қатты дене) денеде қалай пайда болады? Біздің денеміз күнделікті өмірде пайда болып отыратын улардан одан өзінің төрт жүйесімен тазалап, құтқарып отырады. Біз өмір сүру үшін тамақтанамыз, сүйіктармен сусындеймиз, ауамен демаламыз. Көпшілік адамдар тамақты үйреншікті дағды бойынша шегінен артық жейді. Қебінесе майлы ет, жұмыртқа, ақ нан, қант, вафли, көмпіт жейді, ішетін арак-шарабы тағы бар. Әлгі көп асты

қорытып, сініруге, мұндай мол тағамдардың қалдығын сыртқа шығарып тастауға тіршілік қуаты жетіспейді. Олар жылжып, қозғалып тұратын буындарға шөгеді. Бұл өте баяу жүретін процесс. Дұрыс тамақтанғанда білмеудің салдары көп жылдардан соң буындардың әлегін шығарып, көнілсіздік туғызады. Буындағы шоғырланған қышқыл кристалдар кальциймен қанығып, буын арасындағы сұйықтарға кедергі жасайды, ауыртады, қозғалысы шектеледі. Алдымен аяқ зардап шегеді. Дененің басқа бөлшектерімен салыстырғанда табанда қозгалатын 24 ұсақ сүйек бар.

Мұнда кристалдардың орналасуына мұмкіншілік мол. Буындар ақырынданап иілгіштік қасиетінен айырылып катаяды. Онымен қоймайды, табаннан өрлең тізенің буынына түсіп, отырып тұрғанда ауыртады, қозғалысты шектейді. Соңан соң ұршыққа жетеді. Адамзаттың карғыс атқан азабы – белде. Белінен ауырмайтын адам аз. Орта жастың адамдары отырып-тұрғанда, еңкейіп-қайқайғанда азап шегіп жүргенін білдіріп алады, ыныранып қалғанын да естіп қаламыз. Улы қышқыл кристалды белге тоқтамайды, ол омыртқа жотасымен өрлейді, иық іініне, иыққа, шынтаққа, мойынға, білезікке жетіп, саусактардың буын-буынын қуалайды. Қайсыбір адамдардың уланғандығы соншалық жұдырығын түйе алмайды, басын онға, солға бұра алмайды.

Көп уақыт машинамен жұрсе де арқасы ашиды, белі үйіп отыра алмайды. 24 – 36 сағат, 3 – 7 – 10 күн тамак таттай ашыққанда денеде сауықтырушы қүш пайда болады. Бұл қүштерден жатыр. Тек буға айналдырып алған су ішіп, толық ашығуға өткеннен кейін тазарту процесі басталады. Ашығу – бұл ішкі терең тазарту, физиологиялық тынығу, тіршілік қуатын нығайту.

Ашығу – бұлжымайтын ғылым. Ашығу – сактану түсігі арқылы алғашқы адамдар мен жануарлардың қашаннан бері өзін-өзі емдеу әдісі болған. Ашығумен бірге шөптен жасалған дәрілер арқылы дененің қуатын арттырып, қабынуға карсылық көрсетуге болады. Ашығу – аурудан сактану, барлық аурумен күресіп қана қоймай, жанама зардабының жоқтығымен де ерекшеленеді. Ол – денені табиғи тазарту жолы. Ауру және жаракаттанған жануарлар коректенуден бас тартады, өйткені оның сақтану түсігі, өзін-өзі емдеу әдісі күшті. Ондай жағдайда тіршілік қуаты (әдетте ас

корытуға жұмсалады) жаракттанған, не ауырған денеге шоғырланады және зиянды заттарды сыртқа шығаруға, денені тазартуға жұмсалады. Ашығып сақтану түйсігінің күштілігі сонша осы заманғы өркениетті адамдар арасында да маңыздылығын жойған жок.

Ұлы адамдар ашығуды ерекше бағалап, қырық құн судан басқа дәм татпай, ораза ұстаған. Жүйелі түрде ашыққан адамның ақыл-ойы артып, ғылымға терең бойлап, тіршіліктің жасырын сырын ашу қабілетіне ие болады. Санаалы түрде табандылықпен ашықсан, рухани, ақыл-ойынды жетілдіреді. Оқығаның есте қалып қана қоймай, кітапты колына ұстап оқып отыргандай боласын. Үш күндік аштықтан кейін ой түбіндегі ақыл-ойдың пердесі ашылғандай сезінесін. Көніл қоюды талап ететін маңызды мәселе қарапайым болып қалады.

Еске сақтау қабілетін ұстараның жүзіндегі өткірленеді. Бұдан көп жылдар бұрынғы оқиғаның қай жерде, қашан болғанын, адамдардың атын еске түсіре аласын.

Сөйтіп, ашығу денені тазарту, ойлау әрекетін жақсарту және рухани күшею сиякты үш бағытта әсер етеді.

Ми естігенін еске сақтап, жана білім, ғылыммен қарула-на береді. Өмірдің тағы бір қызығы – тату-тәтті тыныштық орнап, ішкі сезімнің байсалдылығы артады.

Асқазанның құлы болма. Қыдырыстап, қонаққа шақырылып, ішіп-жегенді есептемегенде, көпшілік адамдар таңертен, түсте, кешке үнемі бір мезгілде жүйелі түрде үш рет тамақтанады. Аш-тоқтығына қарамай, бишара денесі артық жеген, ең қауіптісі жаман аспен тамақтана-тындығында болып отыр. Сондықтан да денсаулық мәселесі туындағы беретіндігіне таң қалудың қажеті жоқ. «Адам пышағы мен шанышқысы арқылы тірісінде өз көрін өзі қазады» деген қанатты сөз тағы бар. Көпшілік адамдар асқазанына демалыс бермейді. Олар ас қорыту, сыртқа шығару жүйесіне үнемі салмақ салады. Осының салдарынан ас қорыту бездері, асқазан, бүйрек, қан айна-лымы, ішек құрылысы саптан шыға бастайды. Ақырында бүкіл дene қалыпты қызметінен айрылады. Ашығудан кейін бұрынғыдай үйреншікті артық тамақ жеу қажетсіз болып қалады.

Ашыққан кезде асқазанның көлемі кішірейеді. Бұрын-ғыдан екі есе аз тамақтансаң да өзінді артықша сезінесін,

көрнекті көрінесін. Өзінді-өзің осы қалыпта ұстауға үмтүл. Ескі әдетпен сорпаланып, жұз грамдатып жатып алма.

Күніне үш рет дәстүрлі тамақтану арасында аузына тіске басар салма. Оның орнына аптасына бір рет 24 сағат, мезгіліне 3-4 тәулік, не жылына 7-10 күн тамақтан бас тартып, ашығып, әдеттенсөн сол пайдалы. Ал жылына 20, 30, 40 күн ашықсан да еркін. Карт адамдар үшін 1, 3, 4, 5 тәулік ашығу жеткілікті. Жасынан ашығып әдеттеніп, үйренбекен картқа ауыр болуы мүмкін.

Ашығуды бірте-бірте жүйелі түрде дағдыға айналдыр. Сөйтіп сабырлылық, байсалдылық, канагаттылық, имандылығың мен төзімділігің қаншалық дәрежеде екенін сынап көр. Ашығып жүргенінді шамаң келсе басқа жанға білдірме. Олардың ішінде, адал жолдан тайдыратын үгітші көп. Ондай білімсіздердің сөзіне құлақ салма. Олар сені сынаиды. Арак та ұсынады, қорқытады да. Арамдық пен адалдықты ажыратаба біл. Азғырушылардың тіліне еріп азба. Ашығу әркімнің өз басының ісі. Өзіңе қажетті ісінің әділдігіне сенімді бола біл. Сенбесен жолама. Сенімсіз дүние бос.

Табиғаттың сыналған даналығы: **тазартуышы, жаңартуышы, жасартуышы** күшіне сенім арт. Сонда ғана табиғат сені ауру-сырқаудан құтқара алады. Егер табысты ашыққың келсе, дененді ақылмен басқара біл. Ақылы жоқтың қайрат-жігері де жок. Осы айтылған кенестерді оқып шыққаннан кейін ашығу жоспары, өміріне жана сапа береді. Немесе ақыл-ой ақылсыздықтан биік орынға шығады. Белгілі уақытта тамақтанып әдеттенген адамның ақыл есі мықты. Тоғышар үйқыдан ояна сала тамақтанаады. Асқазан бастаушы, ақыл-ес оның тілегін қостаушы болып қалады.

Шартты рефлекстің нәтижесінде асқазан қашан да уақытында тамақтануға құмар. Ашығып үйренген адамдар үшін Таңертенгі тамақтанудың мәні жоқ, ұйықтап жатқанда дene демалады, қуат күші жұмсалмайды. Таңертен ояна салып, демалып жатқан асқазанды көп тамақ ішіп-жеп неге салмақ саламыз? Сондықтан тұра салып тамақтанудан бас тартып, шамалы уақыт үй шаруасымен айналыс немесе таза ауада серуендерп жүріп кел. Таңертен тамақтанудың тағы бір кері себебі, түнде демалып жатқанда жиналған

қуат күші тамақты қорытып, сініруге кетеді. Таңертең ақыл-ой, рухани және білек күші ең жоғары деңгейде тұрады. Сондықтан үлкен жасампаз күшті дәл осы уақытқа жұмсаған абзал.

П. Брэгг өзінің тамақтану режимін төмендегідей баяндайды. «Елу жылдан көп болмаса аз емес, мен таңертең ас таттаймын. Ерте тұрып, тауға шығып, төмен жүгіріп түсемін, мұхитта қысы-жазы жүземін.

Мұхит жағасынан алыс кетсем, жаяу арбамен бірнеше сағат серуенде үйге келемін. Өзімнің алдағы окуға тиісті дәрістерімді, газетке беретін мақалаларымды жазып бітіріп, сағат 11 шамасында аздап жеміс-жидек жеймін, сағат 12-де тамақтанамын, жас салаттан бастаймын. Оның негізі сәбіз бер қырыққабаттан тұрады. Оған шикі қызанақ, шалғам, сельдерей, бүршак қосамын» дейді. Жанғактардың барлық түрін немесе аскабақ, күнбағыстың тұқымын жейді екен.

Жоғарыда аталған табиғи тағамдарды сініру үшін ас-қазан аскорыту сөлін шығаруға дайын болады. Табиғи тағамдар қандай дәмді! Аскорыту сөлі тамаша жұмыс істеп, ішектің тазаруы толығымен ішіп-жегеніңе сәйкес-тенеді.

«Аптасына 12 рет тамақтану (бір тәулік ашығамын) жоспары денемді ауырлатпайды, сондай-ақ әлсіретпейді, осының арқасында ішектерімді нақтылы жұмыс атқаруға үйреттім, – деп жазады П.Брэгг. – Үлкен дәретім сұйық, ішім қатпайды. Екі рет тамақтанудың арасында алма және ананастың бірнеше тілімін жеймін. Қауын, қарбыз піскен, күн ыссы кезде онан да бір-екі тілім кесіп жеп, бой сергітемін».

Дененің тазалығын сақтау мерзімінен бұрын картаю мен ауру-сырқауға ұшыратпайтындығын түсінбейтін ештеме жоқ. Бұл – жаман әдеттерге қарсы жазалау, дәлірек айтқанда дene мүшелеріне қоқыстар шамадан көп жиналғандықтан, аскорытуға күш қуаты жетіспегендіктен ол тек миллиардтаған жасушаларды уландырады. Дененің тазалығын сақтауға қолдау көрсете алмағандықтан, ауруға шалдышады.

Денсаулықтың сыры мен ұзак жасауды үш-ақ сөзбен түйіндеуге болады. Дененді тазарта біл! Денені тазарту мен жасартудың бірде-бір амалы – ашығу. Оның артықшылығы

сол, бұл табиғи амал, жасанды емес. Біреу үшін біреу мұны істей алмайды. Бұл өзіннің жеке басына байланысты. Ол өзіннен күш-қайрат қана талап етеді.

Ашығуға шубәланбасан, ол тек пайда береді. Шұбасыз болсаң ашығуға дайынсың. Сана мен түйсігің тазарту тілегін менгеріп, сенген болсаң табысқа қол жеткізесін. Сен неге сенсен, барлық жасушаларың да ашығу жақсы жағдай жасайды дегенге сенеді. Сөйтіп, әрбір жасуша сенің бүйрығынды орындауға өзір. Ешқандай нәр татпай, тазартылған су ішіп қана 24 сағат ашығудан баста. Егер жеміс-жидек жеп немесе шырының ішсөн де, көкөніс шырының ішсөн де жеміс-жидек шырын диетасына айналады. Ол ашығу емес. 24 сағат ашыққанда тазартылған, не қайнаған су ішіп басқа ешнәрсе татпасаң улы заттардың қалдықтары денеден сыртқа шығарылады. 24 сағат ашыққанда артықша күтінудің қажеті жок. (Тіпті 3-7-10 күн ашыққанда да сол) дағдылы қалпынды сақтай біл.

Алғаш ашыққанда қайсыбір адамдар өздерін қолайсыз сезініп, асқазаны мазалауы мүмкін. Егер ақылсыздықты жену арқылы сананы сендіре алсан, барлығы ойдағыдай өтеді. Ашығуға қызығушылық тудыр. Ашыққан кезде кездесетін қолайсыздықты елеме, менсінбе.

Сана асқазанның қостаушысы болып қалмай, асқазанды сананың басқарғаны жөн.

Қанша күн ашығуға болады? Бұл сұрақты алғаш ашыққан адамдар қояды. Алғаш ашыққанда 24 сағат ашығып бастау қажет.

П. Брэгг: «Ашығу – денені тазарту өдісі. Ол ғылыми жолмен жүргізлуі тиіс. Сондыктан ашыққан адам дәрігерлердің не көп жыл ашығып үйренген тәжірибелі адамдардың қарауында болғанын қалаймын» – дейді.

Г. Малахов: «Адамзат дүниеге ғылым, білім пайда болмай тұрғанда, аурухана, дәрігер жоқ заманда, әркім өз үнгірінде ешкімнің қарауынсыз-ак ашыққан. Адам өзін-өзі саналы түрде басқара білсе, дәрігерсіз-ак ашығуға болады» – дейді.

Кейбір ғалымдар денені толық тазарту үшін 10-20 күн ашығу пайдалы десе, П.Брэгг «Осы заманғы өркениетті адамдар өте нәзік. Мен ұзақ уақыт ашығуға қарсымын себебі: дұрыс тамақтанбағандықтан, денеге жиналған улардан басқа экологиялық жағдайларға да бай-

ланысты. Ауа мен судағы химиялық қалдық, улы газ, тұздар, сондай-ақ ауыра қалсақ уыс-уыс дәрі ішетініміз тағы бар. Осының барлығы жиналышпен дененің жасушала-рында қордаланады. Сондықтан ұзакқа созылған ашығу теорияда болады. Ал өмірде кажетсіз – деп есептеледі. Апта сайын 24–36 сағат ашыққанда да дene тазарады. Осы аз уақыт ішінде тек ауызға таза судан басқа дәм татпаса жетеді».

Жоспар бойынша табиғи ішіп-жеммен тамактанып, ұзак өмір сүріп, тіршілікке қабілеттілігін сақтаймын десе, 3-4 ай апта сайын 24 сағат ашығып, дайындық жасап болған соң үш-төрт тәулік ашығуға өткен жөн.

Апта сайын 24 сағат ашығуды жалғастыра отырып, үш-төрт айдан кейін жеті тәулік ашығуға болады. Осы кезде денедегі улы қалдықтар тұздардан тазарып та қалады. Алты ай аптасына бір тәулік ашығып тазартылған дene жеті күн ашығуға ешбір қыыншылықсыз барады. Алғашқы жеті тәулік ашығу ғажап, танқаларлық нәтиже береді. Ашығу тәжірибесіне қарағанда: жобаға сай акылды жүргізілген ішкі тазарту сізді бақытқа бөлейді, өмірініздің ажырамас бір бөлігіне айналады.

Денеде біртіндеп болып жатқан өзгерістерді бақылап отырсан, жанынды ұлken шат-шадыман қуаныш билейді. Өмір сүрудің дұрыс жолына түскенінді сезінесің және күн сайын жетіле түсесін. Ашыққан сайын ашыға бергің келеді. Неше күн ашықсан да өркімнің өз еркі. Бірак негізгі ұстанатын жолы жоғарыда жазылғандай. 10 күннен кейін 15–20–30–40 күн ораза ұстанғандай ұстауга болады.

«Өзім туралы айтсам, апта сайын 24–36 сағат, үш-төрт ай сайын 7–10 күннен жылына 4 рет ашығым мен үшін жеткілікті», – деп жазады П. Брэгг. Сонда аптасына бір тәулік үнемі ашығып отырды дегенде жылына 52 тәулік ашығу да аз емес-ау. АҚШ пен Англияда 30, Германияда 21 күн ашығатын көрінеді.

Шет елдерде АҚШ-та, Мәскеуде ауру адамдарды ашықтырып емдейтін ұлken клиникалық ауруханалар бар. Онда жоғары білімді маман дәрігерлер, тәжірибелі ғалымдар жұмыс істейді. Ашығу – ғылым. Сондықтан оны білу керек. Білу үшін оқу керек. Сөйтіп, өзін-өзі ашықтырып емдейтін адамдар да молая түсуде. «Салауатты өмір сүріп, дұрыс та-

мактана білсе, аз уақыт ашығуға сенемін», – дейді екен П.Брэгг. Білікті адамдардың көпшілігі аз уақыт ашығу көбірек пайдалы деп санайды.

Мүшелердің ғажабы – екі бүйректің әрқайсында миллиондаған пайдалы қызмет істейтін сұзгілер бар. Дене ашыққанда бүйрек уларды сыртқа шығарады. Барлық тіршілік қуаты және сезім энергиясы мұлтіксіз жұмыс істейді. Өйткені олар асты шайнап, қорытып, сініруден дамылдап жатыр. Тіршілік қуаты уды бүйрек арқылы шайын шығара бастағанда көніл күйінде жақсарғанын байқаисыз.

Бір тәулік ашығып-ақ денені тазартуға болатындығын түсінгеннің өзі маңызды. Ашығу кезінде адамгершілік рухынды жоғары сактап, аурудан ада болған қартаймайтын, шаршап шалдығуды білмейтін дene жасадық. Өзінді-өзін есіркеушілік пен басқа да құты қашқан көніл-күйден құтылдық. Ашыққан кезде күн сайын қайталап оқы:

- мен бүгін денемді табиғат қолына тапсырдым. Мен ішкі тазару мен жанаруды Алладан өтінемін;
- ашыққан әр минут сайын қауіпті уларды денеден қуып тастаймын. Ашыққан сағат сайын бақытқа бөлене беремін;
- сағат сайын денем өзін-өзі тазарта алады;
- ашыққанда мен адамзаттың ұлы ұстаздарының ғасырлар бойы пайдаланған физикалық рухани және ақыл-ойдың тазалануын іске асыратын әдістерінен тәлім алдым;
- мен ашыққанда өзімнің хал-жайымды толық билеп бақылай аламын. Ешқандай жалған сезім ашығуыма тосқауыл бола алмайды. Мен табиғат күшіне сенемін. Сондықтан ашығуды да табысты аяқтай аламын.

Осындағы сөйлемдерді қайталаумен дененің әрбір жасушасын басқара аласың. Басқару – түйсік арқылы жүргізіледі. Мен сондықтан тағы да қайталап айтамын, ашығу туралы пікірді достарынмен де, туыстарынмен де талқыламауға шақырамын. Ашығу әркімнің жеке басының ісі. Денеден у шығып жатқан кезде өзінді қолайсыз сезінетінін де болады. Сол кезде өлті сөздерді қайталап оқысан «барлығы сәтті өтеді».

Ашығуга жаттығу. Кімге ашығуға болмайды? Егер адам

дербес жолмен ашығамын деп шешсе, оны неден бастау керек? Кез келген теориялық дайындықтан бастауды керек. Адам өзі шұғылданғысы келіп қызыққан затты білу үшін ол жөнінде ақпарат алуы тиіс. Ашығу туралы ғылымның ірі білімпазы Г.А. Войтовичтен үйде жатып ешкімнің көмегінсіз ашығуға бола ма деп сұрағанда: «Өткен заман өркениетінде аурухана болмаған. Сондықтан жалпы емдеу үй тұрмысында жүргізді», – деген. Ашығып емделуге болмайтын аурулар бар ма? Медицина практикасына сүйенсек, тәменгі жағдайларда: екіқабат өйелдер екінші кезеңінде және омырауда баласы болса, туберкулез, зиянды ісік ауруы, сондай-ақ қаннның зиянды науқасқа шауып, аскынyp, төсек тартып жатып қалған кезеңдерде ашығуға болмайды.

Ашығудан шыгу жолы. Ашығып біткеннен кейін бір шайнам наннның қатты қабығына сарымсақтың бір бөлігін алыш, жақсылап үйке, сонын шайнап-шайнап ауызында суға айналған соң түкіріп, төгіп таста. Енді үккен сәбіз бер тураган капуста жапырағын буға ұстап пісір. Піскен соң лимон мен апельсиннің бірінің шырынын қысып, бір қасық толғанда әлті піскен салатпен араластырып же. Екінші кезекте суға қайнатылған көкөніс же. Ол бұқтырылған томат болса да болады. Осыдан былай тамағына тұз салғызбауды ұмытпа. Оның орнына сарымсақ ұсақтап қос.

Ауыз ашарға сәйкестіріп бидайды жуып, тазалап, күн түсетін жылы жерге қойып қойсан, 2-3 күнде көгеріп, өнебастайды. Дәл осы кезде ет үккіштен өткізіп, көже істеп ішсен, жел-кұзы бар адамдарға таптырмайтын тағам. Бұқтырылған қызанакты ақ нансыз жесен қышқылданбайды. Ерекше ескеретін нәрсесе: ашығудан шығуда немесе ауыз ашқанда ет, май, балық, сүт, жаңғақ, жеміс тұқымдары, сыр (ірімшік), жұмыртқа жеуге болмайды. Екінші күннен бастап жаңғақ, жеміс-жидек жеуге боллады.

24, 36, 42 сағат ашығуды дұрыс өткізу туралы. Бұғын таңертен (сағат 7-8 кезінде) үгілген сәбіз бер қырыққабаттың салатын жеп тамактанғаннан кейін ашығуды де-реу баста. Бұғінгі кешкі астан ертеңгі кешкі асқа шейін ашығуға болмайды. Кешке ішіп, жеген тағам тан атқанша ашығудың пайдасын бұлдіреді. Бұл деген ас қорыту ағзаларының биоырғағына қайши. Ашығу кезінде суды қай-

натып, тек булап алынған таза су немесе мұзды ерітіп іш. Судан басқа нәр татпа. Несебінді ішуге болады, минералды газдалған су ішпе. Әлжуз шыдамсыз адамдар тамак ішкісі келе берсе (алғаш және соңғы рет), бір стакан таза суға кішкене қасықтың үштен біріне тең бол қосып немесе кішкене қасықты толтырып, лимон шырынын қосып ішсе болады.

3, 7, 10 күндік ашыруды қалай өткізу керек. Үш күн, үш күннен де ұзақ ашығатын адамдар үшін қолайлыш орта болғаны жөн. Денеден у шыға бастағанда колайсызық басталып, бас ауру, әлсіздік білінуі мүмкін. Осы кезде жатып демалатын мүмкіндік қажет. Төсекте денедегі у шығуы токтағанша жату дұрыс. Кітап оқып, теледидар көру, радио тыңдаумен шұғылданудың қажеті аз. Тіпті адамдармен әңгімелесудің де қажеті жоқ. Бұл уақытша көрініс, уы шығып біткен соң жоғалады. Қайталап ескертіп айтамын, ұзақ уақыт ашыққанынды өзінен басқа кісі білмесін. Алдына қойған мақсатыңа, сеніміне денеде ашыққанда болатын ғажап өзгеріске басқалар теріс, көнілге келетін әңгімелерімен кедергі жасайды. Соңықтан да П. Брэгг өзі тауға ағаштан кішкентай үй салып алған да, ұзақ уақыт ашыққанда үнемі сонда болған.

П. Брэгг: «Ашығар алдында және ашыққан кезде ішекті сумен шайып, тазалауға сенбеймін. Ашығып біткеннен кейін ішек қалпына келіп, өзінен-өзі жұмыс істейді, сондықтан табиғатқа күш қолдануға болмайды, ішекті сумен шаю табиғатқа жат» – дейді. Жапония ғалымы К. Нишиден бастап, қазіргі заман ғалымдарының көбісі ішекті сумен шаю қажет деп санайды.

Жеті күн ашыққанда ақсазан және барлық асқорыту жолы бүрісіп кішірейеді. Ашығу басталудың жетінші күні кешке 5 сағат шамасында көлемі орташа 4-5 қызанақты ыстық суға салып, қабығын дереу сыйдырып таста. Суытып қойып, жегің келгенде же. Сегізінші күні танертең сәбіз бер қырыққабаттан салат жасап, апельсиннің жартысының шырынын сығып, салатпен арапастырып же. Артынан аздап бұқтырылған көк шөп, бір-екі кішкентай тостаған көктеген бидайдан қою көже жасап іш. Сонынан ішे алғаныңша тазаланған су ішे бер.

Тұсқі тамаққа да үгілген сәбіздің салаты мен тураған сельдерей және қырыққабатты апельсин шырынына бұлғап


же. Салаттың артынан екі көкөністен, жас қырыққабат пен асқабақ, сәбіз немесе жасыл бүршақ қосып, суға қайнатып же.

Тоғызыншы күні жаңа жемістен баста (ананас, апельсин немесе алма). Бұған қосымша екі ұлкен қасық көктей бастаған бидайдан жасалған шелпекке бір ұлкен қасықтан көп емес бал қос. Күндіз үгілген сәбіз, туралған қырыққабаттан салат же. Бір табақ көкөністен жасалған ыстық тамақ іш. Кешке салат жапырағы мен томат, екі түрлі көкөніс жесең жетеді. Ашыққаннан бастап 10 күн өткен соң көкөністен жасалған жоғарыдағыдай тамаққа қосып, сөктен сорпалы тамақ жасап іш. Сөйтіп 3 күн тамақтан. Осы күндерден бастап қосымша жаңғақ жеу орынды.

ДЕНЕНІ ТАЗАРТУ. ТОҚ ШЕК

Адамның сыртынан гөрі ішінің лас болуы өте қауіпті. Таза киініп, денесін жыуп, хош иістеніп жүргенімен, іші былығып жатса, денсаулығына кері әсер етеді.

Біз тоқ ішек туралы осы заманғы ғылыми жетістіктермен танысып көрелік. Тоқ ішек асқорыту жолының ең соңғы бөлігі және ашы ішектің ұшынан тік ішектің бітетін тесігіне дейін созылып жатыр.




1-сурет.

- 1 – құрт тәрізді өсіндісі бар соқырішек; 2 – жоғары бөлігі; 3 – он жасақ іін; 4 – калденең ішек; 5 – сол жасақ іін; 6 – төмен бөлігі; 7 – сигма тәрізді ішек; 8 – көтөн ішек (тік ішек деп те жүреді); 9 – құрт тәріздес ішек (ауруын соқырішек деп те жүрміз); 10 – аңыз ішектің тоқ ішекке қосылатын жері

Тоқ ішектің әртүрлі бөлігінің жуан, жінішкелігі де әртүрлі. Соқыр ішектің жоғары бөлігі 7-8 см, сигма бөлігі 3-4 см, тоқ ішектің қабырғасы 4 қабат. Иш жағы шырышты қабықшамен қапталған, ол сілекей шығарады, тоқ ішектің қабырғасын қорғайды, оның ішіндегі заттардың козғалуына мүмкіндік береді. Шырышты қабаттың астында шел май жатады, мұнда лимфа және қантамыр-

лары өтеді. Оナン сон бұлшық ет қабаты; шығыршық тәріздес және бойлық бұлшық ет деп екі қабаттан тұрады. Сырты сероз қабық-шаларымен жабылады.



2-сурет.

1 – бауыр; 2 – асқазан; 3 – от; 4 – үйқы безі; 5 – бүйректер; 6 – тоқ ішек; 7 – құық;

Тоқ ішектің атқаратын міндепті, қызметі әртүрлі. Мұнда глюкоза, дәрумендер, аминқышқылдары сінірледі. Ішек қуысындағы бактериялар 95 % су мен электролиттер түзеді. Сондай-ақ ацы ішектен тоқ ішекте күн сайын 2000 г. тамақтың сүйік ботқалары (химус) өтеді. Сініріп біткенде 200-300 граммдай тастанды калады. Тоқ ішекте сыртқа шықканша тастанды қалдықтар қордаланып жиналады. Тоқ ішектің ішіндегі тастанды заттарды айдан шығарудан гөрі, кідіріп ұстап қалу міндептіне талдау жасап көрейік. 24-34 сағат үлкен дәретке отырмауды – іш кату дейміз. Тілін ақ өңез басқан, тыныс алуы іісті, басы ауру, бас айналу, үйқы басу, іш кебу, іштің тәменгі бөлігі ауру, ішек шұрылдау, тамаққа тәбет шаппау, түршігу, құштемесе шықпайтын қатты құмалактау – осының бәрі іш катуының белгілері, іш катудың ең бір үлкен себебі: жогары калориялы ет пен нанды қосып, аз көлемде жеу.

Ашықканда наң мен ірімшік (сыр), шұжық қосып жеп, шай немесе кофе ішіп жүре беру сияқты ақылсыз үйреншікті дағды. Бүйтіп аз көлемде жеген тағамнан ішекте аз ғана тастанды қалдықтар барады да, олар ішектің айдан шығару рефлексін қоздыра алмайды. Сөйтіп, адам бірнеше

күн үлкен дәретке отыра алмайды. Бұлар іш катудың ашық белгілері.

Алғашқы және соңғы жағдайларда тоқ ішекте іріп-шіріп, ашу процесі жүреді. Осы процестен шыққан өнімдер сумен қосылып, қантамырларына өтеді. Қантамыр арнасында «кіші ішектің өзіндік улану» деп аталатын улау көрінісі пайда болады.

И.И. Мечников: «Адамдардың ұзак жасауына «өзіндік улану» кедергі келтіретін тәжірибеде дәлелденген. Адамның ішегінен іріп-шіріп ашыған өнімді алып, жәндіктердің қанына жіберіп, тәжірибе жасап көргенде қолқасында беріш пайда болған. Осы айтылған «өзіндік улану» төмендегідей жағдайларда пайда болады. Аз козғалатын адамдар, қуырылған тағам, ак қант, шоколад, қайнатылған жоғары қысыммен дайындалған тағам, вафли, кәмпіт, ете майлы ет тағамдары, май, мұнай өнімдерінен алынған майлар жатады. Бұларды қөкөніс, қек шөпті қосып пайдаланса да денсаулыққа зиянды. Тоқ ішектің қабырғасы 1-2 мм жұқа болғандықтан, ішек-қарыннан оңай өткен у жақын жатқан бүйрек, бауыр мен жыныс мүшелерін закымдайды.

Жас қант қызылшасының 1-3 қасық шырынын ішіп көр. Сонынан несебін қызыл-қоңыр түсті болып шықса, шырын кабаты өзінің міндеттін сапалы орындан алмайтын болғандығы. Сондай-ақ осы қабырғалар арқылы улар өтіп, қанға еніп, бүкіл дененді аралайтын болғандығы. Бұл – денеміз микробтардың би аланына айналғандығын білдіреді.

Әдетте қырық жасқа толған адамдардың ішегі тастай қатайған нәжіспен лық толы болады. Ол босап, созылып,



3-сурет.

Патологиялық тоқ ішек. Сызып көрсетілгені – жатып қалып, масқа айналған нәжістер (қаспак).

пішіні өзгеріп, мыжылып, құрсақ қуысындағы ағзаларды да өз орынан қозғап, ығыстырады. Осы орындар бір нәжіс салған дорбаға батырып қойғанға үқсайды. Ондай ағзалар қалай қалыпты жұмыс істей алады?

1-суретте тоқ ішектің қалыпты жағдайда қалай болатындығы бейнеленген. 3-суретте тоқ ішекті тіліп көрсеткендегісіне қоңіл аударып көр. 100 пайыздың 99-ы ластанганын көрсетеді. Нәжіс ортасында аздал көрінген санылау-куыс қалғанына 20 жылдан асып кеткен.

Немістің атақты дәрігері 280 өлікті жарып көргенде 240 жағдайда 3-суреттегі осы бейнелеуге үқсас қоріністі көрген. Лондонның бір дәрігері бір өліктің ішегін тіліп көргенде 10 кг қатып қалған нәжіс шыққан. Сол қатып қалған нәжісті былайғы жұртқа көрсету үшін үлкен шыны ыдысқа салып қойған. Ол күні бүтінге дейін спиртте сактаулы екен. Қайсы- бір хирургтер көлденен ішекті тіліп көргенде 70 %-ында көп жылдар қатып қалған қоқыстар, ақ құрттар, т.б. заттарды байқаған. Бұл тазартуды қажет етіп, тұтін шықпай тұрған пештің мойнына үқсайды.

Д-р Ламур: «Адамзаттың ауыр наукастан азап шегуінің 90 %-ның негізгі себебі: іш кату, нәжістің шықпай тоқтап қалуынан болатынын сенімді түрде айта аламын» – дейді.

Д-р И.И.Мечников: «Адамзат табиғатын тану» – кітабында 1180 ректан өлген оқиғаға талдау жасағанда 1022-сі ішектің рагы немесе 89 %-ы тоқ ішек рагы екен.

Тоқ ішек қабырғасының басылып, сығылуынан және ұзакқа созылған қатайған нәжістермен ішек қабырғасының жанасуынан (тас болып қатып қалған нәжіс кейде бір орыннан қозғалмай, қасындағы ағзаға жабысып тұрады). Содан қысылып қалған ағзаның осы жерінде қан айналымы тоқтап қалғандықтан, іркілген қан тас нәжістен шыққан удан ула-нады. Соның салдарынан тоқ ішектің шырын қабатының закымдануы әртүрлі ауру-сырқауға душар етеді. Қысылған қаннның іркілуінен – геморрой және көк қантамырларының іші кенеюі бір орында ұзакқа созылған удың өсерінен түймешік (полип) және қатерлі ісік пайда болуы да ғажап емес. Бұл жайт 1980 жылғы «Факультет здоровья» журналының 9-санындағы профессор В.П.Петровтың макаласында толық көрсетілген.

Халық емшісі Н.А. Семенованаң дәрісінен үзінді келтірсек: секунд сайын денеге енген у ішектің қабырға-

сындағы кедергіден өтіп, қанда айқын шоғырланған қокыстарды туындалады. Адамдардың тастанды қоқыстарды ерткіш май мен суды денесіне тоқтататын қасиеті бар. Ондай адамдар ісініп, дene көлемі үлкейіп кетеді. Біз оны семіріп кетіпті дейміз. Екінші жартысы ішегінің қасиетінің мүмкіншілігіне байланысты, зат алмасуы айқын жолымен тастанды қалдықтарды ерткішті тоқтата алмай, қатып-семіп қалады. Халық даналығы табиғаттың бұл көрінісін бағалағанда: «Жуан қуарғанша, арық мүрдем кетеді» немесе «жуан созылғанша жіңішке үзіледі» дейді. Екі типтің екеуі де іште қатып қалған тастанды жиналып, іш қатудан уланғандықтан зардап шегеді. Улану кішкентай кезінен басталып біртебірте үйреншікті болып кетеді.

Баланы өзінің езуінен сілекейі ағып, күмарланып жейтін дәмді, ішіне ет, ірімшік салып, қамырмен ораған самса, түшпара, боялған жасанды гүлдердің түр-түрін келістіріп жапсырған торт, балмұздак, қант қосқан құрт, вафли, дәмді тоқаш, рожки, әртүрлі кеспелер, майлы ет сорпасымен та-мақтандырамыз. Жыласа кәмпіт, шоколад, кока-кола беріп жұбатамыз. Базарда сатылатын ірімшік туралы айтпай кету күнө. Ол сүттің майын техникалық әдіспен сүзіп алған көк сүттен жасалады. Өзінде витамин де, май да жок. Жұмсақ болғандықтан, балаға қант қосып беріледі. Ол казеин қанға өтіп, жасушаларға жеткенде желім болып жабысады. Іштегі нәжістің сыртқа шығуына кедергі келтіреді. Жоғарыда айтылған дәмді, өнді тағамдарда дәрумен жок. Оларды қанға жеткізіп, сініру үшін тіршілік қуатын жұмсап, денеге улы үйінділер жинайды, басқа пайдасы жок.

Сөйтіп, тоқ ішектің қабырғасына жабысып қалғанша бәрі де ойдағыдай бола береді. Доктор Амосовтың сөзімен айтқанда: «Ешкім қайтара алмайтын қарыз берумен бірдей». Ішек қабырғасының улануы, сонымен қатар, катқан нәжіспен то-лып, қабырға жасушаларының созылуы салдарынан тоқ ішектің бұлшық еттері сал болып семеді. Қалыпты рефлекске жауап беруден қалады. Ішектің қозғалысы тоқтайды. Сондықтан адам ұзак уақыт үлкен дәретке отырғысы келмейді. Баланың кішкентай кезінен іші қатуына мүмкіндік туғызытын себептерін елемеуге болмайды. «Табиғат болмысын пайдалану өнерін үйрену арқылы өзін-өзі толық емдеуіне кол жеткізу – өте маңызды», – депті Мантовани Ромоло.

Окушы балалар сабак үстінде үлкен дәретке отырғысы

келсе де айтудан ұялып, шыдап отыра береді. Дер кезінде дәретке отырмадаңдықтан, тік ішекке келген нәжіс құрсақ куысына қайтып кетеді. Үзліс кезінде ол дәретханаға бармай, ойынға айналады. Сабак басталғанда тағы қайталайды. Ол тағы да сыртқа шығуға рұқсат сұрай алмайды. Сөйтіп, дәретке отырғысы келген рефлекс баяулап, тіпті жоғалады. Сонымен бірге, егер әлгіндей келген рефлексті тоқтата берсе көп кешікпей, ішектің қабырғасындағы сезіну белсенделілігі төмендей, қажетті рефлекс берілмейтін болады. Сезіну мұқтаждығы мұқалады, екінші кезекке калдыра берсе, жаман тамақтануына да, басы ауырып, оку үлгерімі төмендегеніне, соңғы 4-5 күн дәретханаға бармағанына да мән бермей кетеді.

Кемелінде келген адамдар таңертенгі асығу, туалетке де жайлы отыра алмау, жиі-жіе жұмыс бабымен тапсырмамен асығыс жұру салдарынан іш қату әлегіне ұшырайды. Осы айтылған әңгіме әйелдерге өте байланысты. Емделетін 100 әйелдің 95-і іш қату азабын бастан кешіреді. Екі кабат кезінде әсіресе, екінші жартысында іш қату мүмкіндігі артады.

Тоқ ішектің ішіне асқорыту шырынының азғана фермент шығару мүмкіншілігі бар, ішектің қабырғасымен келген каннан арак-шарап тұзы және басқа заттар бөлініп шығады. Ішектің шырын қабатын тітіркендіріп, өзіне сәйкес аурудың пайда болуына әсер етеді. Тұздалған, кептірілген тағамдар жеп, тамакқа сірке қышқылын қосып ішіп, тітіркен тір-гендіктен мезгіл-мезгіл көтөу (геморрой) асқына береді.

Тоқ ішектегі микрофлорлардың ролі. Онда 400-500 әртүрлі бактерия мекендейді. Орташа есеппен бір грамм нәжісте 30-40 миллиард бактерия болатынын ғалымдар анықтаған. Бұл не қылған көп? – деген сұрап туузы занды. Тоқ ішектің қалыпты микрофлорасы тек асқорыту процесінің шешушісі емес, ішекті қорғау міндетін де атқарады, тағам талшықтарынан көптеген дәрумендер, амин қышқылы, ферменттер, гормондар және басқа да заттар шығады. Мұнан біз микрофлора қызметі біздің азықтануымызға өте маңызды қөмек береді деген қорытындыға келдік.

Міндеттін қалыпты атқара алатын ішек әртүрлі патологиялық ірітіп-шірітетін микробтарды басымдылығымен құртып, жойып отырады. Мысалы, ішек таяқшалары 9 түрлі дәрумендер, жинақтайды. B_1 , B_2 , B_6 және дәрумен К. Олар және басқа микробтар ферменттік қасиетімен осытузеді; жасайды; темірді сініруге мүмкіндік береді, микробтардың

тіршілік өрекеті нәтижесін реттейді; иммун жүйесіне дем береді. Микроағзалардың қалыпты тіршілік өрекетіне сай әлсіз қышқылды тағам қолайлы келеді, әрі аса қажет. Іріпшіріген нәжіс сілтілі орта жасайды. Бұл ортада патологиялық микрофлор пайда болады¹.

«Дұрыс тамақтанған алмағандардың ауруы рак» – деп Герzon айтты. «Ракты емдеу» деген кітабында ракпен ауырған 10000 науқастың 9999-ы өзінің нәжісінен уланғанын анықтаған. Тек біреуі ғана ативтік тұқымның азғындауына байланысты ауырған. Тағамның іріп-шіріп көгергені денеде қатерлі ісіктің өсуіне мүмкіндік туғызады. Арменияның ертедегі қолжазба корында ортағасырлық емшілердің, мысалға, Мхитара Герацида ісіктің себепшісі көгерктіш деп мойындаған. Адамдар мен жәндіктерде және құстарда рактың пайда болу себебі анық емес. Анығы сол көгерген картоппен жемдеген құстар ауруға көп шалдығады. «Орынды жерінде айта кетейін, жүрек, қантамырлар аурулары, – менің көзқарасым бойынша, – холестериннің қебеюінен емес, көгеруінен, – деп білемін», – дейді Г. Малахов.

Ортағасырдағы армян дәрігерлерінің айтқанына көніл аударып көрелік. Адамдар тамақтанған соң жегенінің барлығы дерлік сіне бермейді де жартысына жуығы іріп-шіриді. Көктің өсіндісінен тұқым өніп шығады. Ол қанға сініп, дениге тарайды. Өзіне қолайлы босаңсыған жерде пана тауып, өсе бастайды. Тұқымы есіп, тіршілік өсерінен балауыз сијакты ақ зат пайда болады. Олар оны қатерлі ақ ісік деп атаған. Бізде оны беріш дейді. Уақыт өтіп, атқару тәртібі үзакқа созылып, ішектегі шіріген заттар бұзылып, өзгеру нәтижесінде буындар да ұлғая бастайды. Біздіңше «құзданма», ол заманда «сұр рак» деп атаған. Қорға сақталған бөліктегі тамақ қайта өнделіп, «кара рак» деп атаптады, бізше – «қатерлі ісік». Оған карсы қорғаныс жоқтын қасы.

Сонымен, тоқ ішектен бастау алатын қатерлі ісік, буын, беріш құздамасы деген аурулар тізбегі көрсетілген. Ишекті тазартып шайғанда өзінізден шыққан қарайған ұсак кесінділерді көріп, бұған еріксіз сенетін боласыз.

А дәруменінің жетіспеушілігінен тістің түбінде көк жо-


¹ Аскорыту талшықтары ағзаға сіңбейтін, қорытылмайтын өсімдік материалдары: целлюлоза, пектин, линггин т.б.с.с. «тағамдар туралы» бөлімде айтылады.

лақтар пайда болады. Тоқ ішекті тазартып, денені каротинмен не А дәрумені мол тағамдармен қоректендіріп жіберсе, әлті жолақ жоқ болып кетеді.

Әдетте, А дәрумені тағамда үнемі жетіспеушілікте болады. Сондыктан баяу түрінде болса да тоқ ішектің шырышты қабығында өзгеріске түсі нәтижесінде зиянды ісік пайда болып, бұрынғы қалпына келтіру процесі бұзылады. Бұл да бір себебі бола тұра, тоқ ішек қабынуы сияқты түрлі аурулардың туу сыры өзірше белгісіз.

Тоқ ішекте жылу пайда болуын бұрынғы даналар білген, осы заман ғылымы соңғы кезде ашқан тоқ ішектің тағы бір міндеттін талқылап көрелік. Тоқ ішектің өзіне тән «пеші» бар. 4-суретке қара. Ол тек құрсақ қуысындағы ағзалармен шектелмей, бүкіл денені жылтырады. Ішектің шырышты қабығының асты қантамырларға бай, сондыктан қан да молшылық, дененің генетикалық даму жоспарын жетілдіру үшін «пеш» коршаған ортаға көп жылу қуатын шығарады. Ұя басуши мекиен тек белгілі температурада осы жылытқышты қолдан, оны төмен түсірмейді.

Тоқ ішекте мекендейтін микроденелер де жылу қуатын шығарады, олар да көк тамырлармен жақын жатқан ішкі ағзаларды жылтырады. Сондыктан күніне 17 триллион микродене түзілетіні тегін емес.



4-сурет.

Қанды жылытқыш тоқ ішек шажыркайлары.
2 және 4-суретке қараныз.

Табиғаттың ток ішекті орналастыруы ғажап. Атап айтқанда орналасу үйлесімі құрсақ қуысындағы мүшелерді, сондай-ақ қан мен сөлді де жылытуына ең жақсы мүмкіндік тузызады. Ішекті айнала қоршап жатқан майлар (тканьдар) бүйірден және алдынғы қабырғасынан (іш) жылуды іштен сыртқа шығармай, шығынданамай, өзіне тән өзгешелігімен оқшаулайды. Арт жағы арқа, бел қалың еттерімен төменде жамбас сүйектері «пештің» сүйеуіші, тірегі болып, қан мен сөл арқылы жылуды жоғары бағыттаң жіберіп тұрады. Қеуденің тік болу мүмкіндігі қөлденен орналасқаннан гөрі жылу түрінде сәуле шашқанда оны сақтап, барынша үнемдейді. Осының барі, үнемді даналықпен ойдағыдай жасалған.

Ток ішекте күш қуаттың пайда болуы. Кез келген жанды дененің айнальсында табиғи сәуле (aura) бар. Биоплазма дегенде плазма күйінде, энергетикалық дene он (+) және теріс (-) зарядталған плазмадан тұрады. Микробтар да айналасына сәуле таратады – биоплазма суды және электролиттерді қолдап, ток ішекке сініреді. Күш-куат алып келуге электролиттер ең тәуір жинаушы, шоғырлаушы болып есептеледі. Қуатымен қанықкан электролиттер қан мен сөлдің (лимфа) ағысымен барлық денеге тарапады. Өзінің жоғарғы күш-куатын дененің барлық жасушаларына үlestіріп, қолдан отырады.

Бұл туралы ежелгі Үнді елі, Қытай, Жапония және Тибетте билетін-ді. Олар кіндіктің манайын «Хараның пеші» деген сияқты атаулармен атаған. Ежелгі даналар неге «пеш» деп атады, бұл арада «от» элементі қайдан алынған, органикалық заттар қалай ауыстырылып, ақыл-ес қуаты қалай пайда болған, бұл саланы тек физикалық мағынада ескерсек, жоғарғы мазмұндама бізге айқын болады. Ток ішектің жылу және энергия жасау қызметі дененің күш қуатына қосылған үлкен үлес екендігін тәжірибеде көз жеткізуге болады.


Ашығу арқылы ток ішектің қызметін бөліп тастасақ, микрофлора да өз міндетін атқарудан қалады. «Пеш» сөнеді, бізге салқын болып білінеді, әлсіреп, күш-куат азаяды. Егер ашығу арқылы тек ішкі қордығана пайдаланғанда неге дene температурасы төмендейді? Өйткені бас энергетикалық айналым – үш карбон қышқылы (цикл Кребса) ішіп-жегенде де, сондай-ақ ашыққанда да болады. Осы арада ашыққанда дene температуран төмендемей-ақ, әлсіремей-ақ ішкі кор есебінен коректенудің өзі жеткілікті болады. Бірақ тәжірибеде олай емес. Өйткені микроденелердің бірге күнелтуінде

дененің күш қуатына жеке тәуелсіздігі артығырақ, микрофлорасыз дене үнемді де, тұракты.

Осы арада түсінікті болады. Азықтың мөлшері 1000 калорий, бірақ өсімдік азықтарын (жеміс-жидек, кекөніс, дақылдар, жаңғақ) тұтынатын адамдар өздерін артықша төзімді сезінеді, ал 3000 калорий беретін қайнатылған «өлі» тағамдар микрофлора үшін қорек болмайды, тек сыртқа шығару жүйесін толықтырып, қызметін ауырлатады. Сыртқа шығарып, зиянсыз ету үшін де қосымша энергия жұмсалады. Жылы киініп жүрсе де осы заманның адамдары тоңғақ келеді және дене жағдайына сай ой енбегінде де тез қажып, шаршай береді.

Тоқ ішектің жағдай жасау, дем беру жүйесі. Біздің денеміздің ерекшелігі сол – әртүрлі органдың әсері себепші болып, дем береді. Мысалы, табанды механикалық тәсілдермен тітіркендіру арқылы өмірге маңызды ағзалар үшін қолайлы жағдай жасалады; дыбыс тербелістерінің әсерінен құлақ қалканының ерекше аймағын, сонымен қатар, сөүле көздің сыртқы мөлдір қабығын тітіркендіріп, сондай-ак барлық денеге дем беріп, себепші болады және көздің сыртқы мөлдір қабығына қарап, ауруын таниды; терінің сыртында да белгілі бөліктері ішкі денемен байланысып жататын аймақтар бар.

Сол сиякты тоқ ішектің де сондай ерекше жүйесі бар. Солардың әсерінен бүкіл денеге жағдай жасалады.




5-сурет.

Тоқ ішектің дем беру жүйесі:

1a – қалқан безі; 1 – бауыр; 2 – өт; 3 – жүрек; 4 – өкпе; 5 – асқазан; 6 – көкбауыр; 7 – үйқы безі; 8 – бүйрек безі; 9 – бүйрек; 10 – жыныс бездері; 11 – ен; 12 – қуық; 13 – қуық асты безі; 14 – жыныс мүшелері

Тоқ ішектің әрбір бөлігі белгілі бір ағза мүшесіне жағдай жасауға жауапты. Жағдай жасау былайша орындалады. Тоқ ішектің ішкі қалтарыс қалтасы қорытылған сұйық ботқаға толады, мұнда микроденелер өсіп, биоплазма іспетті қуат шығарады, ол өзіне тиесілі бөлікке дем беріп, ықпал жасау арқылы тиесілі бөлікке қарасты ағзаға өсеретеді.

Егер тиесілі бөлігі қатып қалған нәжіспен (қаспак) бітеліп, толып тұрса дем берілмейді, оған тиесілі ағзаның қызметі баяулап семи бастайды, ол жерде өзіне тән өзгеше патология өсе бастайды. Өмірде қаспак көбінесе тоқ ішектің қозғалысы тәмендейтін бөлігінде жиналады.



6 – сурет.

«Қаспак» және аурулардың пайда болуы.

Карайтын белгіленгендер: 1 – қалқанша безі ауруын, 2 – бауыр ауруын, 3 – жүрек және өкпе ауруын, 4 – асқазан ауруын, 5 – бүйрек ауруын, 6 – қуық ауруын, 7 – қуық асты безі сияқты ауруларын тудырады

Қаспак көрсетілген және аурудың көбіне көп кездесетін орындары тек аңы ішектің тоқ ішектке өтетін жеріндегі бөлігі тоқ ішек жұтқыншақ шырышын қоректендіреді; жоғары бөлігі – қалқан безі, бауыр, бүйрек, өттің қабы; тәменгі бөлігі – кенірдек, көкбауыр, үйқы безіне; сигма иіні – тұқым безіне, қуыққа, жыныс мүшесіне дем береді. Тоқ ішектің жағдай жасау жүйесі табигаттың бұрын-сонды болып көрмеген өнертапқыштығын, оның азғантай шығынмен мол пайда беретіндігін көрсетеді.

ТОҚ ІШЕК ЖӘНЕ ДЕНЕНІ ТАЗАРТУ ЖҮЙЕСІ

Мындаған дерт бар, бірақ денсаулық біреу.
Л. Беркес

Міне, біз тағы бір мәселеге жақын келдік – «барлық ауру-сырқау бізге ауызben келеді» деген қарапайым шындыққа сенетін боламыз. Біздін денеміз көп сатылы қуатты тазару жүйесімен жабдықталған.

Біріншіден тоқ ішек арқылы улы және қалдық заттар зиянсыздырылады, әрі сыртқа шығарылады. Тоқ ішектегі кан айналымынан өтіп, келесі сатыда бауырда тазару үрдісі жүреді. Бауырда ішек арқылы келген барлық коректік зат кан арқылы заарсызданды. Бауыр, өт ағатын түтікше арқылы ішекке құйып, ары қарай дағдылы жолдарымен кетеді. Зиянды қалдықтар «қабыққа» оралып, өт жолдарында қалып қоюы да ықтимал. Бауырда тазармаған улы қалдықтар басқа да заттармен қосылып, бүйрек арқылы сыртқа шығарылады.

Тарамыс, сінір, кантамырдың қабырғалары, жалпы жасушаларды бекітіп, ұстап тұратын қанқа жасушалар құрылышы сияқты денеде дәнекер болып, бүйрекке көмектеседі. Қан құрамын таза ұстau үшін дәнекер ұлпалар әртүрлі көржер (шлак) заттарды өзіне тартып алады. Қашан мүмкіндігі болғанда, ол өзіне сініріп алған көр-жерді қанға қайтарып береді; қан бүйрек арқылы бұл тастандыларды сыртқа шығарады. Дәнекер ұлпалар өзіне қанша тастандыларды сініріп алатындығы жөнінде П.Брэгг келтірген мысалды оқып көрелік. «Науқастың бүкіл денесінен әсіресе, аяғынан, қолынан, тіпті, алақаңынан да адамды сүмдыш жиіркендіретін ұнамсыз иіс шығады. Бұл иіс, оның суға түсіп, сабындал жумағанынан емес, күн сайын 3-4 мәрте жылы ваннаға отырып, не бір ұнамсыз істерді кетіретін иіс кетіргішті пайдаланған, бірақ әлгіндей сүмдыш іістен құтыла алмағандығы. Ақыры ол өзін қоғамдық топтардан тыс калған, елден аласталған адам ретінде сезінген. Сөйтсе, минералды ас тұзының азабын тартқан адам екен. Оның мүнкіген иісі бұқаны да өлтіретіндей еді. Ол резенке сағыз шайып, аузы-басын шәйіп, жалбыз қосқан дәрілерді де пайдаланған, бірақ нәтиже болмаған. Ашығар алдында онымен әңгімелескенімде оның аса ауыр жұмыстан қажығанын,

тұрмыс-тіршілігіне сай, отбасында қыншылыктар жетіп артылатынын білдім. Ол қажығанынан ойлау қуатын көп жұмсал, тіршілік қуатынан айрылып, нәтижесінде нәжісін сыртқа шығару ағзаларының қызметі бұзылған».

Мен оған: «Мұндай қүйге келгенге шейін көп уақытын-ды жоғалтыпсын, ашығу жоспары сені қалыпты сау тұрмыс дәстүріне келтіру үшін қызмет жасауына дейін де көп уақыт кетеді», – дедім. Ол кисынды ойланған болса, мәдениетті адам екен. Ол ашыққан кезінде тазарту ісіне бақылау қоюды менің өзімнен өтінді. Біз бірден 36 сағат ашығудан бастадық, көмірсуегімен қаныққан тағамдар орнына ақырындалап, жас жеміс-жидек пен көкөністі аздап қосып беріп отырдым. Қате тамақтану мен табиғи тамақтану арасында өтпелі дәүір болуы шарт.

Адам денесінің дағдылы жағдайын аяқасты мәжбүрлеумен өзгертуге болмайды. Ондай өзгерісті біртіндеп жүргізген дұрыс. Ол күніне үш мәрте ет жеуге әдептенген болса, енді күніне бір-ақ мәрте жейтін болды. Ақ нанды кептірген түрінде пайдаланатын болды. Біршама уақыт өткеннен кейін жеті күн ашықтырдым. Алғашқы үш күнде денеде жинақталған улы қалдықтар тасқындал шыға бастағандықтан, ауыр болды. Төрт күн бойына катты лоқсыды. Бесінші күні денесіне ұсақ бөртпелер қаптап кетті. Оның демі мен денесінен мұнқіген иіске мүлде төзуге болмайтын еді. Онымен қатар отыру үшін противогаз киүоге тұра келді. Күн сайын зерттеу үшін танерте-мен несебін банкіге жинап алып, нығыздал жауып, сұтып тұндыру үшін сәкіге қоятын едім. Бірнеше күн тұндырғаннан кейін, ақылға мұлдем сыймайтын, несебін сондай майланған, адамнан шықты деп айтуда келмейтіндей еді.

Осы ашығудан кейін табиғи емес тағамдардың көбісін ас құрамынан шығартып, жас жеміс-жидек пен көкөністер көлемін ұлғайттым. Бірнеше күннен соң тағы 10 күн ашығуға бұйырдым. Бұл жолғы ашығуды жenіл өткізді. Бірақ улы қалдықтар әлі де сыртқа шығумен болды. Бұл қалдықтар жасушаларда жинақталған жасырын улар деп аталады. Жасушаларда жинақталған үлкен қасірет әкелетін өлі заттарды орнынан қозғау үшін, әрине мейлінше әрі көлемді, әрі пәрменді ашығу жобасын жасап, тағамның сілтілік түрлеріне мұқтаждық еткен дұрыс.

Дәрісоқыған кездерімде менен қайсыбіреулер: «Қанша ішкім келсе, сонша кофе ішемін, жегім келген тағамдарды жеймін, бірақ денім сау» дейді. Олар маған дендері сау, күш-қуаттары мығым екенін дәлелдеп бағады. Олардың денесіндегі улы тастандылар тіндерінде жасырын тұрғанын, олардың өздері нені аңғармай тұрғанын, уақыты келген күні бақылаудан шығып, ырық бермей, артынан қасіретке душар ететінін де білемін. Олар табиғат зандылығына құледі, корлайды, бұл зандылықтар оларға байланысты емес сияқты көрінеді. Бірақ табиғат қай күні тазарту қызметін бастап, денедегі зиянды заттарды қуалай бастайды, сол күні сазайын тартады. Табиғатында дені сау, ширак, арак та ішті, шылым да шекті, ұйықтамай күніне он сегіз сағат жұмыс істеді. Ақыры ауру оны мендетіп тастағандықтан, төсек тартты. Мұндай мықтылар дүниемен мезгілсіз қоштасатынын да білемін.

П.Брэгг: «Әлгі науқас қазір дені сау, тыныс алуы таза, денесінен шығатын ұнамсыз иісі кеткен. Дененің ішіндегі ұлпаларда жасырынған жауларды жеңіп қана шыққан жок, сылып тастады. Қазір ол сүйкімді, ұстамды, жас кезінде гідей өзіне еріксіз көз тартатын сымбатты көрінеді. Ал аурудың мысқалдан алдын алу, пүттап емдеуден әлдекайда артық екенін де білемін», – деп жазды.

Өкініштісі сол, бүгінгі қалыптасқан күрделі өркениет тастанды улы заттарымен адам денесін мейлінше құйретіп жатыр, сондыктан денеге физиологиялық демалыс беріп, қордаланған улардан өз уақытында құтқару шарасын колдану керек. Ол – ашығу.

Дәнекер ұлпалар қаншама зиянды тастандыларды өзіне сініріп алғып, сактایтынына Г.П.Малаховтың «Денені тазарту және дұрыс тамақтану жөнінде» атты жазған кітабында Ю.А.Андреевтің берген мысалын келтірген: Дәрігерлер 17 жастағы қыздың бір аптадан соң өлеңтінін анасына хабарлаған. Ол ана қызын өлімнен қалайда арасшалап қалу үшін алас ұрып, адамдардан көмек сұраған. Бірдеме істеуге болмай ма? Біз өз тәсілімізді іске косу арқылы ол қыздың бауырын тазартуға кірістік. Әрине, әбден уланған денені жалпы тазарту – ашығу шарасын жүргізуден бастадық. 28 күннен кейін ол қыз 23 кг салмағынан арылып, 40 кг-ға дейін төмендеген. Г.Малахов: «Дәнекер ұлпалардың ішкі жасушалары арқылы басқа ай-

тылмай қалған жұмысшы жасушалар қоректенеді», — дейді.

Майлы үлпалар өзіне тән «тұндырғыш» болып саналады. Өйткені, онда зат алмасу өте баяу жүреді. Сондыктан қорытылатын ас үлпаларда ұзак уақыт жатып қалады. Мұндай жағдайда «науқас адам» ас қабылдауды мүмкіндігінше шектеуі керек. Өйтпеген жағдайда түйін астында байланып, лық толтырылған крахмал мен майлы тағамдар қалдықтары жоғарыда айтылған ағза мүшелері арқылы сыртқа шықпай, келесі сатысында тастанды қоқыстарды сыртқа шығару жолына адам денесіндегі басқа да қуыс мүшелерді қосады. Бұл істі атқаруға алдымен мұрын мен жұтқыншақ қуыстары кіріседі. Осы мүшелер арқылы құрамында крахмал, май және басқа да тастанды қалдықтар бар сілекей-шырыштар манқа, қақырық болып, үнемі сыртқа шығып тұрады. Осы тазарту жолдарының жұмысы шамадан тыс ауырласа, оған қосымша: бас сүйектің бет қуысы, есту жолдары, әйелдерде қынаптан ақ заттың шығуы, көздің алдында тастанды заттар үйіп, былшықтану сияқты көрініс береді. Сыртқа шығару қандай бір себептермен жоғарыда аталған жолдары жабылып қалып, күші жетіспейтін болса, соңғы екі сатысында тері мен өкпе қосылады.

Тоқ ішектегі қалыпсыз көрініс т.б. іріп-шіруден зиянды газдар пайда болады. Мұны тыныс алған кезде ауыздан шыққан жағымсыз иістен білуге болады. Мұндай жағымсыз иістен құтылу үшін тістерін тазалайды, аузын шаяды, иіссіздендіргіш шашады, сонда да құтыла алмайды. Мұндай жағдайда тоқ ішекті жуып тазаласаныз, жағымсыз иіс-коңыс өздігінен жоғалады. Сонында өкпеде шырыш пайда болады. Ауру таратқыш микроденелер ауамен бірге өкпе қуысына кіріп, әрі дымқыл, әрі жылы крахмалды шырышты сұйық коректік заттарға мол орынға жайғасып, сонда өсіп-өнеді. Микроденелер өндеген өнім – шырыш, енді ірінге айналып, кенірдек, мұрын, жұтқыншақ арқылы сыртқа шығады. Ірінге айналған шырыштың құрамындағы микробтан шыққан улы заттар өкпе, мұрын, жұтқыншақтың шырышты қабықтарын тітіркентіп ауыртады. Денеде тастанды заттардың қалыпты мөлшерден артық көбеюі салдарынан теріден жағымсыз иіс-коңыс шығады. Тіпті, бөртіп, безеу, шикан сияқты т.б. терінің түрлі созылмалы ауруларына ұласады.

Адам өзі сүйсініп ұнататын тағамдарын салауатты өмір

салтына сәйкес дұрыс үйлестіріп жемеудің салдарынан олар адам тәнінде түрлі белгілер бере бастайды. Мөлшерден артық жеген ет тағамдары шуашқа айналып аяқты сасытады. Крахмалы мол қант пен артық майдың кесірінен безеу, бөрткен сияқты дерт түрлері адамның бетіне, арқасына, аяғы мен құйрығы, т.б. жерлеріне шығады. Тіпті, шиқан түрінде шығуы да ғажап емес. Қазакта «сиыр етін шикі же-геннен шиқан шығады» деген түсінік бар. Бұл да негізсіз емес. Денеге шиқан шықса, немесе іріндең ұсак бөртпелер пайда болса, сыраның ашытқысын ішсе, құрамындағы В дәрумені тағамды қорыту, сініру мүмкіндігін арттырады. Бұл — алдымен толық жарамды емес тағамдардың сіну үдерісіне дем береді, нәтижесінде шиқаннан шығатын ірің де жойылады. Ашытқы құрамындағы мол В дәрумені ток ішектегі сілтілік-қышқылды ортаны ретке келтіріп, тенестіреді. Атап айтқанда, бұл екі механизм В дәрумені түрінің микробты жою әсерінен басқа, ашытқы — ағзаны тазартуға негіз болады.

Адам денесінің зиянды тастандыларға ластануынан ток ішектің жылу шығару қызметі бәсендеп, қайда болсын дene мүшелерінің бір жерінде шырыш қордаланады. Мысалы, әйелдердің омырау безінде делік. Біріншіден, басқа мүшелерге қарағанда мұнда зат алмасу үдерісі баяу жүреді. Екіншіден, әртүрлі салқын сусындар мен сұық тағамдарды жиі тұтыну — әйелдердің омырау мүшесі төнірегін өте сұтып жібереді: майға және крахмалға толы шырышты ағзаларды катайтып, «кистаның» пайда болуына себепші болады. Жұмысты бір орында қозғалмай отырып істейтін адамдардың жамбас қуысындағы қан айналымы тежеліп, қан іркіліп, жүрмей қалатын жағдайлар да осы айтылған себептерге байланысты.

Ер адамдардың қуық асты безі мен әйелдердің тұқым безіне неліктен шырыш жиналғыш келеді? «Оған қебінесе табиғи емес ішіп-жем, мұздатылған қаймақ пен кілегей, майлы сұық сұтке әуестік, омырау безінің кистасы мен еркектердің қуық асты бездерінің ісігін қоздырғыш келетіндігі себеп болады. Осы айтылған сұтыылған тағамдармен жиі қоректенген жағдайда, күндердің күнінде киста мен ісік пайда болады», — деп ескертеді Микио Кushi.

Келесі кезекте аталмыш кистада көк өседі, коректік заттар сакталған бөлшегінде қатерлі ісік басталады, ол метас-

таза бере бастайды. «Оны біз өзіміз «әлдилеп» тамактандырамыз, онан кейін бұл өзі нeden болды» деп танданып, аузымызды ашып қаламыз. Егер аурудың бірінші тізбегінде беріш, одан кейін буын аурулары немесе қатерлі ісіктер тоқ ішектің ластануынан болса, екіншісінде сыртқа шығару жолының ауырлауына, шырыштың жатып қалуына, адам ағзасы қарсылық қутаңын (иммунитет) әлсіреуіне ұшыратады. Қатерлі ісіктер де ластанған тоқ ішектен басталады. Қорытындысында айтарым: «Өзінді-өзін табиғат құралымен емдеп, жаз», – дейді Г.Малахов. Доктор Пошэ жазады: омырау безінің қатерлі ісігімен ауырган он адамның тоғызы тоқ ішек қызметінің кідіруінен болғандығы дәлелденген. Егер бұдан 10-15 жыл бұрын осындай ауруларға тиісінше алдын алу әрекеті жасалған болса, онда олар омырау безінің қатерлі ісігімен ауырмаған болар еди.

Ары карай тоқ ішектің ластануынан пайда болатын ауруларды тізбектеп жатудың мәні де, тіпті, кажеті де жоқ. Тоқ ішек сау және таза болуы керек.

Денені тазартуға дайындау – жаңа туған айдың I немесе III жетілігінің бастапқы күнінен басталады. Әуелі ішекті шаю арқылы ішті тазарту қажет. Ашығу кезінде ішек толық тазармай қоқыстар калып койса, ағзадағы күш-куат (энергия) ауруды емдеуге емес, жинақталған қоқыстарды сыртқа шығаруға жұмсалып, босқа шығындалады. Сондықтан күш-куатты үнемдеу қажет. Ішетін тағамынды көкөніс түрлеріне ауыстыр. Жоғары температурада немесе физикалық қысыммен жасалған тағамдардан бас тарт. Кешкі сағат 20-дан кейін тамактануға әсте болмайды. Тамактанудан соң іле-шала сүйік ішуді тоқтат. Сонда ғана денедегі қоқыстарды сыртқа шығаруға күш-куат аз жұмсалады. Ашығу азабы жеңілдейді.

Тазартуға кірісу үшін алдын ала дайындалу керек. Әуелі ағзада тазарту жасаудың зор пайдасы болатынына сенуің керек. Сенімін болмаса, өзінді-өзін зорлап, өуре болма. Қолыңыздағы бұл кітап әуелі Сіздің сенімінізді бекемдеуге арналған. Сондықтан алдымен әбден түсініп алуға, сонан кейін өзініздің сенімді серігінізге айналдыруға тырысыныз!

Бұл алғашқы ең колайлы тәсіл. Тазартудың акырығы нәтижесі «жұмсарту» нәтижесіне байланысты. Жұмсартудың мәнісі мынада: бұл алдын ала дайындалу, денедегі қоқыстардың ағзаның қай жерінде жатып қалғандығына

қарамастан, орнынан қозғап, сыртқа шығару мүшелеріне жақыннатуға мүмкіншілік туғызы әдісі. Тазарту әдісінің негізгі міндеті – сыртқа шығару мүшелеріне таяу тұрған қалдықтарды күп шығару.

Денені тазартуды әркімнің өз қолайына қарай жүргізу керек. Тазартудың негізгі міндеті: денені босаңсыту, қыздыру, ылғалдандыру. Бұған жету үшін құрғак саунаға немесе ыстық науаға түсу керек. Денесі құрғап, солып қалған адамдарға ыссы науа жағымды келеді. Дене мүшесі толық, семіз адамдарға құрғак сауна қолайлы. Ал басқа адамдардың барлығы үшін моншаның буына отыру қажет. Жасы егде тартқан адамдардың алдымен денесін босаңсытып алғаннан кейін науадағы ыстық суға отырғаны жақсы. Жастарға моншаның ыстық буы жағымды келеді. Мұндай процедураны 5-10-20 минут уақытқа созып, сонында міндепті турде бір шелек сүйк суды 10-15 секундтай уақыт төбeden сорғалатып құю керек. Негізгі мақсат жұмысарту шарасынан кейін болсаңсыған денені қызу қүйде сезіну. Сүйк суды төбенен төмен қарай құйғанда, сүйк тиіп, мұздап қалмайсын, одан қорықпа. Ағзаны тазарту алдында жеті күндей дайындалып, «жұмысарту» шарасын 3-4 мәрте күн аралатып жаса. Бұлай істеу – дененің қаншалықты ластангандығына байланысты. Ыстық сұлы науа мен булану шарасын күн сайын немесе күн аралатып қабылдау жеке басыңың мүмкіншілігі мен өз төзімділігіне байланысты. Науа мен ыстық буға отыру мүмкіндігі жоқ жағдайда, танертен аш карынға бір ас қасық тортасын айырған май, зәйтүн майы, не күнбағыс майын іш. Немесе танертен дененді азантай ғана маймен сылап, артынан жылы сумен шайын. Денесі толық, терісі майлы адамдарға бұл шара жақпайды. Олар танертең аздал жүгіріп, алдымен денесін қыздырып алған сон, қалдықтарды терінің тесіктері арқылы сыртқа шығарғаны жөн.

Ішті әртүрлі сұйықтармен жыуып тазарту шарасы. Алдымен денені 3-4 мәрте жұмысартып алғаннан кейін тоқ ішекті тазартуға кірісеміз. Натуропат ғалымдардың зерттеуі бойынша, ауруды емдеуді алдымен тоқ ішекті тазартудан бастаса, нәтижелі болмақ. Ішекті тазарту – ең қарапайым, онай әдіс. Шығыс медицинасының ерте замандағы бұлак көздерінің қорытындысына сенсек, ішекті тазарту шарасы адам денесінің 80 %-ын аурудан құтқаруға көмектеседі екен. Су тазарту шарасының негізгі арқауы ретінде алына-

ды. Ол – тоқ ішектің ішін шаяды. Ішек қабырғасына тас болып қатып, жабысып қалған заттар үшін жуу шарасы жеткіліксіз. Әдетте суға лимон шырыны немесе лимон қышқылының ертіндісі, алма сіркесі, марганцовканың әлсіз ертіндісі қосылады. Тұймедак пен усарғалдақтың тұнбаларын да пайдалануға болады. Бірақ, осылардың бәрі де тоқ ішектегі қышқыл ортаны жартылай ғана қалпына келтіреді. Ал микрофлораның зиянды ортасымен бірге, пайдалы ортасын да жойып жіберу ықтималдығы жоғары. Тоқ ішектің шырышты қабығына да қолайсыз әсері бар.

Мысалы, усарғалдақтың ішектің ішіндегі шырышты қабықты құрғатып жіберетін әсері бар. Мұндай жағдайда не істеуге болады?

1. Ишектің ішінде жабысып қалған қаспакты қопсытып, шығаратын заттың болуы;

2. Біздің пайдаланатын затымыз ішектің Ph ортасын қалпына келтіретіндей онды әсерімен қатар, ауру таратушы микробтарды жойып, асқорытуға қажетті микробтарға зиянның болмауы;

3. Тоқ ішектің шырышты қабығын тітіркендірмейтін болуы. Ондай қолайлы зат табиғаттың өзінде бар. Оны адам ағзасының өзі денедегі 62 тамырынан жасап шығарады. Бұл – әркімнің өз тәнінен жаралған – өз несебі (урина);

4. Несеп тоқ ішекті шайып кана қоймайды, қан құрамындағы тұз ертінділері шоғырынан да мол көлемдегі тұздардың шоғырлануы, – ғарыштағы тартылыс зандалығы сияқты, – тоқ ішектің қабырғаларында және оның маңайында кордалаңған суды өзіне сініріп те алады. Ишектің қабырғасында қатып қалған қаспактарды қопсытып түсіреді.

5. Несеп – РН қышқылды орта. Тұздардың онда мол көлемде шоғырлануы денеге қолайлы әсер береді. Сондықтан оны емдік шараға көптеп пайдаланудан келетін қатер жок. Шынын айтқанда, кейбір науқастар үшін өте көп мөлшерде қажет те болады. Бұл сүйық өнім адамның өз денесінен шыққандықтан, зиянды микробтарды жоюға себі тиіп, пайдалысына тиіспейді. Ол – қауіпсіз, әрі емшілік шарага толығымен жарамды.

Көптеген жануарлардың, мысалы, құстардың нәжісі мен несебі араласып, бір тесіктен сыртқа шығады. Несеп өзінің бойына біткен өнімі болғандықтан, денесін тітіркендірмейді. Керісінше микробтарды жойып, емдік әсер етеді.

Несептегі су құрамын дene өзі жөнгө салып, онда өзінің антисептикасы, гормоны, дәрумені, акуыз заттары сакталады. Сондай-ақ дененің кез келген бөлігінің шырышты қабығын қалпына келтіреді. Ишекті шаюға пайдаланатын несепке (урина) баланың несебін жинау орынды. Ақауы жоқ таза сырлы ыдысқа оның 1 литрін құйып алғып, отқа қойып, сұйықтың жартысы (500 гр) қалғанынша қайнату керек. Со-сын сәл суытып, жылы күйінде ішекті шайып тазартса, өте пайдалы.

Корытындысында адам денесіндегі сұйықтан өте ерекше бір зат алдыныз. Оның құрамында ерекше бір күш-куаттың бар екенін кешікпей сезінетін де боласыз. Бұл ғаламат күш бірнеше фактормен түсіндіріледі:

1. Сұйықтың өзінің жаратылысы да, құрылышы да мұлде өзгеше. Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, ыстыққа өте төзімді сұйық кристалдар қалып, ен бір қолайсыз жағдайлардың әсеріне денеміздің төзімділігін арттырады.


2. Ондай қойылтылған несептің құрамындағы тұз шоғыры 600 есеге артады. Бұл деген таң қаларлық күш. Ол денедегі зиянды сұйықтарды сіңіріп қана қоймай, өзінің ашылығымен ток ішектегі көр-жер түймешіктерді үзіп түсіреді. Ишектің қабырғасына күшті жағдай жасалып, ішектің қозғалысы өздігінен жылдамдайды. Мұндай несеппен бір-екі мәрте ішекті шайғанда, ішектің ақ құрттары да қуып шығарылады. Қажетті микрофлораға кері әсері жоқ.

3. Дегенмен, сондай қызууда өндөлген органикалық заттардың бәрі талқандалады. Бірақ оның орнына жаңадан органикалық та, акуыз да емес, гормоннан да күшті дәрумендер мен басқа заттар пайда болады.

Мұндай ішті шайғанда РН орта мен микрофлораның шырышты қабықтары жедел түрде бұрынғы қалпына келіп қана қоймай, ішектің қозғалысы оңалып, көтек, түймешік, ток ішектің қабынуы, парапроктит сиякты ауру түрлері емделіп жазылады. Ишекті шайғанда іш ауырып, дененің сырттан келген мол күш-куаттың (энергия) әсерінен қарсылық қуаты (иммунитет) артса, емдеу шарасының алғашқы кезеңінде өзінді өте нашар сезінуін ықтимал. Бірақ мұның ағзаға келтіретін зиянды әсері жоқ. Ақырындалап өз қалпына келеді. Сондықтан 2 литр несепті қайнатқаннан қалған төрттен бір бөлігі 500 гр уринаны ішекке бір-ақ жібере сал-

май, 100-150-200 грамнан тұтік арқылы ішке үзіп-үзіп жіберген орынды.

Егер сіз несепке жиіркенгіш (несеп адамға аллергия бермейді) болсаныз, 1 литр суға 2 ас қасық ас тұзын ерітіп дайындаңыз. Бірінші жағдайда кайнатылмаған 2 литр несепті ішекке жібергенде Эсмарх резинка торсығын, ал қайнаганнан $\frac{1}{4}$ болігі қалдырылған несепті 150-200 грамнан тұтікпен жіберуге болады. Эсмарх торсығын пайдалану өдісі төмендегідей: резинка торсыққа 2 л несепті құйып, еденнен 1,5 м. биікке ілесін. Тұтіктің ұшын вазелинмен, не сұйық маймен майлайды. Кранды жауып, тонқайған бойда шынтағынмен жер тіреп, бөксенді иығынан жоғары денгейде ұстап жатасың. Тұтікті тік ішектің төменгі тесігінен ішке кіргізесін. Сонан соң кранды ашып, несепті ішке жібересін.



7-сурет.

Клизма арқылы ішке сұйық құйғаннан кейінгі деңениң жату қалты.

- тоңқайған бойда шынтақпен жер тіреп отырып, ішекке сұйық жібергенде кеудені төмендетіп, бөксे жақтыв негұрлым көтеріңкі ұстаган жсон; б) су ішекке құйылып біткен соң шалқалап жат;
- аяғы мен бөксенде мықыныңан қолмен тіреп көтер; ғ) екі аяғында тік көтеріп, иығынмен жат; д) иығынмен жатқан қалтында екі аяқтың ұшын еденге жеткізіп, екі бүктел.

Ескерту: егер тоқ ішектің іші нәжіске толып, бітеліп тұрса, немесе басқадай себептердің болуынан сүйық ішке жүрмей, сыртқа төгілетін болса, шараны тоқтатып, қашан жүре бастағанша ішпен созып, баяу тыныс алып жату керек. Іштің ауыруы да мүмкін. Мұндай жағдайда кранды жауып, су ағысын тоқтатып, қашан су жүре бастағаны білінгенше ақырындал ішіңмен бір-қалыпты созып тыныс ал. Ішек күйісі таза болса, 2 литр несеп 30-40 секунд ішінде ішке емін-еркін жүріп кетеді.

Енді несеп ішке өтіп болысымен, тұтікті алыш тастап, шалқанмен бөксенді жоғары көтеріп жат. Немесе шалқалаған бойда аяғынды тік көтеріп, біртіндеп екі тізенді бетіне тақап, екі бүктелген қалпында 1-2 минут қозғалмай жат. Сол қимылдың жәрдемімен сүйық тоқ ішектің төменгі бөлігінен көлденен бөлігі бүйенге дейін барады. Сөйтіп, осы техникалық қозғалыстың нәтижесінде тоқ ішектің барлық катпар-қалтарысын толығымен шайып шығуға болады.

Мұндай шараны үлкен дәретке отырганнан кейін жасау нәтижелі болады. Несеппен ішті шайғанда ол іште қанша болса, соңша уақыт тұра береді. Алғашқы кезде несеп ішке барысымен, дәретке отырғызу сезімін арттырады. Ішектің тазаруы барысында біртіндеп жойылады, кейіннен мұлдем жоғалады. Сондықтан қобалжудың еш қажеті жоқ. Ішке жіберілген сүйықты уақыты келгенде ағза өзі сыртқа шығарады.

Несеппен ішекті шаю. Науқас өзінің немесе басқа да жас адамдардың несебін қолдануына болады. Сегіз жасқа толмаған баланың несебін ұл, қыз демей әркімнің пайдалануына болады. Одан кейінгі жастағы балалардың несебін әркім өз жынысына қарай керектенуі керек. Бірінші аптада күн сайын бір литрден, екінші аптадан бастап, күн аралатып, үшінші аптада екі күн өткізіп, төртінші аптадан бастап, аптасына 3-5 мәрте тазарту шарасын жүргізу шарт. Одан кейінгі уақыттарда аптасына 1-2 мәрте жалғастыруға болады. Мұндай айналымды (цикл) жылына 2-3 мәрте қайтала. Әсіресе жазғытүрим, не күзде күн мен түннің тенелген кезінде, қыста қантар, ақпан айларында несепті жылдытып алған соң сұытпай тұрып, клизма жаса. Буға айналдырғаннан кейін несептің қалған төрттен бір бөлігін пайдалану айналымын 100 грамнан бастап, бір күннен кейін оған 100 грамм қосып жаса. Осылайша 500 гр-ға жеткізіп, 2-4 мәрте

ішекті шай. Келесі кезекте күн сайын 100 грамнан азайтып отыр. Одан кейін күн аралатып 100-150 грамнан 1-2 апта жалғастыр. Осылайша микроклизма жасаудың емдік әсері жақсы болады.

Денеде қандай бір кедергі кезігіп асқынса, корықпа, бастаған шараны тоқтатып, айналымды бұзба, бәрі өздігінен орнына келеді. Іштегі түймешіктер үзіліп түседі. Паропротит іріндеген жағдайда, буланған несептің төрттен бірі – 100-150 грамымен күніне 2 мәрте ішекті шай. Таза шуберекті бөлігі қалған ыстық несепке малып алып, тік ішектің аузы мен бүттүн екі арасына компресс қой, 2 аптада жазылады. Аурудың бұл түріне ота істеткенімен, кайталарап шыға беретін жағдайлар болады. Ал несеппен компресс жасап, клизмамен шайсан, көбінде қайталамай жазылып кететін артықшылығы бар.

Іштің қатып құмалақтауы, асқа тәбеттің болмауы, ак құрт, бастың ауыра беруі, барлығы – жоғарыда айтылған булатылған несептің төрттен бірімен клизма жасағанда, іштегі құрттар түседі, аталған дергітерден де айығады. Жерде жатқан ауыр затты оқыс көтеріп алғанда, шаптың көк еті жыртылып кеткендей шағып ауырып, сыртынан қарағанда, жарық пайда болған сиякты шабы ісіп, бұлтиып көрінсе, сол жерді 1-2 мәрте несеппен жуса, тері астында жиналған шырыш жоғалады. Қайнатылған несептің құрамындағы қою тұздар сарысуды сорып алып, жоқ қылады. Сонымен қатар, жыныстық сүйіспеншілік сезімі жанданып, жыныс қызметі қүшайетіндігі де белгілі болған. Төрттен бірі қалған несеппен әйелдердің жыныс мүшесінде кездесетін ауруларды емдегендеге де дәстүрлі медицинаның емдеуінен артықшылығы басым.

Мұндай булатылған несеппен жуу – жиі ұшырасатын жел-құз ауруына өте пайдалы. Белгілері: іш қатып, құмалақтайты. Үлкен дәретке отыру қыындаиды. Денесі тоңғақ, қалтырауық болады. Аяқ-коло мұздайды. Белі, шонданайы, ұршығы ауырып, отырған жерінен тұруы қыындаиды. Аузы құрғап, терісі тулейді. Арықтап жүдейді, күш-куаты азаяды. Жел-құзы қүшайіп, осындаі белгілер береді. Мұндай жағдайда біздің қазақ сойылған малдың терісіне ораған. Тосап ішкізген. Құм бұлау, тас бұлау жасаған.

Жел-құздан айықтыру үшін 100 г жанадан сауылған сиыр сүтіне 20 г тортасынан айырған май қосып, май

ерігенше жылтыады. Соңан кейін жылы қүйінде спринцовкаға сорғызып алып, құн батып бара жатқан кезде тік ішектің тесігінен тоқ ішекке жібереді. Соңсын жатып демалу дұрыс. Қағида бойынша ішекке жіберілген сүт пен майдың коспасын деңе өзіне қанша уақыт кажет болса, соңша уақыт ұстайды. Нәтижесінде дененің құрғауын, қалтырап тоңуын қоздыратын субстанция сорылып, бейтараптанады. Сүт – солған құрғақ жасушаларды ылғалдандырып, бейтараптандырады. Май – жібітеді. Сүттің ішек ішіндегі ашығанынан пайда болған жылуы сұықты өзіне тартып алады. Сөйтіп, қатарынан үш құн жасалған клизма үлкен дәретті (нәжіс) жұмсартып, сыртқа шығуын женилдетеді. Аяқ-қолы жылышып, қалтырап тоңатын белгілері де біртіндеп жоғалады.

Тоқ ішектің қабыргалары мен жүйке талшықтарын бұрынғы қалпына келтіру жөнінде доктор Уокер: «Егер адамдар ұдайы өндірістік өндеуден өткен, қайнатылған, қуырылған тағамдармен қоректенетін болса, тоқ ішек ешқашан да қалыпты жұмыс істеп, нығая алмайтынын тәжірибе көрсетті», – дейді.

Сондықтан тоқ ішегі қалыпты жұмыс істейтін адамды кездестіру өте сирек. Егер денсаулығыңызда олай-бұлай қалыпсыздық орын алып, ауыс-қиыстар байқалса, ең алдымен тоқ ішегінізде жүйелі түрде шаюдан бастаңыз. Немесе ішекті шайыңыз. Осыдан кейін жас қөкөністер шырынын сыйып алып, ішініз (сәбіз, қырыққабат). Жаңа сыйып алынған шырындар дененің бұрынғы қалпына келу барысын жылдамдатып, пайдасын арттырады. Ең тәуірі сәбіз бер шипинат сөлі. Бұл екеуінің коспасы тоқ ішек пен ашы ішектің бұлшық еттері мен жүйке талшықтарын коректендіреді. Сәбіздің 283 г сөліне шипинаттың 169,8 граммын араластырып, шикілей ішініз. Немесе сәбіздің 283 г сөліне 85 г қиярдың сөлін немесе 85 г қызылшаның шырынына қиярдың шырынын араластырып ішсеніз де пайдалы. Құн сайын 500 г сәбіз шырынын ішсеніз тіпті жақсы. Тағамға қөкөніс, жеміс-жидек, дәнді дақылдар пайдаланса, тоқ ішектің козғалысы бұрынғы қалпына келіп, жақсарады. Бұл тағамдар тоқ ішекте көп масса түзіп, тоқ ішектің ішкі рефлекстерін қоздырып, жұмысын күштейтеді.

Жеміс-жидектің ішінде інжір, қызылша, жұзім, кептірілген жемістер ішекте берітіп ісінеді, сөйтіп көлемі

үлкейеді. Күшті босансытқыш өсер ететіндер – сәбіз, қызылша және жас қырыққабаттың салаты. Қырыққабаттың қатқыл талшықтары көп болатындықтан, іш қатқанда өте пайдалы. Ішектің қабырғасы қабынып ауырған кезде (колит) бұл қатқыл талшықтар жақсы өсер етпейді. Сондай-ақ қауын, қарбыз, бал, өсімдік майы, қара нан ішектің жұмысын қалпына келтіруде таптырмайтын дүние. Бидайды жуып, таза дәкеге жайып, 1-2 күн дымдалған соң жылы жерге, күн шуағына қойып бергіттіріп, ет тартатын машинадан өткізіп, котлет істеп жесе, немесе көже жасап ішсе, нәжісті жұмсартып, дәретке отыруды женілдетеді. Асқазан, ішек жолдарын дұрыстап реттейді. Бұршақ, фасоль (ұлкен бұршақ), пияз, қырыққабат, қызылшаны көп жеген кезде іш кеуіп, жел көп шығады. Сөйтіп, ішектің ішін тазартуға, босатуға дәл керектісі де осы. Картоп, кияр, сәбіз, санырау-құлақ, түрлі жеміс-жидек, қара нан, сүт ішті аз көлемде болса да желдетеді. Қекөністер мен жеміс-жидектер құрамындағы тіршіліктің белсенді элементтері – құқірт, хлор химиялық реакцияға түсіп, ішекте жиналған өнімдерді ірітіп-шірітеді, сөйтіп ішекте газ пайда болады. Бұл тұрғыда ен бағалысы – шикі қырыққабат.

Шикі қырыққабаттың шырынына үйрену үшін аздан бастап ішіп, бірте-бірте қоса беру керек. Алдымен сәбіздің шырынымен жартысы мөлшерінде араластырып, артынан бірте-бірте сәбіздікінің көлемін азайтып, сонында тек қырыққабаттың шырынын іш. Сөйтіп, күн сайын 300 г қырыққабаттың шырынын ішсен, ол денене органикалық табиғи тағам көлемін жеткілікті мөлшерде бере алады. Ондай көлемдегі органикалық тағамды кайнатылған қырыққабаттың 50 килограмын жесе де бере алмайды. Ішектің желге толып, газ пайда болуының екінші себебі, бұршақ пен нан, ет пен фасольды қосып жеуден газ көбейіп, іш кебеді. Мұндай бір-бірімен үйлеспейтін тағамдарды қосып жеме. Бөлек-бөлек жеген дұрыс. Улken астың алдында шикідей дайындалған жас салат же. Сәбіздің шырынын ішсен, кұбакүп. Егер ішектің шырышты қабығында қатып қалған «қаспақ» жоқ болса, әртүрлі газ пайда болмайды.

Мойында, қолтықтың жұқа терісінде ауырмайтын, қолмен сипағанда ғана білінетін кішкентай сүйел сияқты зат пайда болса, тоқ ішекте түймешіктің өсе бастағанының белгісі. Түймешіктер алғаш пайда болған кезде зиянсыз деп

саналады, бірақ кезі келгенде зиянды ісікке айналуы да тажап емес. Тоқ ішектегі түймешіктердің пайда болуының алғашқы белгілері:

а) іш қату: тілі ак өңезденеді, демінен жағымсыз ііс кетпейді. Бас ауырып, қоңілсіздік жайлайды. Үйкышылдық басады. Кіндіктен төмен тартып тұрғандай сезінеді. Аска тәбеті сокпай, іші кеуіп, ішегі шұрылдайды. Үлкен дәреті бұзылады. Теріде бөртпе пайда болады. ЫЗАҚОРЛЫҚ деңде, жаман ойлар мазалайды;

ә) 10-30 жас арасында тоқ ішектің шырышты қабығында жара пайда болып, талаурайды. Терісі дерте тану өзгерісіне түседі. Ауыздың шырышты қабығы талаурайды. Тістің еті қашып ауырады (стоматит). Буын құздамасы мен бауыр ауруының сыртқы белгілері кезінде (шамамен 60-75 %-ы);

б) мойынның, қолтықтың терісінде ұсақ, тұбі бос, салақтаған сүйел тәрізді түймешіктер пайда болады. Бұл – ішекте түймешіктердің пайда болғанының хабаршысы;

в) тістің түбінде қара-көк дақтың пайда болуы – тоқ ішектің шырышты қабығының астыртын азғындануының нәтижесі. Сондай-ақ А дәруменінің жетіспеушілігін де білдіреді;

г) тоқ ішектің әртүрлі қызметінің жетіспеушілігінен тері мен шырышты қабықтар зардап шегіп; синусит, ринит, баспа, стоматит, аденоомопатия, астма секілді аурулардың белгілері пайда болады. Ерінге суланған, көпіршік жара шығады.

Егер осы белгілер біліне бастаса, тоқ ішекті, шайып та-зартуга кіріс. 8 жасқа толмаган балалардың несебін жинап, өз несебінді қосып, клизма жаса. Қайнатып, $\frac{1}{4}$ бөлігі калғанда жоғарыда көрсетілген айналыммен емдел. Деңі сау адамда мұндай белгілер болмайды.

Мынадай ескертулерді естен шығарма: шошқаның, малдың, құстың, балықтың еті, жұмыртка, сұт, күрт, ірімшік (сыр), сорпа, кисель, какао, шоколад, балмұздак, кофе, қою шай, вермишель, ақ наң, самса, торт, қант сияқты тағамдар «қаспақтардың» түзілуіне себепті болады.

Кара жидек, мойыл, қара бұлдірген, алмұрт, беке жемістері «қаспақты» тоқ ішектің қабырғасына бекітеді. Қатып қалып, сыртқа шыкқанда тік ішектің шырышты қабығы мен терісін тіліп, жаралап, іріндедетеді. Мұны паро-проктатит деп атайды. Ол ұлғайып, үлкен іріндеген кеселдер

туындаиды. Алғашында қой сияқты құмалактайды. Мұндайға ұшырамас үшін жоғарыда аталған тағамдардан аулақ болған жөн. Етсіз тағамды тамақсынбау – бекершілік. Мүмкіндігінше өсімдіктер мен көкөністерден жасалған асты көбірек пайдалан. Болмаса қырыққабат пен сәбізді араластырып, етпен үйлестіріп жеуге үйрен.

БАУЫР

Тоқ ішек тазартылған соң келесі кезекте бауырды тазартуға кіріс. Тоқ ішектің төменгі бөлігін коспағанда, ішектің барлық көк тамыр қандары бауыр арқылы өтеді. Бауыр зат алмасу мен қан айналымын реттеумен қатар, асқорыту міндеттін де аткарады. Ағзада көмір суы, май, ақуыз, су, минерал, бояу, дәрумен, гормондар алмасуы бауыр қызметіне тікелей байланысты. Мұнда бауырдың өзіне тән ағзаны қорғау, зиянды қалдықтардан залалсыздандыру, ашыту үрдістері барысында дененін ішкі ортамен қарым-қатынасының тұрактылығын сактауға бағытталған міндеттер де жүзеге асырылады. Тоқ ішектен келетін улы заттарға (индол, скатол, тирамин) күкірт пен глюкорул қышқылы косылып, уы өлсіреген эфирлі күкірт қышқылының қоспасы түзіледі. Бұл түзілген қоспалар тазарту жолдары арқылы сыртқа шығарылады. Қанның құрамына сырттан қандай да бір заттар, мысалы, көмір түссе, бауыр олардың барлығын өзіне тартып алады. Осындай міндеттерімен қатар бауыр асқорыту мен зат алмасу қызметіне қатысады. Ол көкбауырдың қан ағысында жүрілетін гемолиз барысында уақыты біткен қызыл қан түйіршіктерінің ыдырауына қатысады. Бұл қызметтер бауырда өттің пайды болуымен аяқталады.

Мынаны еске түсіріп айта кеткен жөн. Несеп ақуыз алмасуының ең соңғы өнімі ретінде бауырда түзіліп, бүйрек арқылы сыртқа шығарылады. Бұдан біз бүйрек пен бауыр бір-бірімен тығыз байланыста қызмет атқаратынына көз жеткіземіз. Бауырды тазарту кезінде колданылатын физиологиялық механизмдердің бірі – өт. Өттің ағатын жолының кендігі 4 мм. Ал тастардың диаметрі 20 мм-ге жетеді. Тіпті одан да үлкен тастар да кездеседі. Бірақ бір ғажабы осында үлкен тастар да тар көлемді өт жолдарынан еш кедергісіз өте алады. Бауырды «дюбажамен» тазартуға қарсы көзқара-

стағы ғалымдар тар өт жолынан үлкен тастардың өтіп кете алатынына сенбейді. Олар бұл тастарды тоқ ішектің қабырғасында жабысып, қатып қалған нәжіс «қаспақ» тастар шығар деп жоққа шығарғылары келеді. Олай болуға тиіс емес. Басқадай тығындалу болып, асқынуы мүмкін деген сөздермен қорқытқысы келеді. Олар бұл шара туралы еш нәрсе ойлай алмайды. Соқыр «дюбаж» деп аталатын зансыз тасты сыртқа шығаруды дәрігерлер де кенінен пайдаланатын болады.

Дюбажды пайдалану өдістемесі туралы бірер сөз. Таңертең ашқарынға үй жылуымен бірдей температурадағы 200-250 мл газсыз минерал суын наукасқа ішкізеді. Минерал суына 5 г магнезийлі құқірт қышқылын қосса, өт қабын жылдамырақ босансытуға мүмкіндік туғызады. 15-20 минут өткен соң тағы да сондай қөлемдегі және құрамдағы минерал суын ішкізеді. Минерал суын ішкеннен кейін науқастың он жақ қабырғасының астына грелка қойып, 1,5-2 сағаттай жатып тынығады. Магнезийлі құқірт қышқылы немесе өтті сыртқа мол шығаратын шөптердің тұнбасы сияқты қоздырғыштарды пайдаланып, дюбаж жасауға болады.

Жұмыртқаның сарысы да күшті өсер етіп, өтті қебейтіп, сыртқа шығара алады. Сондай-ақ өсімдік майын, магнезийлі құқірт қышқылы немесе карловар тұзын да ішкізуге болады. 33 %-дық, 40-50 мл қөлемдегі 40 градусқа дейін жылтылған магнезий ерітіндісі өт қабының жиырылуы мен өт жолдарының (Одди сфинкт) кенеюін қоздырып, емдік шара жасауға иті ықпал етеді. Магнезий жақпайтын адамдар үшін қанттың кою ерітіндісі, глюкоза немесе зәйтүн майын ішкізуге болады. Өт жолдарының (Одди сфинкт) кенеюіне, өт қабының жиырылып, өттің сыртқа шығуына ішекте қорытылатын майлы тағам да қолайлы өсер етеді.

Осы айтылған әңгімелердің барлығы медицинада ғылыми жолдармен дәлелденген. Енді халық емшілігі тәжірибесі неге сүйенетініне назар аударайық.

1. Жоғарыда айтылғандарға назар аудара отырып, біз енді өтті қуатын өте күшті өдісті іздең табуымыз керек. Бұлар жоғарыда айтылды. Зәйтүн майының мөлшері көп болса, өтті сыртқа мол шығара алады. Ол өт қабының жиырылуын, барлық өт жолының кенейіп, ашылуын қоздырады;

2. Бауырдан өттің шығуын күшайтетін ықпалды қышқыл жасайды. Лимон шырынының құрамындағы лимон қышқылы өт жолында ілініп тұрган тастардың ілгішегін ерітіп жіберуге дем береді;

3. Жылжитумен емдеу (грелка қою) бауырдың ауырып, жиырылып қалған өт жолдарының ауырғанын басып, кенейтүге ең бір таптырмайтын әдіс. Сол үшін біз тазартудан 3-4 сағат бұрын бауыр аумағына жылжыткы (грелка) қойып, қыздыра бастаймыз. Лимон қышқылы мен майды ішкеннен кейін де жалғастыра береміз. Өт тастарының 90-99 пайызы холестериннен тұрады. Жылу оны ерітіп, ауырып жиырылуын жояды. Тастан өт жолымен кедергісіз жылжи алатын болады.

4. От жолдары кенейтіш мүмкіндігі бар майлар бұлшықтардан тұрады. Олардың кенею мүмкіншілігі 2 см-ге дейін жетеді.

5. От тастары сорылып, кері қарай қайтуы да мүмкін. Бұл белгілі себептерге байланысты коллоидтардың ісінуінен, сондай-ак өттің қалыпты жартылай еруінен де болады. Бұл арада екі бағытта өсер етеді:

а) от қышқылын көбейту мен өттің сыртқы тартылуын төмендептіп, коллоидтардың ісінуіне мүмкіндік туғызады және жартылай ерітеді;

ә) коллоидтың корғауын арттырады;

6. Лимон шырынының қышқылы өте күшті, дәмді болады. Шығыс медицинасы қышқыл, дәмді заттар бауыр қызметіне ерекше дем береді деп біледі. «Лимон шырыны мен эфир майының екеуі де өтті жарыса залалсыздандырады, куалап шығарады» – дейді.

7. Инемен емдейтін қытай дәрігерлерінің айтуынша, «бауырдың қызметі сағат 23 пен түнгі сағат 3-тің аралығында мейлінше белсенді болады. Бұл – бауыр мен өттің биологиялық ырғағын білдіреді» екен.

8. Біз өзімізді-өзіміз сендіру арқылы өт жолдарын кенейтіп, өттің мол көлемде шығуына ықпал етеп аламыз. Емдеу шарасы барысында күш-қуатты солай қарай ойлау арқылы бағыттап, тиімділігін арттыруға да болады.

9. Мұрынның сол жақ қуысын бітеп, оң жағымен тыныс алып, йогтардың денені қыздыратын тәсілін іске асыру арқылы қоқыстарды ірітіп-шірітетін күшін де пайдалануға болады.

10. Ай толған кезде дененің тазару мүмкіндігі артады. Жазғытұрым бауырдың қызмет белсенділігі ең қүшті, күз мезгілінде ең төмен болады.

Бауырды тазартудың ең қарапайым пайдалы әдісі жетерлік. Оны тазартуға қолданылатын физиологиялық механизмі бұрын тек зәйтүн майы мен лимон шырыны ғана болатын. Қазір зәйтүн майының орнына құнбағыстың, лимон шырынының орнына құргақ лимон қышқылы мен шырганақ, тошала (крыжовник), мұк жидегі (клюква) пайдаланылатын болды. «Зәйтүн майы мен лимонның орнына бұл жидектерде де дәл сондай тазарта алатын қасиеттері бар екенін өмір тәжірибесінің өзі көрсетіп берді», – деп жазады Г.Малахов. Автор өзіне тәжірибе жасай жүріп, көзі әбден жеткендігін айтып отыр. Бұл алмастырылған жеміс-жидектердің, құнбағыс немесе жүгері майы, құргатылған лимон қышқылы (лимон қышқылының ұнтағын суға табиғи лимон шырынының дәмімен бірдей болғанша әбден араластырып тұтыну керек) зәйтүн майы мен лимон шырынынан сапасы жағынан еш қалыспайды. Сондықтан зәйтүн майы мен лимонның тапшылық жағдайында осы аталған өнімдерді немесе жергілікті өлкеде өсетін табиғи ашы жемістерді пайдаланған лазы姆. Бәрін айт та бірін айт, тазартудың негізгі жасырын сыры «ағзаны жұмсақту шарасы» аталатын, алдын ала жасайтын дайындық жұмыстарына тікелей байланысты.

Сумен, жылумен жұмсақту шарасы тазарту шарасынан бұрын 3-4 мәрте жасалған болуы тиіс. Ыстық буга, моншаға немесе науага отырып, денені бусатқаннан кейін алдын ала дайындал қойған сұық суды төбеннен бастап, өнене бойынды қуалата, кем дегенде 5-10 секунд уақыт ішінде сорғалатып ағызысын. Мұндай шара жасалғаннан кейін тазартуды жүргізгенде бірінші ретте-ак катып қалған нәжіс тастармен бірге қалдықтар да шыға бастайды. Жұмсақту шараларын жасағаннан кейінгі күні бауырды тазарту басталады. Мысалы, 15 наурыз ай толатын күн болса, соңғы жұмсақту шарасы 14-і күні жүргізілгені жақсы. Ағзаны тазарту жоспарының ең манғызды бөлігі жұмсақтудан басталатынын әсте ұмытпа. Ай туралы түсінік: жаңа ай 1-і күні көрінбейді, туған айдын 2-сі, 3-і күні көрінеді. Тазарту жұмысын айдың әбден толған 15-і күні жасасаң сәтті болады. Бұл қазақта ертеден бар ырым. Мұның ғылыми

негізі де бар. Ай мен Күннің жерді тартатын тартылыш күшіне негізделген.

Тазарту шарасын бастаудан 3-4 күн бұрын негізінен өсімдік тағамдарымен қоректенген (қырыққабат, сәбіз, басқа да ашты дәмді жеміс-жидектер) абзал. Ал картоп, жер жанғағы, күнбағыс дәні, жұмыртқа жеуге, сүт ішуге әсте болмайды. Бауырды тазартуды толған айдың 14-15-іне сәйкес келетіндегі етіп, ток ішекті тазарту мен моншага отырып терлеп, ағзаны жұмсаруды айдың 7-8-і күндері бастаған лазым. Бұл орайда айдың күндерін санауды шығыс күнтізбесі арқылы жүргізген дұрыс.

Қырыққабат, сәбіз, қызылшаның жаңадан сығылған жас шырының ішу пайдалы. Консервіленген тағам түрлері жарамайды. Ишер алдында әрқайсысын бөлек-бөлек шырын сыккыштан өткізіп, сәбіз, қырыққабат пен қызылша сөлін ішердің алдында 100 г қызылшага 400-500 г сәбізді араластырып іш. Қызылшаның дәмі бұрын ішпеген кісіге үнамауы мүмкін. Сондыктan күніне ас қасықпен 3 рет ішіп, жаттығып алғанның артықтығы жок. Ішекті несеппен шаюды күніне бір рет жасаған дұрыс. Айтылған дайындықтарды ерінбей, жалықпай алдын ала дайындалп кой. Эсмархтың торсығына қатысты алдынғы тақырыпта айтылғандар бойынша дайындал ал. Науа (ванна) болғаны жөн. Оған құятын 1 куб метрдей қайнаған ыстық су қажет. Науа немесе ыстық моншага отырып, терлеп шығарда, төбеннен төмен қарай 5-10 секунд ұақыт аралығында сорғалатып ағызатын 5 л сұық су құйылған ыдыс дайын тұрсын. Дайындықсыз, жоспарсыз іс – нәтиже бермейді. Эсмарх торсығын еденнен 1,5 м биіктікке іліп, әзірлеп кой. Жейтін сәбіз, қырыққабат, қызылша, алма, жеміс-жидектер мен салат, шырын сықыш, бәрі-бәрі дайындалған болсын.

Іш тазартуда отыратын дәретхана тым алыста болмасын. Үйде болса, тіпті жақсы. Ал бауырды тазартуда отыратын таза ыдысын болсын. Өйткені, нендей зат шыққанын әр тазарту шарасын жүргізген сайын анықтап көр. Тоқ ішекті тазартканда мұның қажеті жок. Енді міне, бауырды тазартуға кірісетін күн де жетті. Ай толған. Танертеңгілік дәреттен кейін тағы да ішегінді сумен шай. Жоғарыда айтылған шырынды іш. Соナン кейін женіл тамақтан. Сәбіз бен қырыққабат салаты болғаны жақсы. 1-2 сағаттан кейін он жақ қабырғаңының астына жылдықты қойып, қыздыра баста. Ол үшін

жылыштықса ыстық су құйып ал, немесе электрожылытқы пайдалануға да болады. Осылай күні бойы бауырынды жақсылап қыздыр.

Шамамен сағат 19-20-дан бастап бауырды тазарту шарасына кіріс. Ішетін зәйтүн майы мен лимон қышқылын 30-35 градусқа дейін жылыштып ал. Майдың мөлшерін дene салмағына сәйкес пайдалан. Майды ағзаның қабылдау шыдамдылығына қарай ішкен жөн. Сөйтіп, бір стакан май, бір стакан лимон шырыны құюлы дайын тұр. Сіз майды 1-2 ұрттап, тағы да соншалықты қолемде шырын ішесіз. 15-20 минут өткен сондай-келесінде бастағанда, тағы да әрқайсынан 1-2 ұрттаныз. Тағы да 15-20 минут тоса тұрып, акыры таусылғанша қайта ішесіз. Қобалжымай, ешнөрсеге аландаамай, теледидар көресіз бе, ертегі айтасыз ба, «Мың бір тұн» ертегісін оқисыз ба, сабырлық пен байсалдылық көрсетіп отырыныз. Қүшті тазара бастаған кезде бауырың тынышталған сияқты сезінесін. Сондықтан қорықпа. Қорықсан өт жолдарың жиырылып, жабылып қалатындықтан, бауыр мен өттегі қалдықтар сыртқа шықпай қалады. Тіпті қорка бересен, 2 таблетка ношпа ішсен, бәрі өздігінен қалпына келеді.

Денендеңігі сырқатты айдан шығуға көмектесуге жаратушыдан тілек тілеудің артықтығы жоқ. Бастысы, нәтижесің деңсаулыққа жақсы болатынына өуелі өзін сенген болуың керек. Бауырым тазартылады, өзір ширақпын, сауығып кетемін деп ойла да, бар күш-куатынды бауырға бағышта. Көп күнге созылған ауыр жұмыстан кейін ашығу мен бауырды тазарту шарасын 4-5 күндей тыныштып алғаннан кейін жаса.

Бауырды тазартуды неше рет, қашан жасау керек. Бауырды алғашқы тазарту кезінде ағза көп күш жұмсайтындықтан, ауыр болуы ықтимал. Бірінші рет тазартуда көгеріп кеткен ескі өт, ақшыл жіп сияқты заттар көп шығады. Ал тастар көрінбейді. Бұл бауырдың тастанды қалдықтарға толып, бітеліп қалғандығынан болады. Ал келесі тазарту шарасында тастар көп шығатын болады. Екінші тазартуды көніл-күйіне қарап жаса. Ол өлдекайда женіл өтеді. Екінші тазартуды алғашқысынан 2-3 апта өткеннен кейін, үшіншісін бір айдан кейін жүргізу орынды. Келесі жылда 2 рет, сонғысын тағы бір жыл өткеннен кейін жасау орынды, – деп жазған Г.Малахов.

Бауырдағы қалдықтардан негұрлым тез айыға алсан, со-

ғұрлым қан айналымы мен аскорыту, зат алмасу үдерістері жақсарады. Тазарту шарасын өтте ұйысқан жіп пен шөпшалан сияқты калдықтар әбден жоғалғанша жасау дұрыс.

Алдын ала және бауырды тазартқаннан кейінгі тамақтану. Бауырды тазартқаннан кейін тағамға деген тәбетін шапқан кезде ғана іш. Жанадан сығып алынған жас қызылша мен сәбіздің шырынын араластырып (1 : 4 қатынас бойынша немесе 50 г қызылша, 200 г сәбіз шырыны) іш. Сәбіздің орнына алманың шырынын ішуге де болады. Алманың қышқылы тиімдірек. Егер ағзаныз май ішуге бейімделмеген болса, алғаш ішкен кезде қатты лоқсытады. Сіз бір-екі үрттап май ішіп, сондай көлемде лимон шырынын ішесіз. Нәтижесінде лоқсыту ынғайсызыдығы өздігінен қайтуға тиіс. Келесі кезекте майды 15-20 минут өткеннен кейін ішесіз. Май мен шырын ішу аралығы ұзак сияқты сезілгенімен, мұның пайдасы бар. Егер ішкен май ағзанызға жақпай лоқсуга берсе, сол ішкенінді қанағат тұт, соның өзі де жеткілікті.

Жеткілікті көлемде май ішкен жағдайда жылытқыны алып таставуға, сол күйінде қойып қоюға да болады. Егер ішілген май мен шырынның көлемі 100-300 г аралығында болса, ағзага ықпал ету тиімділігін арттыратын басқа да шаралар қолдан: май мен шырынды ішкеннен кейін 1,5-2 сағат өткізіп, өкшенмен жүрелей отырсан, тазарту шарасына жақсы әсері болады. Сол жақ танауынды мақтамен тығындалап, он жақ танауынмен ғана тыныс ал. Тіліңе аздаған ашы бұрыш сал. Он жақ қабырганың үстіне, бауырдың тұсына Кузнецованың аппликатор инесін қой. Бұлар өтті қоздыруға тамаша әсер етеді де ағзаның ішкі құаты (энергия) жылудың көлемді бөлігін бауырға қарай бағыттайтын ықпал жасайды. Иштегі демді сыртқа қарай шығарғанда, денедегі бар қызу бауырға қарай ағылады. Шақпак етке салмақ түсіріп, минутина 4-6 мөрте ғана баяу тыныс ал. Демінді сыртқа шығарған кезде, ішінді мейлінше ішке тартып (кол тигізуге болмайды), бір сөт дем ал, демінді ішке тартқанда ішінді шаманның келгенінше қампайтып, іштегі ауаны жоғары қөтер. Осылайша тыныс алушмен бір мезетте бауырдың төнірегін сылап-сипасан, ол қан айналымын арттырады. Тастанды заттар мен үйіған қанды шайып, сыртқа шығаруға көмектеседі. Осылайша, 15-30 минут демал. Онан кейін бір сафаттай тыныстап, тағы қайтала. Демалып, тынысып жат-

қан аралықта, бауырдың үстіне магнит аппликаторын немесе магнитті зат қой. Бауырдағы қан айналымын магниттің күшайтеттің әсері болатынын ғалымдар әлдекашан дәлелдеген. Қызыл қан түйіршіктері қылтамырлардағы қысымның күшімен ғана өтетін мүмкіншілігі жоқ. Оларды жылжытатын басты механизм – қылтамырлардың кеңейген ұштарындағы қызыл қан түйіршіктері бір-біріне өздігінен жақындейді да түйіршіктері аттас зарядты болған себепті бір-бірін теуіп, өздері аз шоғырланған жаққа қарай ығысады. Осы айтылғандардың нәтижесінде атальыш тамырларда қозғалыс пайда болады. Бауырда көк қан қылтамырлары жүйесі өте көп болатындықтан, бауырдағы қан айналымын жаксарту үшін қосымша күш ретінде магнитті пайдалану қажет.

Жоғарыда келтірілген тазарту шарасына сай келетін басқа амал бүгінде жоқтың қасы.

Бауыр мен өт жолының табиғи ырғағының белсенділігі түнгі сағат 23-тер шамасынан мейлінше арта түседі. Сол себепті бауыр мен өт жолында кордаланған лас заттар мен тастанар түн жарымы мен таңға жуық уақыт аралығында сыртқа шыға бастайды. Ол заттарды көргенде салауатты өмір салтын ұстанбай, дұрыс тамақтана білмегеніннің салдары неге ұрындыратынын, бұрынғыша өмір сүрудін каншалықты қауіпті екеніне көзің жете түсетін болады. Таңертең бұрынғысынан да көп көлемде мұнайдың қалдығына үқсас өт, тастанар көптеп шығуы мүмкін. Ондай жағдайда, қайталап ішті сумен шаудың еш артықтығы жоқ. Артынша жатып тынығып ал.

Тазарту шарасы біткеннен кейінгі алғашқы асың 0,5 литр көлеміндегі сәбіздің, қызылшаның немесе алманың шырыны болсын. Ол қорытылып, қарның ашқан кезде салат же. Суға піскен көже ішсе де болады. Онан кейін салауатты өмір салтына сай өмір сүрге өдетьтен.

Тәжірибеде белгілі болғандай, салмағы 60-65 кг болатын адамдар (ерлер де, әйелдер де) алғашқы тазалау шарасын жүргізген кезде, алдымен машықтанып барып, ішетін майдың көлемін 150-200 грамға жеткізіп алу керек. Соңғы тазару шарасы кезінде ішетін майдың көлемі 300 грамға жетсе тіпті жақсы. Егер құсықтың құрамында жасыл, кара, т.б. түсті сілекейлер байқалса, бұл – ішілген май мен шырын асқазан қызметінің белсенділігіне дем беріп, жылбы-

сқы қаспактардан тазарту жатқанының белгісі. Мұндай жағдай алғашқы тазалау шарасын жүргізген кезде де орын алады. Екінші шара кезінде ішетін май мен шырынның көлемін аздап азайтуға, үшіншісінде – аздап көбейтуге де болады.

Тазарту шарасын жүргізгенде дененді босансытып, бұлшықтарынды әлсіретуге тырыс. Сабырлы, жайбаракат бол. Май мен шырын ішіп, тазарту шарасын жүргізген кезде ешқандай ауыргандық білінбейді. Әсіресе, бауырдан тастанды қоқыстар сыртқа құшті шыға бастағанда бауырың демалып жатқан сияқты өсер береді.

Мұндай коспа тағам өте дәмді болады. Жалпы айтканда, қызылшаның шырыны өте сирек кездесетін пайдалы ас. Ондай минералдық заттар көбіне сілтілік қоспаларда кездеседі. Қызылша, сәбіз, қырыққабаттың шырынын зерттегенде, ең пайдалы өт қызылша шырынынан бөлініп шығатыны анықталған. Бұл арада сөз астың қорытылуы жөнінде болып отыр.

Ғалымдар қызылшаның құрамында бетаин болатынын анықтаған. Бетаин – өте тамаша қасиетке ие зат. Химиялық құрылышы жағынан зат алмасу үдерісін реттеуші холин мен лецитинге ұқсайды. Бетаин ақуызды сініруге мүмкіндік жасап, сол арқылы бауырдың қызметін арттырады. Қызылшаның құрамында сапонин мен V дәрумені де мол болады. Қызылшадан берішке қарсы пайдаланылатын дәрі де алуға болады. И дәрумені берішке қарсы өсер етіп, холестериннің зат алмасу барысын жақсарту жағынан метионинге ұқсайды. Аллергияға қарсы тұратын қасиеті де бар.

Қызылшаның құрамындағы магний қан тамырларының ұяңдығын қанымдаپ, оның жиырылып-созылғыш қасиетін реттейді. Тамырдағы қанның үюнина бөгет жасайды.

Жоғарыда айтылған шырындардың ағзаны сауықтыру қасиеті дөртке шалдықтан бауырдың жедел түрде жазылып, тез арада қалпына келуіне жәрдемдеседі. Бұл әсіресе жасы ұлғайған адамдар үшін өте қажет. Тазарту шарасынан кейінгі ішетін тамағын қырыққабат пен сәбізден жасалған салат болсын. Лимон шырынынан аздап қана қосып, дәмі қышқылырақ болғанда же, аз мөлшерде тұздаса да болады.

Салаттан кейін ішетін тамағың суға пісірілген ботқа болсын. Оған аздаған май салып же, немесе теңіз капустасын қосып жеуге де болады. Шарадан соң түскі асың мен кешкі тамағыңды осылай ретте. Келесі күннен бастап, мәзірінді әртүрлі тамактармен молықтыруға болады. Бұдан кейінгі уақытта бауырдың қызметіне зиян келтірмейтін тамак түрлерін тұтынуға бейімдел. Зиянды тағам түрлері: қатты қуырылған ет пен балық, олардың кою сорпасы, барлық түрдегі консервіленген тағамдар, жоғары температурада әрі қысыммен дайындалған кептірілген майлы азықтар, «озық» технология арқылы қек сүттен тартылған ірімшік (сыр) сияқты тағамдарданабай болуды ескертеміз. Қек сут казеинге бай. Казеин желім өндірісінің негізгі шикізаты себепті адамның денсаулығы үшін өте қауіпті зат.

Крахмалға бай тағамдар (әсіресе жоғары сортты ұннан жасалған) бауырдың ұлпаларын бітеп, қатайтады. Дертке шалдыққан бауырға бұршақ тұқымдастарын қорыту қынға соғады. Сірке қышқылы, бұрыш, шалғам, редис, пияз сияқты азықтарды бауыры ауыратын адамдарға татуға болмайды. Бауыры сырқат адамдар үшін А, В, С, К дәрумендері қажет. Әсіресе, В дәрумендері тобының бауырды қалпына келтіру өсері тамаша. В₆ – бауырдың уға қарсылық қуатын күштейтеді. Оның бұл түрі бұр жарған бидай мен сыра ашытқысында мол. В₃ (РР) бауырдың жасушаларындағы энергетикалық алмасуға дем береді. В₁₂ дәрумендері акуыздың алмасуы мен ферменттердің тотықтыру реакциясына қатысып, акуыздың шоғырлану мүмкіндігін арттырады, осылайша есіп-өну факторы ретінде көрінеді. Бауырдың жойылған жасушаларын В₁₂ дәрумені қалпына келтіреді. Аскорбин қышқылы – С дәруменінің күніне бір грамы бауырдың қызметін жақсартып, улы заттарға деген қарсылық қуатын арттырады. Жойылған торшаларды қалпына келтіреді. Бұл дәрумендер қырыққабат пен сәбізден жасалған салатта, итмұрынның тұнбасында, алманың шырыннанда мол.

Бауыр ауырған кезде алдымен иш қатуды ретке келтіру керек. Иш қатқан кезде ішекте қордаланған қоқыстардың іріп-шіруі күшейіп, канға улы заттар сінеді де бауырға қарай өтеді. Науқастың хал-ахуалын ерекше төмендетіп жібереді. Ауыруды емдеу шарасының ұзакқа созылып кету мүмкіндігін арттырады. Бұл айтылғандардан шығатын

қорытынды: тұтынатын тағамдар негізінен көкөністер мен жеміс-жидектерден болғаны дұрыс. Оның өзінде шикілей болғаны тіпті пайдалы. Ас мәзірінің құрамында дәнді дақылдардан бүр жарған бидайдың болуы бауырды дәрідәрмексіз емдеудің өсерін жылдамдата түседі. Мұндай қоспа тағамға бүр жарған бидай негіз етіп алынады.

100 грамм бүр жарған бидайды ет үккіштен өткізгеннен кейін оған сонша көлемдегі қызылشا мен сәбіздің үгіндісін қосасын. Оған құрғатылған өріктің үгіндісі мен 50 грамм лимонның сығынды шырынын араластырып, аздаған бал қоссан, дәмі сәл қышқылдау жұғымды асқа айналады. Осылай дайындалған қоспаны жеп үйрен. Мұндай қоспаны ботқамен бірге, не бұл екеуін күн араластырып кезекпен жесе өте пайдалы. Қоспа дайын болғаннан кейін оған қаймақ немесе өсімдік майын араластырып жесе де болады. Сонымен сіздің тұтынатын тағамдарыңыз негізінен жанадан сығылған шырындар, салаттар, ботқа және мұнда айтылған қоспалардан болсын. Көкөністерді аздалап буға ұстаяға да болады. Ас мәзірінізді жанғақ, картоп, құрт, ірімшік (өндірістік емес) сияқты тағамдармен молайтып, тамактың сапасын, көлемін арттыруға болады. Жанадан сығылған шырыннан күніне 2 литр мөлшеріне дейін жетерлік көлемде іш. Өндірістен шыққан шырындарды емдік шараға пайдалануға әсте болмайды. Оның құрамында ұзақ уақыт сактауға арналған консерванттар мен бояулар болатындықтан, тіпті де жарамайды. Бояудың құрамында қорғасынның болатыны аса қауіпті. Сондықтан шырынды өзің дайындағаның абыз ал. Өзің дайындаған мұндай тағамдармен күніне 4-5 мәрте тамактан. Бұлай істеу бауыры ауыратын адамдар үшін ерекше пайдалы. Бұл тағамдар бауырдың қан айналымын жақсартады. Глюкозаның ұлпаларға жетуін жылдамдатады. Электролит, май, глюкозалардың зат алмасуын арттырады.

Бауырды қалпына келтіру шарасында таңертенғілік денені салқын сумен шайыну жақсы өсер береді. Жүргі ауыратын адамдар үшін болмайды. Жел-құзы бар карт адамдар да сақ болғаны жөн. Мұндай жасалған шарадан кейін ағзадағы күш-қуат қолтық астына жиналып, содан кейін ғана жан-жаққа тарайды. Ал бауыры сырқат адамда-ра да осы кенесті естеріне саламыз. Сондықтан қолтық астын орамалмен күніне 3-4 мәрте 2-5 минут мөлшерінде

үйкелеп сұрткен дұрыс. Өте ыстық, құрғақ ауалы жерден аулақ бол. Әртүрлі дene жаттығулары жақсы әсер етеді.

Осы тақырыпта айтылғандар бойынша тазарту шарасы жүргізілсе, әсерінен өттің физикалық және химиялық касиеті өзгеріп, жабысқақ-тұтқырлық касиеті кемиді. Өт қышқылының құрамы артып, холестерин сүйелады. Егер асказанда ас қорыту сөлі аз болса, жаңадан сырғып алынған жеміс-жидектің шырынын тамақтанардан алдында 15-20 минут бұрын іш. Егер аскорыту сөлі көбейген болса, тамактан 1-1,5 сағат кейін іш. Қыжылдаса, аскорыту сөлінің көбейгенінің, ас ішкеннен кейін батып ауырса, азайғанының белгісі. Егер аскорыту сөлі қалыпты болса, жеміс-жидектер шырынын тамақтан 35-40 минут бұрын іш.

ТОҚ ШЕК ПЕН БАУЫРДЫ ТАЗАРТУ ТУРАЛЫ СОҢҒЫ СӨЗ

Дұрыс тамақтана білмегендіктен, ішкі мүшелерде пайдада болатын қалдықтар алдымен тоқ ішекте жиналады. Соңан өтіп, әрбір жасушаға шөгіп, ақыл-оиды жауап, едәүір коркыныш туғызады. Сонымен, тоқ ішек ағзаның ен үлкен лас қоймасына, ауру тудыратын лас бұлақ көзіне айналады. Сөйтіп, тоқ ішекте көбінесе су сінірудің басымдылығы артатындықтан, онымен бірге барлық тастандылар, уланған заттар лек-лек тасқынмен қанның құрамына еніп, ішкі мүшелерге ағылады. Ағзаның залалсыздандырығыш өзіндік қабілеті түкке де тұрмай қалады. Тоқ ішектің төменгі бөлігінде тазаланбай қалған көк қан түйіршіктеп бауырга соқпай, оның сұзгісінен өтпей тура жүрекке құйылады.

Егер тік ішектің ластануы салдарынан (іш қату, үлкен дәрет толығымен сыртқа шықпай, күшпен шығаруға да тура келеді) қан улы заттармен қанығып, өмір сүрудің денсаулық тірегіне өлшеусіз зиянын тигізеді. Жүректің түрлі ауруларына душар етеді. Жүрек немесе кез келген басқа да мүшелер қан таза болғанда ғана ем қабылдан, сауыға алады. Қанның таза болмауы – салауатты өмір салтын білмейтін, дұрыс тамақтана алмайтын, өз жеке басымыздың білімсіздігінен болады. Қан таза болмаса, сырт елден алдырған ешбір дәрі-дәрмектің де, ғылым мен техникасы

дамыған елдерге барып емделуден де еш көмек күтпей-ақ қойыныз.

Сондықтан алдымен дұрыс тамақтана білуді үйрен. Осы заманғы алдын ала жартылай дайындалған, өндірістік тәсілдермен тазаланған тағамдар бауырды қыска мерзімнің ішінде-ақ қоқыс улы заттарға лық толтырады. Оған ток ішектен арт-артынан келетін лас тастан-дылар мен улы заттар қосыла береді. Қан айналымы баяу-лайды. Аяқ-қолда ісік пайда бола бастайды. Бауырдың көлемі үлкейеді. Бауыр толығымен тынысталған алмай тұншығады. Улы заттардың салдарынан ісік пайда болады. Ісік өз кезегінде ракка айналуы да мүмкін. Мұндай халге келтірмес үшін бауырды алдымен қоқыстардан тазартып, оның қызметін қалпына келтіріп отырсан, ол өздігінен де сауыға алады. Сондықтан алдымен ток ішекті тазартып болғаннан кейін бауырды тазарту керек. Ал ток ішек тазармай тұрып, бауырды тазартудың еш нәтиже бермейтіні өзінен-өзі түсінкіті.

Шанк Пракшалан жаттығуы (8-суретке қараныз) — ауыз қуысынан бастап, тік ішектің артқы тесігіне дейінгі аралық-тагы асқорыту жолдарын тазарту мен жуып-шаюдың көнеден келе жаткан әдістерінің бірі. Мұндай тазалартуды бастаудан бұрын алдымен ішті сумен шайып, тазартып алу керек. Су ауызбен жұтылып, ары қарай асқазан арқылы ішектерден өтіп, сыртқа шыққанға дейін жалғасады. Сыртқа шыққан су мөлдір таза болғанға дейін бұл жаттығуды орындаі беру қажет.

Сумен тазарту шарасын дайындық жасаудан баста. Суды дene температурасына сәйкес жылытып ал, 1 л суға 5-6 г мөлшерде тұз салып ерітіп ал. Бұл қан сұйығының тұз ерітіндісіне сәйкес келеді: 1 литр суға шай қасығының ернеуімен бірдей тұз сал. Сөйтіп су тұздықталған болсын. Су тұзсыз болса, асқазанның шырышты қабаты арқылы өткенде қанға сініп кетеді. Ал қан мен судың құрамындағы тұз бірдей болған жағдайда су қанға өтпейді. Қан мен тұздаған судың тартылу қысымы теңелген жағдайда, асқорыту жолдары арқылы еш кедергісіз өтіп, сыртқа шығады. Қанға өткен су бүйрек арқылы несепке айналатыны белгілі. Тұздың мөлшерін өр адам өзі реттегені жөн.

Сумен тазарту шарасын жүргізуідің қолайлы кезеңі. Ең

қолайлы кезең танертенгілік ашқарында басталады. Шараны жасауға 45 минуттан 1 сағат уақыт жұмсалады. Асқорыту жолдары арқылы суды өткізу шарасын жүзеге асыру үлгісі тәмендегідей.


1. Дайындалған алған бір стакан тұзды су іш.

2. Жазылған тапсырманы дереу орындаі баста.

3. Бір стакан тұзды суды тағы ішіп, қозғалыстарды орында (8-сурет).

Осы тапсырмаларды орындағаннан бастап, су баяу ағып, ішектер арқылы тәмендеп өте береді. Жүрек айнып, құсқысы келмейді. 6 стакан су ішіліп біткенше қозғалыс жасап, алма-кезек іш. Аралық уақытта дәретханаға бар. Бірінші үлкен дәретке отыру шашпаң басталады. Бірінші шыққан нәжіс кәдімгідей де, соナン кейінгісі жұмсақ, соңғысы сұйыққа айналып, сыртқа шығады. Егер олай болмаса, тұзды су ішпей, 5 минут уақыт жаттығу қозғалысын қайталарап, дәрет алуға отыр. Егер сыртқа ештене шықпай, күткендергідей нәтиже бермесе, ішінді тұзды су құйған клизмамен шай. Сөйтіп, тік ішекке су жүгірсе, бірінші нәжіс шығысымен-ақ қалғаны өздігінен саулап сыртқа шығады. Бір кенес: денені тұзбен тітіркендірудін алдын алу үшін тік ішектің сыртқы тесігін дәретке отырған сайын тек арнаулы жұмсақ қағазбен сұртіп, артынан жылы сумен жуып, құрга-тып, өсімдік майын жақ. Бұл шара жаракат алудан сактай-ды. Үлкен дәретке отырған соң 1 стакан су іш. Жаттығу қозғалысын жаса. Сонын дәретке бар. Қозғалыс жаттығуларын жасап, су ішкен соң дәретке отыруға тұра келеді. Осылайша, іле-шала су ішіп, жаттығу жасап, дәретке отырып, су ішетін шараны сыртқа таза мөлдір су шыққанша жалғастырасын. Ішектің ішкі тазалығына байланысты 10-14 стакан су ішіледі. Ішкен сайын жаттығу жасалады. Бұдан да көп мөлшерде су ішетін жағдай өте сирек ұшырасады. Су таза мөлдір қүйінде шыққан соң ғана шараны жүргізуі тоқтатамыз.

Соナン кейін асқазанды тазартып, жұмыс қызметін тоқтату үшін тұzsыз ұш стакан су ішіп, құсу жөн. Шанк-Пракшалан шарасынан кейін, йогтардың Вамана-Дхоути дәстүрі бойынша, саусақты тілдің арт жағы мен тамаққа тигізіп, тітіркендіру арқылы құсқық келтіреді.



8-сурет.

Шанк-Пракшаланның асқазан-ішек жолдары арқылы су жүргізетін төрт жаттығуы.

Бірінші қозғалыс. Екі аяқтың арасына 30 см бос орын қалдырып, өзін тік тұрасын. Екі қолдың саусактарын бір-бірмен айқастырып, алақанды жоғары қаратасын. Арқаң түзу әрі тік болуы керек. Тыныс алуын бір қалыпты болсын.

Кеуденің жоғарғы бөлігімен алдымен солға қарай қисайып, қайта тіктеліп, одан онға қарай қисаясын. Осылайша қозғалысты 4 немесе 8 рет қайталады. Бұл 10 секунд уақыт алады. Осы қозғалыстың нәтижесінде асқазанның ұлтабарға (12 елі ішек деп те аталады) өтетін жолы ашылып, ішілген судың жартысы ұлтабарға өтеді.

Екінші қозғалыс. Бұл қозғалыстың нәтижесінде су ашы ішекте ілгері жылжуға мәжбүр болады.

Негізгі қалыпта тік тұрасын. Оң қолынды қөлденен созасын. Сол қолындың бас бармағы мен сұқ саусағы он жақ бұғанана жанасып, тиіп тұрсын. Сөйтіп, қөлденен созып тұрған қолынды қеуденмен қоса, бір мезгілде, мүмкіндігінше артқа қарай айналдырып, қолындың саусактарының ұшына қарайсын. Айналдырган бойда, тоқтамастан, де реу алғашқы жағдайға қайта келіп, қарсы бағытқа бұрыласын. Осылайша қозғалысты 4 немесе 8 рет қайталады. Бұл қозғалысқа да 10 секундтей уақыт кетеді.

Үшінші қозғалыс. Бұл қозғалыстың нәтижесінде судың аңы ішкеп жылжуы жалғасады. Мұнда аяқтың ұлкен башпайы мен екі қолдың алаканын жерге тіреп тұрасын. Табандардың арасы 30 см қашықтықта болсын (бұл өте маңызды). Оң жағына қарай бұрылып, он жақ аяғынан өкшесіне қарайсын. Қайтадан негізгі қалыпқа келіп, келесі кезекте сол жағына бұрылып, сол жақ аяғынан өкшесіне қарайсын. Бұл жаттығуды «жылан иірілген» деп атаса да болады. Жаттығу 4 немесе 8 рет қайталанады.

Төртінші қозғалыс. Аңы ішектің түбіне жеткен суды ток ішекке айдайды. Қозғалысы шектелген, буындары ауыратын адамдар жаттығудың осы түрін жасайды:

а) Табандардың арасы 30 см. Өкшені құйрықтың астында емес, санның сыртына орналастырып, жүресінен отырады. Қолдың алаканын тізенің үстіне қояды. Екі тізенің арасы 30 см қашықтықта талтайып отырады;

ә) Сол жақ тізені табанның алдыңғы жағына қойып, кеудені солға қарай бұрып отырасын. Ал алаканмен он жақ санды сол жақ бүйірге, сол жақ санды он жақ бүйірге кезек-кезек бағыттап, тоқ ішекті жартылай басып, жаншу үшін ішті жартылай қысады. Шке қысымды қүшейтуді іске асыру үшін кеудені бұрып, арт жағына кара.

Бұл жаттығуда ең алдымен іштің он жағынан бастап, басып, жаншу қажет. Жаттығу жасауға 15 секунд уақыт ке-теді;

б) Бұл қозғалыс ширатып бұрау қалпынан алынған. Ар-дха Матсиендрасана жаттығуы аталағы. Мұнда табан санның іш жағында орналасады. Иықты бүгілген тізеден ба-рынша алыстатып, кеудені артқа қарай шалқайту керек. Сөйтіп, іштің төменгі жағын қысып, омыртқаларды бұрау арқылы тізеге тірелген қолдар сүйемелдеуші міндегі атқара-ды (9, 1-сурет).

Сөтсіздік жағдай. Егер 4 стакан су ішкеннен кейін асқа-зан мен 12 елі ішек арасындағы қалканша ашылмай қалса, ары қарай өтүге тиіс су тоқтап, асқазан суға толып, қабыр-ғаларындағы бұлшық еттерде жиырылу түйсігі пайда болса, лоқсуға дейін барады. Енді су ішпей-ақ жаттығуды басынан бастап, 2-3 рет қайтала. Лоқсу басылса, судың ары қарай өткендігі. Ұлтабардың өнеші ашылысымен, бөгет жойыла-ды. Сізге жаттығуды жалғастыра беруге өбден болады. Бірақ қайсыбір адамдарда ішіп-желген астың ашуынан пай-

да болған газ тығындалып та бөгейді. Мұндай жағдайда қолмен ішті басып немесе иыққа тұрып (Сарвансана жаттығуы), төрт бірдей жаттығуды бірге жаса. Су мұлде жүрмей қалатын өте қолайсыз жағдайда сізге 2 түрлі шешім жасауға тұра келеді: он қолдың екі саусағын тілдің түбіне тигізіп, құссаңыз дереу женілдейсіз. Жаттығудан кейін демалып ашығудан бас тарту жөн.

Алғашқы тағам. Шан-Пракшалан жаттығуынан кейін мынадай жазылғандарды орында. 30 минут жаттығудан кейін 30 минут өтпей тамақтануға болмайды. Сондай-ақ соңғы жаттығудан кейін бір сағаттан ары тамақтанбауға болмайды. Бұл жаттығулардан кейін аскорыту жолдарын бір сағаттан артық уақыт мұлде тамақсыз қалдыруға тиым салынады.

Бұл шаралардан кейінгі алғашқы ас ауызға салғанда еріп кетерлікте езіліп піскен күріш болсын. Күрішті әбден жұмсарап піскен сәбізben бірге жеуге болады. Оған 40 г қаймақ қосса да болады. Тортасынан айырған май болса, тіпті жақсы. Күрішті бидай мен арпамен ауыстырса да болады.

Күрішті сұтке пісіруге әсте болмайтынын еске сақтау кепек. Жаттығудан кейін 24 сағаттың ішінде сүт, айран (кефир), ашытылған нан жеуге болмайды. Тек суға қайнатылған күріш, бидай, арпа, бұқтырылған көкөніс, ботқа же. Осылай тамақтану арқылы микрофлораларды бұрынғы қалпына келтіруге мүмкіндік туғызысады. Микроденелер ұрықтанатындықтан, жеміс-жидек пен көкөністерді шікі жеуге болмайды. Сондықтан ондай шікі тағамдарды келесі күннен бастап жеген дұрыс.

Сусын. Ағза жоғары осмостық белсенделік арқылы тұзды суды сініріп, қанның сұйықтарын ішекке тартады. Ашы ішек пен тоқ ішектің ұсақ түктөрін (микроворсинки) тазартып, қанның жартысы әдеттегі табиғи сініруіне қарама-карсы бағытта жүреді. Атап айтқанда, Шанк-Пракшалан механизмінің ерекшелігі осында дейді зерттеушілер. Ашы ішектің аскорытуы мен қоректік заттарды сініру қабілеті оның тазалығына тікелей тәуелді. Ишкі мүшелерді тазартуда ашығудан басқадай амалдар жокқа тән. Ишекті сумен шаю арқылы біз тоқ ішекті ғана тазарта аламыз. Ал аңы ішек бұл тазартудан сырт қалады. Сондықтан Шанк-Пракшалан әдісімен ғана тазартуға мүмкіндік бар. Бұл шараны жасағаннан кейін адам табиғи шөлдейді. Сонда да алғашқы тамақты ішкенге дейін су ішуге болмайды. Асқазаннан ұлта-

барға өтетін жол ашық тұратындықтан, су ішке тоқтамай ағып кетеді. Алғашқы тамақ жегеннен кейін біршама уақыт өткізіп барып, су ішуге болады. Немесе шөптің женіл түнбасын іш. Ал, 24 сағат өткен соң үлкен дәретке отырғанда иіс-коныссыз, жарқыраған сары түсті, омыраудағы баланың нәжісіне үқсас қоймалжын шығады. Іш қатып азаптаннын адамдар 6 стакан су ішіп, әр жеті сайын Пракшалан жаттығуын жасағандары дұрыс. Бұған шамамен 30 минут уақыт кетеді. Бұл ішек қызметін қалпына келтірудің таптырмайтын ең тәуір жолы. Мұнымен тоқ ішектің қабырғасы созылмайды.

Қолайлы әсер ету. Аскорыту жолдары әбден тазарғаннан кейін өзінді ете қолайлы сезінетін боласың: тынысың жана-рып, үйқын жақсарады. Дененде пайда болған бөртпелер жоғалады. Дұрыс тамақтануды жолға койсан, дененден шығатын жағымсыз иіс те кетеді. Сонымен қатар бауырдың қуаты артқанын алғашқы үлкен дәреттің омыраудағы баланік сияқты болып шығынан білінеді. Үйқы безінің асқорыту қызметі жақсарады.

Ауыздағы тұздың дәмі ас қорыту, жылу шығару мүмкін-дігіне дем береді. Екі ай бойына екі күн аралатып, Шанк-Пракшалан шарасын іске асырып отырса, әлі жетіліп үлгермеген диабет ауруынан жазылып кетуге болады. Бұл шаралы арнайы тамақтану ережесін бұзбай, аскорыту мүшелеп-рінің ыргағымен сәйкестендіріп, В дәруменіне бай табиғи тағамдармен коректеніп, қатар жүргізсе, көптеген дерптүрлерінен ада-куде құтылуға болады.

Ем болмаушылық. Асқазанында жарасы бар адамдар Шанк-Пракшалан тәсілімен өуестенуден тартынғаны жөн екенін ескертеміз. Сондай-ақ аскорыту жолдарының өткір аурулары – дизентерия, іш өту, өткір колит, өткір сокырішек, ішек туберкулезі, ішек рагымен ауыратын адамдарға бұл шара ем болмайды.


1. Ардха Матсиендрасана шарасы (9-сурет, 1-көрініс). Аяғында алға қарай созып отыр. Оң аяғынды бүгіп, өкшенді қөтенішектің тесігінен сәл жоғары орналастыр. Сол аяғынды он жақ санынан асырып, еденге қоясын. Он қолынды он жақ тізене қойып, сол қолыңмен сол жақ арқанды орап барып, он жақ санынды ұста.

Осы жаттығу – кеуденің, іштің, арқа белдемесінің, мойынның өсу сатысындағы ақауларын жояды. Бауыр мен

көкбауырды ауырудан корғайды. Ұрықты қоюландырады. Тұнгі поллюцияны (ұйқыда жатқанда ұрықтың өздігінен бойдан кетуі), жарықты, аппендецитті толығымен жазады.

2. Гарбхасана шарасы (9-сурет, 2-көрініс). Лотос гүліне ұқсап (падмасану) отыр. Қолынды қызыл асық пен санның арасынан күштеп өткізіп, екі қолынды да шынтақтап бүгіп, екі қолынмен жұдырығынды түйіп, бетінді сүйе. Жоғарыдағы Матсиендрасана шарасының нәтижесі осы Гарбхасана жаттығуын орындаумен жетістікке жетеді. Бұл бауыр мен көкбауыр ауруларына өте пайдалы.

3. Ардха шалабхасана шарасы. Етпеттеп жат. Қолдағынды дененмен бойлатып соз. Қолынды сырт жағымен еденге жатқызып, басынды жоғары көтеріп, алға қарай көзінді тік. Екі аяғынды кезек-кезек мүмкіндігінше жоғары көтеріп жаттығу жаса. Тізенді бұгуші болма. Жаттығу кезінде табаның ұзынынан созылған болсын. Бұл жаттығу – белдің, арқаның, бауырдың, көкбауырдың ауруларын жазады. Осы асана шараларын ұздіксіз түрде өмірде қолданса, әйелдер іштің төмөнгі жағының өткір ауыруынан ада болады.



9-сурет.

1. Ардха Матсиендрасана, 2. Гарбхасана, 3. Ардха шалабхасана.

Ескерту: 2-3-асана шарасын орындаған кезде қол-аяғын, көздеген жеріне жетпесе, дененде тұздардың шөгуінен пайда болатын себептерді жойып, дұрыс тамақтанып, ашығу, ішекті сумен шаю сияқты әдістерді қолданып, жасаруың, керек.

БҮЙРЕКТІ ТАЗАРТУ

Бүйректің негізгі міндеті ағзаны азот (N) өнімдерінен тазарту. Бауырдың оң жақтағы бөлігінің төмен түскен салмағына сәйкес оң жақтағы бүйрек сол жақтағысымен салыстырғанда 2-3 см төмен орналасқан. Сондыктan тастар көбінесе оң жақ бүйректе пайда болады. Эйелдердің бүйрекі ерлердің бүйрекінен төменірек орналасады.

Бүйректерден тәулігіне (24 сағат аралығында) 150 л қан сұзіледі. Бүйрек тостағаншаларынан өткен 100 л сүйықтың құрамынан бір литр мөлшерде несеп бөлінеді. Несеп түзілу – ішкі ортаның тұрактылығын сактауға бағытталған көптеген атқару тәртіптерінің жинағы. А дәрумені жетіспеушілігі салдарынан тас пайда болады. А дәрумені (В каротин) тастың пайда болуына бөгет жасап, тас пайда болса, оны ерітіп, жоятын қасиеті бар. Бүйректе тастың пайда болуына әсіресе бала кезде ішіп-жеген тағамдардың құрамы әсер етеді. Омыраудағы баланы бірынғай ботқамен немесе ұннан жасалған тағамдармен қоректендіру себептерден бүйректе тастың пайда болуына жағдай жасалады. Бұл бала өлімінің арту себептерінің бірі, әрі бірегейі десек артық айтқандық емес. Ботқа мен ұннан жасалған тағамдарда кальций мол болады. Кальций ыстық өндеуден өтсе, ағза оны сініре алмай, бүйрек тасын жасаудың алғашқы көзіне айналады. Оны алып тастағаннан кейін де қайтадан тас пайда болуының себебі осы. Адам тастың пайда болу себептерін білгісі келмеуімен қатар, өзі дұрыс та- мақтанғысы да келмейтіндіктен, оған аса мән бере коймайды.

Бүйрекке қандай да бір жолмен микроб түскеннен де бүйрек тасы пайда болуы мүмкін. Страфилакокк бүйректен несептің реакциясына тікелей әсер етіп, қышқыл реакцияны сілтілікке айналдырады. Бактериялық өзгерістер салдарынан мочевина – аммоний қышқылы несепке айналады да, нәтижесінде несеп құрамында тұнба пайда болады. Бауырдың тағы бір қасиеті мочевина жасау. Мочевина ақуыз алмасуының ең соңғы өнімі. Қаннан бүйрек арқылы сыртқа шығарылады. Несеп – органикалық және бейорганикалық тұздардың сумен арналасқан сүйық ерітінді жиынтығы. Ол – қорғаушы коллоидтардың арқасында ыстық пен суықтың жібермей ұстап тұратын қасиетке ие. Коллоидтар тұздардың

тұнып қалуына кедергі жасап, ерітіндінің бір қалыпта сақталуын қанымдайды.

Тұздардың еруіне коллоидтардың қаншалықты маңызды екенін несеп қышқылының мысалынан көрдік. Сейтіп, суда 1/39480 аракатынасында ериді. Қорғаушы коллоидтар әсерімен несеппен араласып, пайда болған органикалық заттардың көзге көрінбейтін ұсақ бөлшектерінен түзіледі. Олар тәулік бойында несеп құрамында бір-ак грамм болады. Оның ерекше түрі қорғау әсері үшін шешуші болып саналады. Бір бөлігі қанда жатса, басқасы бүйрек жасушаларының тіршілік әрекеттері әсерімен бүйректе пайда болады. Медицина бүйректе тастардың пайда болуын қорғаушы коллоидтардың бүйректегі сандық және сапалық аракатынастардың жетіспеушілігінің нәтижесінен болатын бүйрек жасушаларына тән ауру деп есептейді. Бұлайша өзгеруді (дис коллоидоурии) бүйректің міндетті әрекетінің орталық жүйке жүйесінің бұзылуынан деп білеміз. Тастандардың салмағы 20-50 грамнан бірнеше кг-ға дейін жетеді. Тастандар көбінесе он жақ бүйректе кездесетін себебі тоқ ішектің он жақ қабырғасы жұқа болатындықтан, ішектегі улы тастан-дилар онай отіп, он жақ бүйректі зақымдайды.

Кай заманда да дәрігерлер бүйрек тастарымен күресуге көп сұйық ішуді, жылы науага бұлауға отыруды ұсынады. Сұйық заттарды көп ішу бүйректің тостағаншаларын шайып, қатты заттарды азайту үшін қажет.

Жаңадан сығып алынған шикі көкөніс шырыны калийтеге бай. Сондықтан 7 бөлігі – сәбіз, 4 бөлігі – сельдерей, 2 бөлігі – акжелке, бір бөлігі – шпинаттан алынған шырыны қосып ішу қажет. Өзіннің несебінді іш, құрамында органикалық табиғи мочевина бар. Ешқандай зиянды әсері жок. Қазіргі медицинада несеп электролиттерінің оксолоттарды ерітуде манызы зор екендігі дәлелденген. Несепте тез ыдырайтын тұздар болады. Бұл тұздар қышқылды жояды нәтижесінде аурудың негізгі себептеріне әсер ететіндіктен, көптеген науқастар дертінен айығады. Ишken несеп бүйрек пен өз кіндігінде тұрып қалған тастарды айдал шығарады. Қарбыз, шай мен шөп, оймақгұл, жанарагұл тұнбалары – қан айналымын жаксартады. Қарбыздың шырыны денедегі сұйықты айдал, бүйректі тазартады. Қара шомыр, тұрып (редька) шырыны да тасты ерітеді. Ақжелке мен сельдерей құрамындағы эфир майы бүйрек ауруын басады. Бұл өсімдіктер тас-

тың пайда болуының алдын алуда пайдалы, асқорытууды жаксартады.

Бүйректі тазарту өдісі.

1. Бүйректе тас пайда болуының алдын алып, зат алмасу қызметін қалпына келтіру үшін салауатты өмір салтын реттеп, тағам түрлерін өзгерту керек.

2. Эркімнің қолайына қарай тастарды ұсақтап, құмға айналдыратын (таратып қайтаратын) амал-әдістерді пайдалану қажет. Қара шомыр, тұрып, лимон шырыны, тамырынан қызыл бояу алынатын риян шөбінің (орысша, марена) тұнбасы, самырсын майы, жанадан сығып алған көкөніс шырыны немесе өзінің несебін ішу сияқты кез келген тәсілдерді пайдалануға болады.

3. Ұсақталған жұмсақ тастарды (құм) бірте-бірте қуалау.

2-пунктімен бір мезгілде жарыса несеп қуатын тиімді амалдарды қүшайте пайдаланып, өзінің несебінді іш, не лимон косқан шай, жұзім жапырағының тұнбасы, қырықбуын шайын ішіп, қарбыз же.

Ұсақталған тастардың (құм) шыға бастағанын сезісімен оның ауыртпай тез шығуы үшін жылы науаға отыр.

Енді тәжірибеде қалай жасалатынымен танысады.

Бүйректі несеппен тазарту. Тұнде ауырған бүйрегіннің сыртынан несебінмен компресс қойып ұйықта. Несебінді көп мөлшерде іше бер. 20-30 күн ішіп, компресс қой. Толық жазылғанша жалғастыр. Арасында 10-20 күн үзіліс жасап, демалуға болады. Диабет ауруын да осылай емдеуге болады.

Бүйректі қарбызбен тазартуды қарбыз піскенде бастау қажет. Ол үшін қарбыз берін қара нан қорын жасап алу дұрыс. Мұнымен бір апта тамактанасың. Жегін келсе қарбыз же, ішкің келсе қарбыздың шырынын іш, қарбызды қара нағман жеуге көнілін соқса, жей бер. Қарбызбен бүйректі тазарту кезеңінде отбасы адамдары түгел бірге болсын. Тас, құм шыға бастағанда жүрек босаңсуы мүмкін. Сондықтан корвалолды тамызып ішкізеді, валидолды тілдің астына салады, мұсөтір спиртін иіскетеді, осылай алдын ала дайындал алған жөн. Бұл өзі пышақсыз болса да кішкентай жасалып жатқан ота сияқты. Егер бүйректе ұсақ тастар мен құм болса, оны қуып шығарудың ең қолайлы уақыты 17 мен 21 сағаттың арасы. Осы кезде бүйрек пен қуықтың био-ырғағы қүшайеді. Осы көрсетілген уақыттан бастап, жылы су құйылған науаға отырып, қарбызды молырақ жеу пайда-

лы. Ұсақ тастар мен құм қозғалып шыға бастағанда, жылы-ту шарасы несеп жолдарын кеңейтеді, ауыртпайды. Қарбыз несептің шығуын арттырады. Биоырғақ уақыты қажетті қүш қосып құм мен ұсақ тастарды айдал шығарады. Қөнілінде каяу қалмас үшін қашан тазарып біткенше осы тәсіл аркылы емделуді 2-3 апта уақыт аралығында жүргіз.

Итмұрынның жемісі мен тамырының қайнатпасымен бүйректі тазарту: Бүйректегі тасты ұсақтап, құмға айналдырып, ерітіп жіберу үшін итмұрынның тамыры немесе жемісі қажет. Ұсақтап туралған 2 стакан итмұрын тамырына 1 стакан су құйып, 15 минут қайнатады. Суыған соң сүзеді. Бір-екі апта бойы стакан судың 1/3-ін жылтып, құніне 3 рет іshedі. Итмұрынның осындай маңызын бүйрек пен құықтың басқа да ауруына іshedі. Қайнатпа-ның өні қара-қоныр болсын. Өні мұндай болуы өсімдіктің бояуы маңызға еріп қаныққандығы. Дәрілік қасиеті осында.

Бүйректі қөкөніс шырыны қомегімен тазарту. Кальций – бейорганикалық зат. Крахмалға бай азық-тұліктер мен ұннан жасалған тағамдар бүйректе түйіршіктер түзеді. Бүйректі осы түйіршіктерден тазарту үшін доктор Уокер төмендегі шырындарды ішуді ұсынады: сәбіздің 10 бөлігі (унций), қызылшашың – 3, киярдың – 3 бөлігі, яғни 100 г сәбіз шырыны 30 г қызылша мен 30 г кияр шырынына тен. Тағы бір түрінде: сәбіз – 9, сельдерей – 5, акжелке – 2 мөлшерінде дайындалады.

Ақжелке шырыны туралы. Бүйрек пен құықта тас, несепте – ақуыз пайда болған кезде, несеп пен жыныс жолдарының ауруларын емдеуде осы шырындар өте жақсы қомектеседі. Шипалы дәрі саналады. Бұл шырындар өте күшті әсер ететін болғандықтан, әрқайсысын бөлек-бөлек 30-60 грамнан сығып ала салысымен, тың кезінде пайдалану қажет. 10-15 минут түрғаннан кейін сапасы жойылып кетеді. Ұсақ тастар мен құмдардан бүйректі та-зарту үшін жер бауырлап жатып, аяқ-қолды бір мезгілде жоғары 3-5 рет көтер. Бұл қозғалыс тастың үгітіліп, құмға айналуына, ыдырап, сыртқа шығуына мүмкіндік жа-сайды.

Бүйрек ауруының алдын алу. Несеп қышқылынан тас түзілуінің алдын алу үшін аз көлемде несеп ішкен пайдалы. Несеп қышқылы тастарды ерітіп, сыртқа шығарылуына

септеседі. Емделу шарасы барысында, ақуызға бай (куырлған, сұрленген ет, тұздалған балық, олардың етінен жасалған сорпа, т.б.) тағамдардан мүлдем аулақ бол. Осы айтылған тағамдар ағзадағы азот қалдығының сыбағалы салмағын көбейтіп, бүйрекке түсетін салмақ арта береді. Бұған Уокер шырынын ішуге кенес беріледі: салат, жеміс-жидек, бүр жарған бидай жеу керек. Салатты теңіздін құрғақ капустасымен аздал тұздықтау бүйректің қызметіне дем беріп, оның қызметін тұншықтыратын тәтті дәмдерден (қышқыл орта) күтқарады. Мұнда несепті қайнатып, койылтылған маңызын ішкен дұрыс. Егер сілтілік тастар пайда болған болса (өте сирек кездеседі), өз несебінді іш. Жылы суға лимон шырынын қосып ішсөн, несебің сәл қышқылданып, ұсак тастарды ерітіп жібереді. Бұдан басқа йог асандары (жогарыда жазылған жаттығу шаралары) бүйрек ауруларының алдын алуды өте тамаша толықтыра алады.

Бұкдянгасана жаттығу шарасы (жылан бейнесі) – бүйректе тас пайда болудың алдын алады. Шадабхасана жаттығу шарасы (көк шегіртке бейнесі) – бүйректі жасартады.

Маюрсана жаттығу шарасы (ұзын құйрықты қырғауыл тектес құс бейнесі) – бүйректі қанмен шаяды. Бүйрекке диаметрі 12 мм үлкен артерия кіреді. Осы асана жаттығу шараларын орындағанда, артерияны қысып, қан ағысы баяулайды да, бүйрекке қан зор күшпен өтеді. Асана біткеннен кейін артерияда қан айналымы қалпына келеді. Сөйтіп, ағысы қүшайген қан капиллярга лап беріп, оларды ашып, керексіз тастандыларды шайып жібереді. Жалпы, капиллярдағы қан айналымына үнемі жағдай жасайды.

Сонымен, жүгіру, дене жаттығуын жасау йогтардың асана жаттығуын жасауға көмектеседі. Тек сондай алдын алу шаралары жаттығуларының жиынтығымен бүйректі сау-саламат ұзак сактауға өбден болады. Ертедегі дәруіштер: «Жүрегің қанша ауру болса да сау, мықты бүйрекпен 100 жасауға болады» – дейді екен.

Мүшелерді тазартудың негіздері мен оның таза сақталуын қолдау. Тазарту әдістері орасан көп, сондықтан олардың барлығына бірдей бейімделу өте қыын. Тазартудың жалпы негіздерін түсінген өр адам өзіне пайдалы әдісті өз мақсатына жаратады.

Сондықтан қысқаша болса да мыналарды өбден біліп алу кажет:

1. Адам мүшелерінің құрылсысы, қызметі, өзара қатынасы.
2. Адам мүшелері ұлпаларының қасиеті.
3. Адамның ұлпасына қоршаған ортандың әсері, тағамның қасиеті.

4. Тазарту әдісіне қолданылатын заттардың қасиеті.

Біздің мүшелеріміздің құрылсысы бірнеше деңгейден тұратын күрделі жүйе.

Біз көзге көрінетін үлкен деңгейден бастап, үлкейткіштермен айыра алатын деңгейіне дейін зерттейтін боламыз.

Бірінші деңгейі – адам денесіндегі жұмсақ ұлпаларды ұстап тұратын сүйек қанқалары.

Екінші деңгейі – жұмсақ тіндер. Олар дәнекер торларға (қанқа) мүшелердің жұмыс жасушаларын іліп қойған.

Үшінші деңгейі – жасушалық деңгей. Жасушалардың ішіндегі белгілі құрылым (цитоканқа), ол ішкі жасуша мүшелерін белгілі жағдайда сүйемелден отырады. Торшалар ішінде протоплазма орналасатын қуыс жасайды. Протоплазма дегеніміз – коллоид ерітіндісі 80 %-ы су мен оны жібермей ұстап тұратын қанқасы бар, табиғаты акуыздан түзілген жінішке торшалар жүйесі. Осы арада жасушадағы барлық су қоры, қанқа жасушаларымен торланған үйшіктерде өзара тығыз байланысып жатады. Дененің барлық сүйек ортасы: қан, сөл, ми мен жұлын сүйығы, өт пен несеп белгілі бір дәрежеде тұтқырлық қасиетке икемді коллоид ерітіндісі болып табылады.

Дененің тіршілік әрекетіне мүмкіндік беретін жасушалар, ұлпалар, шеміршектер мен сүйектер жалғастыруышы ұлпалар арқылы өзара тығыз байланысып тұрады. Дененің тіршілік әрекеті осы қанқалардағы сүйектардың ахуалына тікелей тәуелді.

Адам денесінің құрамы ұлпалар қасиетіне тоқталайық. Дененің негізін құрайтын жасуша дәрежесі өзінің массасы жағынан ең үлкен болатындықтан, осының өзінен бастаудың дұрыс болар. Жасушаның негізі – протоплазма – коллоид ерітіндісі, ал оның өзі сүйек сілікпеге (ұйыған сорпа сияқты) үксайды. Оның 99 %-ы судан құралады. Бұл химиялық реакциялардың жүруіне жақсы орта болып табылады. Сондықтан сүйек және қатты денелердің қасиетіне бірдей икемді.

Сөйтіп, жасушаларда сүйек және қатты заттардың бөліктегі арасында бір-біріне тіркесіп жабысуы мен күшеюі

әсерінен сілікпеде өзін-өзі нығайту үрдісі үздіксіз жүреді. Нәтижесінде сілікпес мүйіз сияқты денеге айналуын ксерогель дейміз. Мұндай коюланған протоплазма тіршілік әрекетін толыққанды жүзеге асыра алмайтыны салдарынан жасушалар өлттегенеді. Мұны болдырмау үшін жасушаның ішінде де, коллоид ертіндісінің өзінде де қысымға қарсы күрделі қорғаныс әрекеті жүреді.

Егер аталмыш қорғаныс әрекеті бұзылса, дененің сұйық ортасында коацервация (жиналу, қордалану) және коагуляция (үю, қоюлану) деп аталатын құбылыстар жүріледі.

Коацервация: коллоид ертіндісі (сілікпес сұйығы) бөлшектері (мицель) жартылай сольват қабыршығынан ажырап, бір-біріне жакындей түседі де, коллоид ертіндісінің ортасында жалпыға ортақ су қабығын түзеді. Онысымен токталмай, мұнда да бөлшектер бір-біріне жакындаш жабысып, құрғап, сұйықтықтың үюы жалғасады. Ондағы сұйықтардың жабыскақтық сипаты артады. Осы айтылғандар негізінде тұздар шөгіп, ағзада құм мен тастар пайда болады.

Коагуляция — коллоид ертіндісі үш сатылы. «Жетілу» сатысында коллоид қаңқаларының механикалық қасиетінің нығыздалуы байқалады. «Қартау» сатысында коллоид қаңқасы өзінің сұйықтарын сығып, сыртқа шығарып, көлемі кішірейіп, коллоид қаңқасы қатып-семеді. «Ксереголь» сатысында коллоид ертіндісінің сұйығы әбден тартылып, көлемі едәүір кемиді. Сонысымен ол мүйіз іспепті массаға айналады. Осы айтылған қысымдар салдарынан оның ішіндегі барлық зат (тұз, бояу) нығыздалып, қатты тастарға айналады. Кейбір ғалымдардың пікіріне қараганда, бауыр, өт пен бүйректе пайда болатын тастар да осындай үдерістердің нәтижесінде түзіледі.

Дәнекер үлпалар дененің жұмысшы жасушаларымен қоса өріледі. Осы үлпалар арқылы тұз беруден суды бөлу, тасымалдау, үлпаларды қалпына келтіру, жұқпалы ауруларға қарсы тұру сияқты міндеттер атқарылады. Сөйтіп денеде ішкі органдың тұрактылығы сакталады (гомеостаз). Дәнекер үлпалар ақуыз коллогенасынан тұрады. Денедегі барлық ақуыздың 30 %-ын құрайды. Олар ақуыздың тіркес үш амин қышқылынан тұрады. Жасушалар қартайғанда жінішке жіппелер бір-біріне «өріліп», дөрекі арқан еседі. Бұл ішкі дененің тарамыс, сінір сияқты негізгі қаңқаларына өзгеріс енгізеді. Нәтижесінде ішкі ағзалар нығыздалып, құрғау бас-

талауды. Дәнекер үлпалардың коректік зат тасымалдауы со-
лғында, ас сініру үрдісі баяулайды. Нәтижесінде иммуни-
теті босаңсиды. Коагуляция дәнекер үлпасында жасушалық
денгейде «қартау» принципіне сай жүреді.

Біздін міндеттіміз өз өміріміз шегінде кол жетерлік барлық
өдіс-амалды іске қосу арқылы ағзадағы атальыш қысым сал-
дарынан құрғап, қатып-семіп қалу үрдістеріне қарсы құресуге
IV. Екінші жетілік, Ай бірінші төрттік нұктеден кейін де қозғалып Күннен бірте-бірте алыстай береді. Айдың жарықтанған беті күн сайын үлкейеді. Сонында Айдың Күнге қаты-

сы 180° орын алады. Ал жердегі бақылаушылардың арасында Айдың Күнге қараған беті толық жарықтанады. Толған Ай басталады. Бірінші төрттікten басталып, толған Айға дейін 7,4 тәулік өтеді. Ал жаңа Ай көрінгеннен бастап 14,8 бұл екінші жетілік. Бұл жетіліктегі Күн мен Айдың корытындылаушы тартылыс құші өзірге толған Ай бітпей-ақ жердің су қабатын бөліп жібереді. Сонымен, бірінші төрттік нүктеден кейін осы фазада ажырасып, кенеюге қарай бағыт алады.

V. Толған ай кезінде Күн мен Айдың аралығындағы жерде су қабаты ең жоғарғы шегіне дейін ажыратылады. Ай жағынан өзінің өсуі Күн жағынан өзінше өседі. Ал осы екі өсу толқынның арасында кему байкалады. Сөйтіп толған Ай ерекше нүктесінде ең шегіне жеткен кему және су бетінің өсу үрдісінен кейін кері үрдіс жүреді.

VI. Үшінші жетілік. Күннен Ай ең шегіне жеткен үзакқа кеткеннен кейін қайтадан оған жақындайды.

Толық жарықталған Айдың жарты шары қайтадан сол жағында тен жартысы қалғанша кішірейе бастайды. Бұл үшінші фаза. Туудын бастап санайтын Айда $14,8^{\circ}$ -інен $22,1^{\circ}$ тәулігіне дейін созылады. Осы фазада Айдың Күнге қатысы 180° -дан 90° -ға дейін ауысады.

Күн мен Айдың тартылыс құшінің ауысу процесі кезінде жердің су қабатын біріктіреді. Өсу азая бастап, жойылады. Сөйтіп, бұл жетіліктегі кенеюден, қысылып сығылуға дейін барады.

VII. Үшінші төрттік бірінші төрттікте қалай болса, мұнда да солай. Айдың сол жақ жартысы толық жарықтанған, тартылыс құшінің әсері жоқ. Бұл ерекше нүктесінде аралық тыныштықтан соң қысу қозғалыстың басқа түріне ауысады.

VIII. Төртінші жетілік Жер мен Күннің ортасын иеленгенше Ай Күнге бірте-бірте жақындайды береді. Бұл Айдың бір жаңасына дейін немесе $22,1^{\circ}$ -інен $29,5^{\circ}$ тәулігіне дейін созылады. Сыртынан қарағанда Айдың орағы жоғалып, көрінбей кететін кез. Бұл соңғы төрттік жетілік. Осы жетіліктегі Ай Күнге 90% -дық ара катынаста тұрып, нөлге дейін жетеді. Осы қозғалыс кезінде тартылыс құші бірте-бірте, бір-біріне көмектесіп қабаттаса бастайды. Өзара қарым-қатынасы қүшейіп, Жердің су қабатын бір бағытта тартады, сонымен жаңа Ай ең ұлкен тасу мен қайтудың құрайды. Сөйтіп, осы жетіліктегі белгілі бір мақсатта жина-

лып өзара күшейіп қозғалыс тыныштықтан ең жоғарғы белсенділікке жетеді.

Енді айдағы жетіліктің өсері ерекше болатын нүктенің адам денесінің сұйықтары мен энергия қозғалысына өсерін зерттеп көрейік. Ол үшін ескі заман терминологиясы ян, иньді пайдаланамыз. Осы қөңіл аудараптық мәселені зерттеп көруден бұрын бірнеше түсініктеме берелік.

1. «Янды» Жердің «Иньді» Айдың және Күннің тартылыс күші деп белгілейік.

2. Тұракты орны: Ян – ішкі, Инь – сыртқы.

3. Бағыты: Инь – жоғары, Ян – төмен.

4. Негізгі ойы: Инь – кенею, Ян – қысу.

5. Салмағы: Инь – женіл, Ян – ауыр.

6. Адам денесінде Ян – жоғарыдан төмөндейді, Инь – төмөннен жоғарылайды.

Ай мен Күннің тартылыс күші жер бетінде тұрган адамға өсер етуі келесі бейнелеуде.

1. Айдың жаңасында Ай мен Күннің тартылыс күші құрастырған дененің сұйық ортасы басқа тартылып жетеді. Жердің тартылысы енді адамды сондай тарта бермейді. Себебі қарама-қайшы тұрган жағында Күн мен Жер өсер етеді. Қорытындысында адам 20 % «женілдейді». Толған ай, бірінші ерекше нүкте мұнда «ян» ең жоғарғы шегінде қарама-қайшылық тудырады. Өйткені енді кенеюші, жоғарылаушы үрдістер қарама-қайшы қысуши, төмен қарай бағыт алумен алмасады. Мұндай шұғыл бұрылыс денеге жоғары көтерінкі талап қояды.

2. Бірінші жетілікте Күн мен Айдың бірлескен тартылыс күші азаяды, өзара толық бейтараптануға дейін барады. Сөйтіп, сұйық ортада сыртқы тартылыс күшінің өсер етуінен – «Иньнің» өсері босансиды. Оның орнына «Янның» – жер өсері күшнейеді. Бұл өсер сұйықтар бастан төмен құлдырап, денеге біркелкі таратылудан көрінеді. Сондықтан сыртқы тартылыс күш – Инь – өсер етуін токтатады, Жердің – Ян – тартылысы адамды құштірек тартаады. Оның салмағы артуынан көрінеді. Айдың бірінші жетілігінде – бұл Янның өсуі («ұлы Ян») адам денесінің бірте-бірте белсенділігі артуынан көрінеді.

3. Бірінші төрттік нүктеде Янның шығуы адам денесінің жоғарғы белсенділігінен көрінеді. Сыртта өзара өсері жок, өзара жойылған Жер жұмыртқа сияқты сопак түрінен кай-

тадан дөнгелек қалпына келеді. Адамның салмағы осы сәтте ең үлкен – қысылған. Бұл өтпелі нүктеде Ян ең жоғары шегінде Инь оянады. Иньнің күші қарқын алды, Инь материялар арасындағы өзара әсері мен Күннің әрекеті басталып, дененің кенеюіне әсер етеді. Осы қозғалыстардың өзара қарама-қарсылығы денеге стресс түсіреді.

4. Екінші фазада Күн мен Айға дейінгі сыртқы материялар арасындағы өзара әсер бірте-бірте үлкеюінен байқалауды. Инь – өседі, ал, Ян Жер гравитациясы тартылады, толған Ай сыртқы Иньнің – жерге әрекеті ең зор, сонымен бірге Ай мен Күн өзара қарама-қарсы екі бөлікке бөлінеді. Ондай өзгеріс адам денесінде белен алғандықтан, жалпы ағыс екі бөлінгендейтін, ол – әлсірейді.

Иньнің ықпалына түскен дененің сүйық ортасы мен қуаты іштен сыртқа қарай бағыт алады. Дене кенеїеді. Сондықтан барлығы іштен сыртқа шығады. Бұл денені тазартуға ең қолайлы кез. Қуаттың ағысын шешіп жібермеу үшін дene белсенділігін шын мәнінде қыскарту керек.

5. Толған Ай Күн мен Айдың жерге карсы ең зор әрекетінен көрінеді. Жер керіліп кенеїген. Адамның денесінде күш қуат іштен сыртқа емін-еркін ағыл-тегіл төгіледі. Сондай-ақ сүйық ортада дененің сыртқы қабатына өте жакын. Ең зор Инь осы уақытта Янға қарама-қарсылығын туғызады. Осы нүктеде кендейтін қылышқа қарай бұрылыс тартыстан шұғыл өзгеріс болады. Ол өте күрделі стресс.

6. Стрестік шұғыл өзгерістен кейін – Ян басымдылық етіп, кенеюден қысылуға қарай бет алады. Енді сырттан сүйық ортасынан энергиясы дененің кенеїген күйін шоғырланылуға әсер етіп, дененің тереніне түседі. Ортаға қарай тартқыш күш, қысатын қозғалыс – Ян өзгеріс белсенділігінің белгісі. Сөйтіп, үшінші жетілікте мүшенің Ян барысында және онымен байланысты барлық орындардың белсенділігі артады. Адамда күш пайда болып, ол белсенді түрде қозғалысы келеді, дene шынықтырумен шұғылда-нып, жалпы өзін ауыр қызметке салғысы келеді. Бұл бір дененің үлкен кимыл жасауға ең тәуір кезең. Осы кезең «кішкене Ян» сондықтан ерте бөлінген, босансыған сүйық ағысы және энергияны қосып біріктіруге үмтүләді. Осы жетілікте жыныстық катынас белсенділігі артатындығы анықталған. Туған айдың алғашқы жетілігі немесе 14 күн ішінде аналық безде жұмыртқа пайда болып, өз жолымен

жатырға келіп, өсіп жетіледі. Осы жетілікте бала бітуі то-
лық жүзеге асады.

7. Үшінші төрттік Яндық дененің ең зор қысу нүктесі не-
месе материялар арасындағы өзара әсерінің күш қуаты. Ал-
дынғы ерекше нүктедегідей ішкі бұрылыштың қысуынан
ұлғаю туындайды. Бұл күнді айдың біріндегідей, «ішкі бо-
ран» бірінші төрттіктері толған айдай тыныштықпен өткізуі
тиіс. Бұл күндері астан бас тарту, денеге салмақ салатын
енбектерден аулақ болған жөн. Мысалы, ішкі стресс қызы-
лудан ұлғаюға жасалған бұрылыш-стресс кезінде моншага
баруға дene төзбеуі мүмкін. (Моншада отырып өліп қалып-
ты дейтін әңгімелер шығу себебі осы. **У.Ж.**)

8. Айдың төртінші жетілігі Инь энергиясының қайта
ұлғауы Күн мен Айдың бір бағыттағы біріккен әрекетінің
үлкеюі. Адамның ішкі мүшелеріндегі сүйиқтардың ағысы
басқа қарай ұмтылады, дene салмағы азаяды, ал баста
кенеидеі. Бұл барлық Инь үрдістің ағысына қолайлы болып,
Инь мүшелерінің белсенділігін арттырады. Сондықтан бұл
жетілікте үлken тасқын байқалады, тартылыс күші бір ба-
ғытта әсер етеді. Қытай терминологиясы бойынша бұл
«Ұлы Инь» деп аталады. Сырттай қарағанда, ісінген денеден
сүйиқтар мен тастандылардың (шлак) ағуы салдарынан ен-
жарлық байқалады. Басқаша айтқанда, бұл кезең дененің
табиғи тазаруы – әйелдердің айлық белгісінің, табиғаттағы
барлық тіршілік циклінің аяқталуы болмак. Физиктер үшін
Д.И.Менделеевтің элементтер кестесі қандай болса, денені
табиғи тазарту айдың ретпен айналуына сәйкестенеді.
Неге? Тазартуды қашан жасаудың қажет екендігін осы
циклде толық жайып салады. Осыған дейін бізге не
белгісіз болып келгенін логикалық ойлап есептеп шыға-
руымызға болады.

Ең негізгісі біз енді осы айдың ретпен айналуын пайдала-
на отырып, биоыргақ туралы білмейтін авторлармен әртүрлі
басқа жүйенің нұсқауымен кенесінсіз-ақ және денемізді та-
бигат күшімен тазарту бағдарламасын дербес өзіміз-ақ жасай
аламыз. Адамға қажеттісі жүйе емес, білім. «Жүйе де»,
тұрмыстық жағдай да өзгереді. Бұрын өзін мақтап мінездеме
беретіндер, енді керісінше нәтиже бере алмайды. Сондықтан
нақты, салмақты шын біліммен қарулан және пайдалана біл.
Сонда ғана материалдық жетістік денсаулыққа өзі келеді.
Ұлы әлем кеністігінде өз орнынды иелене аласын.

Айдың айналымына орай сауықтыру шараларын таратып үйлестіру. Адам денесінде материалдар арасындағы өзара күштің қалай өсер ететінін түсіну үшін қарапайым бола тұра, өте қажетті нәрсені білуіміз керек. Күн, Жер, ай және басқа планеталар сыртында өзінің қатты қабыршағы бар материалдардың өзара өсерінің арқасында өзіне тартады. Өзінің айналасына заттарды жинайды, ұстап тұрады. Осы туралы ойласақ: біздің денеміз маңайымызда немен тоқтап тұр? Тартылыс күштері негізі денені қалыптастырады. Оған үлгімен белгіленген өмір сүру уақыт, тұрақты қүй кешу, кезеңіне мүмкіндік береді. Материалдардың өзара өсері денені шеттен тыс қысып жібермеу үшін біздің денемізде қуаттың басқа түрі – электромагнит бар.

Жасушалардың ішіндегі ұсақ заттардың (мицель) бір-бірімен жабысып қалудан сақтайтын, клеткалардың ішіндегі суды ұстап тұруға, сондай-ақ дененің әрбір жасушаларына дейін өзінің меншікті заряды бар, сөйтіп бүкіл денеміз жалпы, зарядталған – біздің күш-куатымыз осы зарядтарға да байланысты. Қоріп отырғандай, денедегі бір күш – Ян (гравитация қысатын ауыр), екіншісі тең салмақты – Инь (электромагнит – кенейтетін, женіл).

Адамның кіндік маңайы – дene құрылышы қалыпты болғанда салмақ түсетін жері. Адамның салмақ түсетін жері Айдың арасындағы бари центрге ұқсас (әсерімен) үнемі жоғары тәмен айналады т.с.с қозғалыста болады. Ай жердің бари центрінен өтіп бара жатқанда жер бетінде әртүрлі құбылыстар толқып, ары қарай сол сияқты дененің салмақ түсетін орталығы да сүйық заттарда ауысып, қуат белсенділігін арттырады, не жабырқаушылық туады. Осындағы аз ғана түсініктемеден кейін денеде сырттың ықпалымен болып өтетін өрлеу мен құлдырау, қысу мен кенею адамның көңіл-күйіне және денсаулығына қалай да өсер ететіндігін талдап көрелік. Бірінші жетілік жалпы ескерту: Ай жаңасының алғашқы күннен бастап адамның денесінде қысу қуатының орталығы және дene сүйықтары төбeden бастап табанға дейін кен көлемде сапырылышып араласады. Бұл түргеліп түрган адамға Күн мен Айдың біріккен гравитация әсерін тасытып, қайтарады. Адам айдың тұн жағында жатқанда тасу болады. Себебі адам тұнде жатады, энергия мен сүйықтық тек табанға шоғырланудан гөрі бүкіл денеге біркелкі тарайды. Сондықтан бірігіп тәмен түскеннен гөрі

адамның басына шығуына өлдекайда үлкен жағдай жасайды. Бұл тағы да түнде жұмыс істеуге қарсы түнгі белсенділіктің азауына байланысты. Сонымен қысудың қайтуынан денеде су азаяды, дәл осы кезде адам тез шаршайды. Сонымен Айдың 1-жетілігінде, өсіреле оның алғашқы үш күнінде бас, бет, ми, үстіңгі жақ және көздің; екінші үш күнінде – тамак, мойын, құлақ пен жұтқыншақтың арасын қосатын Евстахие тұтігі, мойын омыртқа, соңғы үшінші күні – иық, қол, шынтаққа дейін жеті сезім жүйесінің белсенділігі артады.

Егер осы аталған мүшелердің бірінде жасырын, білінбей жүрген ауру болса, осы күндері қайталауы мүмкін. Осылайша алғашқы үш күнде көру кемістігі, бас ауру, үйқының қашуы, гипофиз қызметінің бұзылуы, мидың қабынуы, ақыл-естен тану, шаштың тұсуі, тамактың ішкі безінің күшті іріндеуі (тонзолит), фарингит, табанның, аяқтың, көздің аурулары, әйелдердің айлық белгісінің өзгеруі, соңғы үшінші күні – өкпенің ісінуі, иық, қол, шынтақ құяны, бронхит, демікпе, зертең (пневмония), аневризма асқыну себебі негізінде дene тастанды қоқыстарға толып, «кенею процессі» жүреді. Қан айналымының көбеюі қантамырының жиырылуына, іркіліп қан жүрмеуіне, тағы сол си-яқтыларға әкеліп соғады.

Жалпы, ұсыныстарға байланысты біз екі түрлі кенес береміз. Біріншісі, бұл жетіде кез келген сауықтыру циклін өліара өтісімен бастау керек. Сонымен, сіз алғашқы тіршілік айның цикліне келдіңіз, соның энергиясының арқасында өз дененіздің қызметін нығайтып, көнілінің жай болады. Айдың осы жетілігі денеге көпжасар нұктесін – «Мокса-по-зу-сан-ли» қыздыру арқылы едөуір қолайлы жағдай жасайды. Оны былай орындайды.

1-күні – жана айдын бірінен кейін (өліара) бір рет 5-10 секунд қыздырады.

2-күні – екі рет қыздырады.

3-күні – үш рет қыздырады. Сөйтіп 8-күнге дейін күн сайын бір қыздыру қосып отырады. Соңғы емшарадан кейін үзіліс жасап, келесі Айдың осы айналымында қайта бастайды.

Егер адам денсаулығына зиян келтіретін жаман әдеттерден, мысалы, кеш тамактанудан құтылғысы келсе, айдың цикліне сәйкестендіру қажет.

Айдың төртінші фазасында өзіннің көздеген ойынды іске асыруға, жаман әдettерден құтылуға ұмтыл, теріс өмір салтын өзгерт. Жана Ай туысымен өз жоспарларынды іске асыруға кіріс.

Өзін жасаған бағдарлама бойынша зиялды, көнілді, бастап түрде қымылда. Сонымен, жаңа ай басталысымен бағдарламанды іске асыра баста. Кешке тек қайнатқан шөптің манызын іш, түскі тамак орнына немесе таңертең аздал артық тамақтан. Ай көріне бастағаннан бастап бұрынғы өмір салтына елігу басталады. Ең жоғарғы аңсау ай толған күні болады. Мұның барлығына төзімділік көрсету, ескі әдettі талқандап, жаңа әдettі баянды етіп, физиологиялық қайта құру қажет. Ескі әдettің күші келесі жаңа айға дейін ғана әсер етеді дегенді есте сакта. Аяқталған айда максатқа жету үшін зорлану төмендейді, келесі Ай айналымында сіз жана ша өмір сүре бастайсыз. Ешқандай қыншылық көрмейсіз Себебі физиологиялық қайта құру іске асты және басқаша жұмыс істейді.

Айдың бірінші жетісіне нақтылы ұсыныс:

1. Денеге салмақ. Бұл бесіне дейін бірте-бірте ұлғайтылуға тиіс, ал 5-6 және 7-сінде бірталай ауыр жұмыска тусу дұрыс.

2. Физиотерапевтік емшара: бұл жетілікті қысу келеді. Қозғалыс төмен бағытталған денеге көмек көрсету керек. Қозғалудың мұндай түрі тоқтамсыз келеді, жоғары өрлейтін үдемелі кенеюді ертерек тоқтату керек. Ол үшін ең қолайлысы ауыспалы су емшарасы: жылы жаңбырлатқыш астында бір минут, сұық жаңбырлатқыштан суды кенет төгіп жіберіп, астында 5-10 секунд тұру. Сұық денені қысып, барлық процесті ішке қарай бағыттайды.

3. Тамақтану. Бұл кезенде денені қысу мүмкіндігін туғызатын Ян тамақтарын молырак ішіп-жеу қажет, ол төртінші күннен бастап, ішектен шыққан қысымды болдырмау, денені жиырылып, бүрісіп қалудан сақтандыру үшін «зарядталған» тағамдарды мол жеу керек. Зарядталған дегеніміз құрамында электр заряды бар тағамдар, ыстықпен өндөлмеген, сұйық, салқын болуы керек. Мысалы: алма, қызылша, сәбіздің жаңа сығып алынған шырыны т.с.с.

4. Тазарту шаралары: өсіреле соңғы кездерінде, теріні тазарту, микроэлементтермен байыту қажет. Ол үшін жылы су құйылған науаға отыру, екінші түрінде шөптің тұнбасы

немесе қайнатып буланғаннан қалған несеп болуы тиіс. Сұйықтар теріден кедергісіз өтіп, дененің тереңіне өтеді. Үшінші жетіде бас терісіне несеп жағып, шаштың өсуіне мүмкіндік жасауға да болады, екінші үштікте «арыстан кейпіне» келіп, бет пен мұрын қуысындағы (гайморовая) жиналған сілекейлерді, тандай бездерін (желбезегін) несеп пен шайқап шаю; соңғы үштікте жылы суы бар науаға отырып, кеудені, арқаны жүннен токылған материалға несеп не тузды су сініріп, ыстық шүберекпен ораныз.

5. Шөп жинау. Айдың бұл фазасында әсіресе 6-7-сі күндері тамырлы жемістерді қазып алу (картоп, сәбіз) т.с.с. Бұлардың тамырында энергия және микроэлементтер көп жиналады. Ерекше нұсқау. Бұл айдың 4-іне байланысты. Бұл дene үшін ауыр күн. Осы күнге дейін ішкі ағыс қарсыласу, қайта құру кезінде істелген үлкен қызулы жұмыстан кейін дененің шаршағаны көзге түсті. Бұл күн дем алыш, Аллаға сыйыну күні.

Айдың екінші фазасы жаңа туған Айдың 8-і күні сыртқы тартылыстың әсері нәтижесінде сыртқы гравитация энергиясының орталығы қеуде қуысында жатады. Сонымен, айдың екінші жетілігінде, әсіресе алғашқы үштігінде құрсақ үсті, қеуде, іш, шынтақ; екінші үштікте – жүрек, өт, омыртқаның қеуде бөлімінде; соңғы үшінші күні – құрсақ қуысында, аскорытуға байланысты мүшелердің; асқазан, ашы тоқ ішектің белсенділігі артады. Егер дененің осы бөлшектерінде жасырын білінбей жүрген дерт болса шиелініседі. Бірінші үштікте – асқазан қызметі, су шемен, аскорыту бұзылады, семіру (үйқы безімен байланысты), үшқалак жүріс-тұрыс, қан айналымының бұзылуы басталады.

Екінші үштікте – арқа, жүрек ауруы, қан айналымының бұзылуы, соңғы үшінші күні – ішкі астар қуысының ісігі (түймешік), ішек жұмысының бұзылуы, соқыр ішек, іш өту – мұның барлығы сұйықтарды дененің өзіне сай өзгертуге қабілетсіздігін көрсетеді.

Жалпы ұсыныс: осы жетілікте адам денесінде «кеңею-ұлғаю» жүретіндіктен сұйықтар мен энергия ағысы іштен сыртқа қарай жүруі дененің тазаруына зор мүмкіндік береді. Қуатын аз шығындаиды және көп қан кетеді. Соңдықтан осы кезде енбекті неғұрлым орташадан да женілдетіп, 7,4 тәулік өткізуге мүмкіндік беру керек. Егер

ол аяқталып қалса, барлық іс өрекетті үшінші жетілікке, оның сонына жоспарлау тіпті жақсы, сөйтіп тазарту шарасына назарынды ерекше аударыныз.

Нақтылы ұсыныстар. Айдың екінші жетілігінде:

1. Дене күшіне ауыртпалық. Толған айда (14-інде) ортадан бастап азайтуға қарай бейімдегу қажет.

2. Физиотерапевтік шара. Осы жетіліктің басында істідененің кеңеюіне жеңіл және тезірек жәрдемдесуден бастаған жөн. Ол үшін де жылы және ыстық су науасына отыру: жылы су дene бітімі «семіз», ал ыстық су «жел құзды» арық адамдар үшін буға отыру тоғызы мен оны күні тамаша әсер етеді. Ыстық, сұық суды алмастырып құйып, жуынуды орташа жасаңың, оның орнына толған айдың алдында босаңсытып енжарлыққа аппаратын шегінен асқан кеңеюден сактану үшін «сөндіруді» қолданып байқауды күшектү керек.

3. Коректену: жетіліктің басында кенейтуші қысудан кенейту процесін жылдамдату үшін Инь тамағымен коректену, ал айдың онынан кейін Инь тағамын Ян тамағына ауыстыру: ботқа, булаган көкөніске өсімдік майын аздап қосу. Толық адамдардың тағамы құрғақ болғаны жөн. Сұйықты, суды өте аз пайдалануы қажет. Ал жел құзды арық адамдар ботқа, женіл булаган көкөніс бидайды көктетіп жеуі керек. Бұл олардың денесіне ең қолайлы үакыт.

4. Тазарту шарапары: осы жетілік тазарту емшараларын жүргізуге ең қолайлы жағдай туғызады – сұйықтардың ағысымен бірге колдықтарды сыртқа шығуға тырысады. Сонымен, екінші үштігінде өт қабы және бауыр белсенді болатындықтан, барлық шара дене мүшелерін тазартуды осы кезеңге ұштастырған жөн. Сонда ғана жоғары дәрежеде пайдасы тиеді. Тазартуға құрама косындылар аз пайдаланса, азапсыз, женіл өтеді. Сонымен, бауырды тазарту үшін ең бір қолайлы физиологиялық кезең де осы уақыт. Денеден тері арқылы қолдықтарды шығару үшін моншаға түсіп, терлеу, бұлауға түсу де өте пайдалы. Шанх Пракшалан әдісімен осы кезде ішек-карын жолын тамаша тазартуға болады. Әсіресе тазарған соң бауыр, үйқы безінің белсенділігін арттыру мүмкіндігі туады. Осы кезде соңғы үшінші құні ішекті сумен шайса тек ішек емес, ішкі астар күкісіндағы барлық керексіз ас қалдықтарын сыртқа шығарады.

Осы жетіліктің тоғызы күні жүргізілген ток ішекті шаю қалдықтардың тазартып қоймай, тіпті бұзылған ең нәзік жа-сушаларға дейін шығарады.

«Экадаш» құндерінің бірі – айдың 11 жаңасы ай циклдерінің ішіндегі ең бір қуатты күн – осы күн тек тазартуға арналғандай. Бұл күні ашығу жеңіл өтеді және осы күні ашықса, үш күн ашыққанмен бірдей. Айдың 11-і күні «екі тұтік» деп аталады. Осы арқылы денеден қалдықтарды шығарады. Шанх Пракшалан ішекті сумен шаю өте қолайлы күн. Осы күні семіз адамдар жай ашығып ғана қоймай, «құрғақ» ашықса, тіпті онды. Су ішу тұрмак, теріге де тигізбейтін күн. Ескі заманның трактатымен келіссек, осы кезде ішкен су денеге зиян өкеледі еken (су орнына у ішумен бірдей **У.Ж.**), сондықтан 11-і күні жалпы су ішпеген жөн.

Егер ашығуды қашан бастап, қашан аяқтау дұрыс десек, бәрінен тәуірі екінші жетілігі. (8-інен 11-і) бұдан асқан тәуір жетілік жоқ. Екінші жетілігінде үлгірмесен 4 – жетілігі де жарап жатыр.

Бірінші, үшінші жетілігінде тек терлеу, жылы, ыстық суга, буга отырып, сумен шаю сияқты жұмсарту дайындығы жасалады. Кез келген қысу жетілігінде екі-үш рет дінкенді құртып, зорыққанша апта бойы ашығып-ақ табиғи тазарға-ның артық.

5. Дәрілік шөп жинау. Шөптің жерден жоғарғы бөлігін жинау өте қолайлы жетілік, кеңең өсерімен төменнен жоғары жүретін энергетика сыртқа қөптеген микроэлементтер өкеледі. Сонсын шөпті Ай көрініп тұрған кезде жинау артығырақ.

Ерекше ұсыныс. Сегізі күні денеде ішкі энергетикалық бұрылыс жүреді. Бұл стресс күні – энергетиканың барлық денгейінде трансмутация жүретін күн. 13-і күні каналдармен энергетика ағысы күшінеді. Мұны да тазартуға пайдалып, кара энергияны өзіне сіңіріп алатын терек, көктекекке (боз тал) сүйеніп, құшактап тұру да пайдалы. Айдың толған 14-і энергия фонтан сияқты атылып, адамды қарсы жыныстыға қарай тартып, алдау, арбау ең жоғарғы шегіне жетеді. Бірақ кез келген жыныс қатынасынан бас тарту кажет. Себебі, жыныстық қатынас кезінде энергия бөлінуі өте жоғары болатындықтан, қайтып қалпына келуге көп уақыт кетеді. Осы күннің тағы бір ерекшелігі қысудан кене-

юге кететін энергиядан, кенею режимінен қысуға дағдыдағыдай қосуға өлдекайда көп энергия жұмсалады. Жыныс қатынасынан адам неге шектеледі десек, тартылыс қуаты орталығы жыныс мүшесінің маңайында жатады. Ал жыныстық құмардан шығу сәтінде кен ашылған есік арқылы өте көп энергия шығады. Осы күні өсіреле өйелдің сүйіспен-шілігі қанағаттандырылады.

Айдың үшінші жетілігіне жалпы нұсқа: Ай толғаннан кейін сыртқы тартылыс құші Иньнің ықпалы бәсендейді. Төртінші, үшіншіде ерекше нұктеде нөлге бармайды. Осы жетілікте адам денесінде кенеюден қысуға дейін өтумен сипатталады. Адам денесінде тартылыс құші орталығы қалай араласатынын бақыласақ, онымен бірге басқа мүшелердің де белсенділігі артады.

Осы жетіліктің бірінші үштігінде бүйрек, бел тұсы, екінші үштікте – жыныс бездері, қуық асты безі, қуық, тік ішек, соңғы үштікте – құйрық, ортан жілік, құйымшак омыртқаларының белсенділігі артады. Егер осы айтылған жерлерде жасырын жатқан дерт болса, одан әрі асқынып, бұзылады. Бірінші үштікте бүйректің қызметі бұзылу, уремия, қалқан безі ауру, іріндеу, бас ауру, жыныстық қатынастың бұрмалануы (аттас жыныстылардың өзара қатынасы) байқалады. Екінші үштікте – бала туу мүшелерінің, қуықтың қабынуы, жарық су енек, әйелдердің айлық белгілері ретінің бұзылу, тамақ ауруы сезіледі. Соңғы үшінші күні жамбас қуысының маңында ауру және жарақаттану, отыру сезімі неврологиясы, сал болу, бұлығу сезіледі. Бұл ауру тізбегінен көрінгендей, олар негізінде калдықтардың су мен энергияны дененің ұлпалады арқылы өткізу қасиетінен айрылғандығына байланысты. Негізгі себебі білінген сон оларды сауықтыру мен қалпына келтіру мақсатында осы жерлерге неғұрлым ойдағыдай ықпал жасауға болады. Мысалы: сары су жиналып, ісінген жерлерді несеп сінірген жылы материалмен орап кою. Несеп – табиғи диуретик жиналған сары суды тез шығарып қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бір шенберден аспайтын жергілікті шара белді қыздыру компресі осы маңайдың ғана сауығуына мүмкіндік береді. Құм, тас бұлау да солай.

Жалпы нұсқау. Осы жетіліктің негізі мұнда қысу жүреді, ян ұлғаяды, Инь кішірейеді. Ал алғашынан бастап тезірек қысу бұрылышын жасау үшін қарапайым емшара

қолданыныздар: денеге су қю, тамақта – ян, осы фазаның соңында ең жоғары дәрежеде қысу болдырмау үшін тепе-тендікті тағаммен сактау дұрыс. Осы кезенде адам ауыр дene жұмысына төзеді. Дене шынықтыру жаттығуының күш жұмсалатын түрімен шұғылданатындар үшін бұл өте қолайлы кез – дene қатып қалады. Егер буыныңиз бұрынғыдай емес, икемсіз бола қалса, бұл уақытша құбылыс, оған болса ренжімеу керек. Дененіз иіліп, созылып икемді тұрғанда йог жаттығуларын жасағанша, ол қашан ян кезеңінде икемділігін біраз жоғалтып алатындығына қарсы өте қысып жіберудің алдын алу үшін жасау қажет. Нағыз йог барлығын тек табиғи циклге сәйкестіреді. Керісінше болғанда, жаттығуды қызыға орындаپ жүріп оның пайдасын да көре тұра, бір кезде жаракат т.б. бірдемеге ұрынып қалуға да болады. Мысалы, төбесімен тік тұратындар айдын жетілігіне үйлестірілмегендіктен, көзінің кантамыры үзіліп кететін де кезі болады. Мойын омыртқасының закымдануы да ғажап емес, жалпы денсаулықты бұзып алу қаупі бар.

Сыртқы гормондық өсердің ішкі саналыққа күш салуын терендетпеу мақсатымен, айдын бір жетілікten екінші жетілігіне жаттығу кешенін өзгертіп отыру өте қажет.

Нақтылы ұсыныс: Айдын үшінші жетілігінде:

1. Ауыр дene жұмысы: үшінші төрттің алдында келеді, мысалы, ауыр атлетизмде ауыр және ең үлкен жаттығу жүргізіледі. Жаттығуды қүштейте тұсуге көлемін арттыру арқылы қол жетеді деп сенеміз. Сіздің үнемі жаттыға бергінің келеді.

2. Физиотерапиялық шара: бұл да шамамен бірінші жетіліктері сияқты. Ян мен Инь арасындағы тепе-тендікті сактап, соңында қысымға кедергі келтіріп, қысу режиміне келтіру үшін денеге көмектесуіміз керек. Бұл әсіресе қартан адамдарға байланысты, ісініп көлкілдеп көрінуі денесінің қатайғандығына байланысты. Айрылғанынызды қайтару үшін сізге көп жұмыс істеуге тұра келеді. Егер мұны істемесеніз уақытпен бірге барлығы терендей береді.

3. Тамактану нұсқауы бірінші жетіліктерідей. Сондықтан Ян мүшелердің – асқазан, ішек, аскорыту барысы аз жақсарады. Женіл аспен де тамактануға болады, бірақ көп жеуеге болмайды.

Академик Болатов ағзаларды жанарту үшін қуаттандыратын тағамдарды, мысалы, май шабақ (селедка) теріге жа-

бып сініргенде бүйрек, жүректі қалпына келтіру үшін, айдаң үшінші жетілігінде жасау дұрыс. Ол осы кезде белсенді түрде дененің сауықтыру өсерін қүшайте алады. Осы мақсатқа Айдың бірінші және үшінші жетілігі өте қолайлы. Басқа жетілік те осылай орындалып пайдасын бере алмайды.

Несеп араластырылған науадағы су, виватон т.б. денені жасартуға, қорғану амалдары көп жетілікаралық күндері тағы да сондай өту нүктелеріне сәйкескенде орташа тамактану кажет.

4. Тазарту шараларын да бірінші жетіліктегідей.

5. Дәрілік шөп жинау: 1-жетілікте жазылғанында бола тұра, кептіру жөнінде біраз әңгімелууге тұра келеді. Шөпті көп уақыт сақтау мақсатында дәл осы кезде кептіру қажет. Айдың Ян жетілігінде микроэлементтері мен басқа да пайдалы заттары тақ бір өздігінен консервіленетіндей. Тасты ұсататын шөптерді алдыңғы өткен екінші жетілігінде сол табиғи кеңею кезі және дene сүйылу кезінде дененің жетілік хал күйіне сәйкестендіре пайдалануды нұсқайды. Осылай жасаудың пайдасы өте жоғары. Тастарды ұсатып шығарғанда, сондай-ақ барлық жолы босаңсып, кеңейетіндіктен, шиеленісүде болмайды. Ал Ян кезеңінде жолы тығындалып, жирырылып, әртүрлі шиеленісуге тап болады. Осында өзгешеліктерді өздерінің пайдаларына қарай шешу дұрыс.

Ерекше нұсқау. Бұл туған айдың 17-сіне байланысты. Осы күні әйелдермен жыныстық қатынас жасауға ерлер үшін жаксы күн. Сонымен, әйелдер денесінде қуат қайтадан құрылып, ерлердің қуаты артып, күтпеген жерден оның өзінің қабилетін жана деңгейге шығаруы мүмкін. (Айдың 21-і үроп-соғу жаттығуына өте қолайлы күн.)

Тәуліктің 22-сі – ерекше күні денеде энергетикалық трансмутация бұрылысы жүріледі. Энергия бұрылысын ешбір шиеленіссіз жүргізу үшін, бұл күні байсалды, тыныш шығарып салған жөн.

Айдың төртінші жетілігі. Жалпы ескерту. Өсері өзіне тән, айдың 22-тәулігінен соң жана кеңею кезеңі басталады. Сонымен, сыртқы Инь өсер етіп, Ай мен Күннің гравитация күшінің өзара ықпал бір-біріне қабаттасып, энергия және сүйықтар жоғары өрлең, басқа шығады. Сөйтіп, Ай тәуліктің жарық кезінде жердің қарама-қарсы жағына да дененің тартылыс қуатымен бірге сүйық орта кері қозғалыс

жасап, аяқтың табанына және дененің осы бөлігіне жағдай туғызады. Сонымен, айдың төртінші фазасында оның бірінші үштігінде дененің мына бөліктері белсенділік жасайды: тізеден бастап жалпы сүйек жүйесі, тері, аскорыту жүйесі; екінші үштікте – аяқтың қызыл асығы, көлдүң білеziгі, аяқ сүйектері, көз; соңғы үштікте – табан, дene сүйиқтары, асказан, ішектердің жиырылуы. Осы жетілікте шиелінісу былайша көрінеді. Бірінші үштікте – буындарды «майлап» тұратын сүйиқтардың жетіспеуі, буын құздама, аскорытуудың бұзылуы, теріде бөртпелер пайда болу, тенге қотыр; екінші үштікте – қан айналымының бұзылуы, әсіресе, үршықтан тәмен аяқ тамырларының кенеюі (варикоз), сүйиқ көбею (қысқа мерзімге есінен тану) сияқты белгілер пайда болады. Соңғы үштікте – аяқта қан айналымының жетіспеуі, су шемен, табанның тартылуы, ақылестін аурулары байқалады.

Денсаулықтың бұзылуы тізімінен көріп отырғанымыздай дененің жоғарғы, тәменгі бөліктері азап шегеді. Аяқтың табанына сүйиқтың көп құйылуынан тоқырау пайда болып, сүйиқтар жоғалғандықтан, қантамырының ұлғайып, миға қан жетіспегендіктен, адам аз мерзімге естен танады. Аяқтан қанның кайтуы, қантамырлардың жиырылуына әкеліп соғады, қозғалыс шектеледі. Буын құзама көрінісі, сүйиқтардың күшейген тасқыны бастан аяққа дейін денені шайып шығады, барлық қалдықтарды сыртқа қарай күштеп тартатыны соншалық, тазартуға тері де қатысып, бөртпе, басқа да қалыптан ауытқушылықтар кездеседі.

Жалпы ұсыныс осы жетіліктің өзіне тәндігіне байланысты. Сонымен, осы уақытта сауықтыру, жаттығу сияқты барлық істі жетілік біту ісімен бірге аяқтау керек. Тұздардың шоғырлануынан (аяқ басқызбайтын) табан мен өкшеде пайда болатын тепкіден айырып, аяқты сауықтыру уақытынан айырылып қалмау керек. Несепті буландырғаннан қалған несеппен алма кезек компресс қойып, денеде сілтілікті молайтатын шырын ішіп, табанға күні бойы әртүрлі шөп төсөу нәтижелі болмак. Бұл шоғырланған тұздардың тез таралуына жәрдемдеседі. Сонымен қатар, ашығу, ішекті әртүрлі шаю сияқты емшаралар қолданылатындықтан, осы жетілікте дененің тазаруына мүмкіндік мол. Соңдықтан айдың орагына ынта қойып бақылау қажет. Ол көкжиектен

кете салып, үш-бес сағаттан кейін Шанх Пракшаланды орындау, тазарту клизмасын жасау керек.

Бір бағытта өзара әсерлесетін Ай, Күн, Жердің күшеген тартылысынан бұрын орындау сәтсіз болып келсе де, осы күні Шанх Пракшаланды орындау женіл, жанға жайлы келеді. Баста сұйықтардың қайтуынан азап шеккен адам осы кезде йогтардың керісінше аударып жасайтын жаттығуды (асанды) «соқа», «қайын», «жартылай қайын», «басымен тік тұру» сияқты өзге түрлерін де орындау абзal. Нактылы ұсыныс.

1. Денеге салмақ салу «куат есіктердің» сыртқа ашылғандығымен және қуаттан айырылып қалу қаупімен санаса отырып, жаңа ай туар алдында денеге түсетін салмақты жеңілдетіп, азайту керек. Қебірек жүріп, аз отырып қанының аяқта іркіліп қалуынан сақтану йогтардың аяқ пен қолды қекке көтеріп, жапондардың алтын балық болып аяқ-қолды селкілдетіп, сілкілейтін жаттығуларын қебірек жасау қажет.

2. Физиотерапевтік емшаралар. Жетіліктің басында Инь қысу қүші тасып, азайту әсерінің салдарынан қан айналымының тоқтап қалуының алдын ала орнын толтырып, түзетіп қысадан кенеюге өтетін кезенде денеге жәрдемдесу қажет. Мысалы, аяққа қан көп құйылудан жолдасының талып қалды делік. Осы кезде қан ағымын қалпына келтіру үшін аяғын суық суға малу, әрі қарай жатқызып, иығын қымтап, қанның жоғары бағытпен өрлеуіне мүмкіндік жасау керек. Салқын су құюды былайша реттеу. Алғашында судын ағысын табанға жіберу, әрі қарай жіліншік, тізе, санға, кіндіктен тәмен, одан өрлетіп, бірте-бірте басына дейін құю. Осындай бірізділік қанды жоғары және ішке қарай ығыстыруға мүмкіндік туғызады. Егер керісінше бастан бастасақ, қан мидан тәмен кетіп, жаксылыққа алып бармайды.

3. Тамактану: айдың екінші жетілігінде тамактануды бірдей үстану. Денеге нашар сінетін майлы тамақты аз жеу. Аскорыту ағзалары Ян жетілігінде құшті емес, ал гравитацияденде жоғары-тәмен «сырғанап», сонымен ішек-қарын жолымен астың қалыпты жүруіне кедергі жасайды. Сөйтіп, осы жетілікте аскорытудың бұзылуы байқалады. Сондай-ақ тамақ сінбегендіктен, теріде берітпе пайда болады. Осы соңғы үшіншісінде Ян тамағын пайдалану өте жақсы. Қан-

ды сүйылтып, дененің қызуына мүмкіндік беретін, денедегі энергетиканы жоғары бағыттайтын бір түрлі тұздықтар да пайдалы (асқек, ақжелкен, т.б.).

4. Тазарту шаралары: Олар I-III жетілікте жақсы нәтиже береді (буға отырудың көмегімен тері арқылы тастанды қалдықтар сыртқа шығады). Залалданған жерге шектеулі компресс қойса, ол да барлық зиянды қалдық денеден жақсы тартады. Осы уақытта батпақ тартса, ішкі нәзік ластардан құтылады. Әлдеқашан айтылып та кетті, тазарту ішекті сумен жуу Шанх Пракшалан әдісі осы кезде өте пайдалы.

Осы кезде әйелдердің айлық белгілері басталып, тазартудың төменгі каналы ашылуы тегін емес. Ондай айқын болмаса да, ерлерде де соған ұксас белгі өтіп жатады. Осы каналдың көмегімен дененің тазартуды арттыру пайдалы да мәнді. Мысалы, моншада буға отыру, одан кейін дереу буланғаннан қалған 100 г несепті ішекке құю іштен төмен жиналған ластарды қызып шығуға жақсы өсер етеді. Сөйтіп, сіз табиғатпен бірлесе өсер етіп, тамаша нәтижеге жетесіз. Осы кезең әуескөй ашығушыларға істің кең өрісін әкеледі. Іштен сыртқа шығуға келетін энергия үлкен мүмкіндік береді, тазарту төмен әрекеттегі өсерін толықтырып күштейтеді. Себебі, ретпен айналуы өзінің табиғи соңғы жолына қарай қозғалады, ашығудың азапсыз бітуіне мүмкіндік береді.

Айдың 23-26-күндері ашығу – тамақтан бас тарту, соңғысы «экадаши» күндерінің екінші күні – осы күндері ашығуды адамдардың бұрынғы заманнан бері ұстанып келе жатканы белгілі. Соңдықтан осы күндерді ашықпай бос өткізіп алма. 29-ы күні жаңа айналуға өту кезеңі де – ашығу, денеге көмектесу үшін қажет.

Егер сіз 7 күн астан бас тартуға кіріссеніз 26-сы күні ауыз ашуды айдың цикліне сәйкестендірініз, өйткені денсаулықты қалпына келтірудің жаңа айналымның басталуына сәйкес келсін. Осы жағдайда дененің қалпына келу процесі айдың энергетикалық негізіне сүйенеді және көбінесе жақсы өтеді. Егер ұзак уақыт ашығуға бекінсеніз, оны да айдың жетілігіне ұштастырыңыз. Айдың бірінші, үшінші жетілігінде ашығуды бастау өте киын екендігін тәжірибе көрсетті. Ишкі дene тағамды қайта қорыту үшін Ян ағзаларды толық куатымен іске қосады. Бірақ дененің ішкі ағысы

қысуға бағытталғандықтан, ластардан арылу қынға соғады. Соңдықтан тіпті жеті күндік ашығудың да тиімділігі өте аз. Ал кейбір адамдардың айтуына қарағанда, олар ашығып жүріп, апта бойы ішіп-жегісі келген. Ұзак уақыт ашығуды бастасаныз да көбінесе айдың екінші, төртінші жетілігі дұрыс. Асқа тәбеті төмендейді, көбінесе женіл және ешбір ынғайсыздық сезілмейді. Ал тазарту артықшылығымен тиімді. Ашыққанда айдың екінші, төртінші жетілігінің белсенді апталарымен үлестіру өлдекайда пайдасын тигізеді. Денсаулықты қалпына келтіруді қашан да айдың Ян жетілігінің басталуымен бірге бастаған жөн.

Осы уақытта аскорыту мүшелері табиғи қосылып, энергетика белсенділігі артып, өзінен-өзі қалпына келеді. Астан уақытша бас тартуға барумен, ашығудан шығуды ерекше нүктө күніне сәйкестендіру қажет.

Шөпті пайдалану: II-IV жетіліктің ерекшелігі – жиналған шөптерді денені тазартуға ойдағыдай пайдалану. Денені тазартуға, бүйректегі және өт қабы мен қықтағы тастардан тазартуға пайдалануға мүмкіндік береді. Тасты ұсақтап айдап шығу өсері денені кенектіде жатыр. Ұсатылған тастарды айдап шығу үшін Ай циклінің осы жетілігін сауатты пайдалану жолын мынадан білуге болады.

Күн, Ай, Жердің біріккен гравитация қүшінің үлкен кезі адамға қарама-қарсы жағында тұрған кез. Сонымен, егер Ай (ескі орақ) күндізгі 12 сағатта тас төбеде, ал түннің 12-де күн біздің тура тұсымызда, жердің басқа да жағында тұрады, соңдықтан айдап шығу шарасын осы уақыттан 1,5-2 сағат бұрын бастау ләзім. Сөйтіп, жылы су құйылған науага отырып, тас ұсақтайтын барлық қүшету амалдарын бастасаныз, ұсақталған қыыршақ құмдардың барлығы аурусыз, жиырылып қалмай, ешбір қындықсыз женіл шығады. Ян жетілік Ай циклінің бірінші, үшінші жетілігінде дененің жиырылуына ынғайланған кезінде және денеге барлық тұсken заттардың «ішке тарту» тендерісі басталған кезде шоғырланған микроэлементтердің басқа да пайдалы заттардың корынан жиналған дәрілік шөптерді ішу ұсынылады.

Ай циклінің төртінші жетілігіне ерекше ұсыныс. 23-і күні ерлі-зайыптылардың көрпе қымылдатуы орынсыз. 24-і орайлы күн. Айдың 28-29-ы күндері кез келген энергия жоғалтудан сабырлылық пен ұстамдылық қана қорғай алады.

Ерекше нүктелермен салыстырғанда ең үлкен құйылу тас-
қынын сөндіруге де үлкен күш қуатты да, денедегі сұйық-
тардың қозғалысын бағыттауда дұрыс айналымға жұмсалы-
тын күш қуатты да үнемдеу қажет. Бұл күндері сабырлылық
көрсету барлығымызға ортак.

Айдың 8-15-22 және 29-ы ерекше нүктелі күндер қысу-
дың кеңеюге өтетін және керісінше тасқының ауысуынан
күшті қолайсыз зардап шегуі тартылыс дененің күшіне
уақытында бағынуға қабілетсіздігін көрсетеді. Тибет, Үнді
елдерінің көп ғасырлар бойғы тәжірибесі де осыны растай-
ды. Осы қолайсыз күндердің теориялық негізін ғылыми
көзқараспен алғаш оқушыларына ашық жариялат отырған
«Сауықтыру күші» атты кітаптың авторы Г.П.Малахов
екенін атап өткен жөн.

Ендеше Ай айналуының зор мәнін үғына білсек жеке
сауықтыру процесін жасауда әртүрлі сәтсіздік пен өкініш,
қателесудің 90 %-нан құтыламыз.

Жылдық биоыргақ. Жер Күнді айналғанда оның орта-
лық шенберінен емес, жалпы, орталықсыз айналады. Сон-
дықтан қаңтарда Жер Күнге өте жақында, шілденің ба-
сында одан ең қашыққа алытайты. Жер мен Күннің арақа-
шықтығы жыл бойына 4,8 миллион шакырым өзгеріп, алма-
сып отырады. Сондықтан Күннің тартылыс күші және
Күннің жарығы, яғни Ян – ауыр, Инь – женіл екеуінің де
үлкен әсері өзгереді. Мысалы, Жерге келетін энергияның
жылдық жылуы мен жарығының өзгерісі 7 %.

Адамның денесіне жылдық мерзімнің әсері және
ерекшелігі жөнінде. Жерге келетін Күн нұры мөлшерінің
өзгеруінен жылдық мерзім ауысады. Күннің ұзыншылығы
токырау кезіндегі (VI.22) қуаты Жер бетіне ең көп мөлшер-
де түседі. Қыста Күннің қысқарып барып токырауы (XII.22)
Жер Күнге ең жақын келсе де, күндізгі уақыт ең қысқа,
Жер ең аз қуат алады. Жазғытурым III.22-і жазда (VI.22)
інде күн мен тұн теңескен Жердің Күннен алғындағы
қолемі ең жоғарғы мен төменгі арасында орташа болып
келеді де, тіршілік иелерінің өсіп-өнуіне ең қолайлыш жағдай
жасайды.

Күн сәулесінің жер бетіне түсінің өзгеруінен оған бай-
ланысты басқа жағдайлар да өзгереді. Ылғалдылық, аэро-
ионның ең жоғарғы мөлшері тамызда, ал ең азы ақпанның
аяғы – наурыздың басында. Бұл өз кезегінде адам денесі

жүйесінің белсенділігіне өсер етеді. Сонымен, аэроиондар көп болғанда, өкпенің белсенділігі артады, оның ең белсенді жұмыс істеуі күзде байкалады, қыста қантарда оттегінің тығыздығы ең жоғары қөтеріліп, маусымда азаяды, шілдеде – осы тербеліс барлық дененің қызметінде байкалады.

Ескі заманда үнділер мен тибеттіктер жылды тәулікке үқасас үш болікке бөлген. «Капха» (шырыш), «Питта» (өт) және «Вата» (жел) – өркайсысы адам салауатты өмір салтын құрып, дені сау, өмір сұру үшін тағамы дәмді лайықты болуы шарт.

«Капха» мерзімі салқын ылғалдылығымен, яғни дымқыл, «Питта» мерзімі жылы және ылғалды, ал «Вата» «Капхага» қарама-қарсы, ол сұық және құрғақ. Мерзімнің өзөзіне тән ауру-сырқауы да пайда болатынын естен шығармау аbzal. Сондықтан мерзімінде пайда болатын ауру-сырқаудан халық медицинасы денедегі «шырын» «өттің» құрғап қатып қалуының алдын алуға ертеден көңіл аударып өртүрлі шаралар қолданған.

1. Аюрведистер («Панча карма») деп атаған денені та зартуға бес міндет жүктеген. «Панча кармасы» бізше – ораза.

2. Өркайсысы мерзімді анықтайтын «Капха» ауасы ылғал, салқын, денеде шырыштың көбеюіне бөгет жасайтын жылы құрғақ үйде отырып, белсенді өмір салтын орнату. «Питта», керінше, отырған ортанды салқын ұстап, желдетіп, ой сергітетін хош істі болуды қалайды. Өзінді-өзің кинап, күш салмау; «Вата» мерзімінде құрғақ сұық. Сондықтан оттың қасында жылынып отырып, дененді құрғатып алмау, жылуды сыртқа шығармау үшін ыстық моншаға отыру, денені зәйтүн майымен, не тортасын қайырған қаймақ майын жағып сылау.

3. «Капха» мерзіміне арналған тағамдармен коректену. Құрғақ, жылы денені ысытып, тағамға тұздық орнына пайдаланатын өртүрлі дәмдеуіш қосу, «шырыш» жиналудың алдын алып, корғайтын тағамдармен тамактану. «Питта» мерзімінде – салқын сұы мол дәмдеуішсіз ылғалды көбейтіп, өте ысып кетуден сактайтын; «Ватада» – ыстық сұы мол, майлы денені қыздыратын дәмдеуіш қосқан сорпа ішу керек. Әрине, мұның бәрі тамактану жөніндегі қарапайым ұсыныстар Олар жылдық мерзімнің зиянды өсеріне қарсы тұратын мүмкіндіктер береді.

Адам денесінің міндеті және дene мүшелерінің мерзімдік белсенділігі. Жылдық мерзімнің өзгеруінен күндізгі және тұнгі уақыт аралығында (яғни, Құннен Жерге түсетін қуат көлемінен) тарту кіндігінің өсерінен Құн, Жер, Ай 12 энергетикалық каналға солар арқылы дene мүшелерінің аткаратын қызметіне елеулі өсер етеді. Сонымен, құн қаншама ұзақ болса, канал «жұмысы» соншама күшті (онымен байланысты ағзалар да) тәуліктің жарық уақытының каналдары соншама күшті «жұмыс істейді». Тұн қаншама ұзақ болса, тәуліктің қараңғы уақытының каналдары соншама күшті «жұмыс істейді». Қазіргі заманың медицина статистикасы бұл құбылыстың қозғаушы күшін растиғанымен, өсер ету механизмі жөнінде баяндамайды.

Миокард инфаркті (жүрек етінің шектеулі көлемде талаурауы) көбінесе күздің соңғы кезінде, қысқа таяу жиілеп, ал, тамыз бен қыркүйек айларында азаяды. Ұлтабарды аспаппен қарағанда, ішек-қарын жолдарының шырышты қабатында талаурау өзгерісі жазда, күздің басында азайып, қыста және жазғытүрим көбейеді. Жаңа туған баланың қантар, ақпан, наурыз айларында туылғандар ең ауыр (3040-3120 г), маусым, шілде, тамызда туылғандар ең жenіл (1940-3060 г), бұл жоғары көріністермен түсіндіріледі: а) Құн энергиясы тасқынының тербелісі; б) Құннің гравитация күшінің ықпал жасау тербелісі. Осы уақытта (тұнде) адам денесіне жана туған балада Құн мен Айдың да өсері бар. Осының нәтижесінде қоқыстармен қатып, семіп қалған бұлшық еттердің тоқыма торлары икемділігін жоғалтып, қан қысымының өсерінен оңай жыртылып немесе қан ағысына бөгет жасап, жарамсыз етіп, нәтижесінде жүректің еттері өледі. Осы аурудың аз ғана бөлігі жазда кездеседі. Неге десек, жасуша жазда шегіне дейін кеңейетіндіктен, қан айналымына ешқандай бөгет болмайды. Қыста туылған балалардың салмағы көбінесе ауыр болатындығы іштегі нәрестенің бірте-бірте өсуінен тартылыс күшімен, сондай-ақ сырттан Құннің өсіретін ықпалымен түсіндіріледі. Енді осы көріністерден-ақ жылдық мерзімдерге өмірлік тәжірибeden ұсыныс жасауға болады. Мысалы, бала туу жолы кішкене, жамбас қуысы тар әйелдер үшін жазда босану ба-ланы шала тууды қайталайтын аналар үшін қыста босану тиімді.

Жылдың әртүрлі мерзіміне сәйкес келетін дene

мүшелерінің белсенділігі жөнінде Чжуд-ши былайша баян-дайды: бұларда теориядан гөрі тәжірибеге қошайік. Адам денесінде 12 канал бар. Осы каналдармен энергия ағысы өтеді, ал 8 бұрышта энергия жиналады. Каналдар мен мүшелер өзара ықпалдастып, бір-біріне әсер етеді. Ол тартылыш куаты арқылы жүреді. Жазда тарту кіндігі денемізді жоғары тартады (ол онтүстік) – жүректің белсенділігі артып, тамырын соғады. Қыста төмен тартады (солтүстік) – бүйректің белсенділігі артады. Жазғытұрым онға (шығыс) тартып, бауырдың белсенділігі артады, ең сонында (солға) тартады. Ол күн батыс – өкпенің белсенділігі артады. Эркайсысы 72 күннен тұрады, екі аралық күндер – 18 күн орталық арқылы жүріп, әрбір дененің белсенділігін арттырады. Бұл жөнінде Санк-Петербургте «Жыл сайын, күн сайын сауықтыру кенесі» деген атпен Г. Малаховтың кітабы шығады.

Жыл сайын әрбір ағзаның белсенді күндері кешігіп, ілгерілеп отыратындықтан, ол туралы жазбадым. Мысалы, бүйрек, қуықтың белсенділігі 2003 жылы қантардың 13-інде артса, 2004 жылы қантардың 3-інде артады. Сондықтан айдың тууымен санайтын шығыс күнтізбесін тауып алу кажет.

Дененің тәуліктік белсенділігі, әрбір мүшениң белсенділігі артатын тәулік уақыты

Бауыр	1-3 сағат
Өкпе	3-5 сағат
Тоқ ішек	5-7 сағат
Асказан	7-9 сағат
Ұйқы безі	9-11 сағат
Жүрек	11-13 сағат
Аңы ішек	13-15 сағат
Қуық	15-17 сағат
Бүйрек	17-19 сағат
Жүрек қабы	19-21 сағат
«Үш жылдықыш»	21-23 сағат
Өт қабы	23-1 сағат

Жоғарыда айтылғандардан тәжірибелік ұсыныс жаса-
сак.

1. Кандай бір мүшениң ен колайлы уақыты – оның жылдың ен белсенді кезі

2. Аурудың алдын алу үшін өзінің әлсіз мүшенді белсенді кезеңіне қарама-карсы қойып, қолдау жүргіз. Мысалы, жүректі қыста, бүйректі – жазда, бауырды – құзде, өкпені – жазғытурым қолда.

3. Мүшелерді тазарту мен қалпына келтіруді олардың ең белсенді кезінде жүргіз. Бауырды жазғытұрым, жүректі – жазда, бүйректі – қыста, өкпені – күзде, асказанды – мезгіл аралығында.

4. Табиғатынан құшті ағзаға жағдай жасама, антагонизм зандылығына сәйкес ол әлсіз мүшеге онан сайын қысым көрсетеді. Мысалы, қыста бүйрекке дем берсен, ол жүрекке онан бетер қысым жасайды және керісінше жүрекке жазда жағдай жасасан, ол өзі әлсіз бүйректі онан бетер күйретеді. Бұл бауыр мен өкпеге де қатысты. Сондықтан Г.Малахов былайша корытады.

1. Денені толық тазарту керек. Онысыз толықканды қалпына келтіру жок. Денені тазарту үшін «Целительные силы» кітабының I томындағыдей жаса.

2. Басқаша айтқанда, жылдық, айлық, күндік ең жоғары белсенді кезі қантардың 22-сінен сөуірдің 3-іне дейін өте қолайлы. Наурыздың 23-інен 30-ына дейін Ян орталығы дene қысыла бастайды, барлығы төмен түседі.

НЕСЕППЕН ЕМДЕЛУ

Қазіргі кезде адамдарда өзінің немесе балаларының несебімен емделу ынтасты артып отыр. Несеппен емделу әдісін уринотерапия дейді. Мындаған жылдар бұрын емге тек адамның ғана несебін емес, басқа жануарлардың да несебін пайдаланған. Несеппен емдеу туралы макабхарата, Библия сиякты кітаптарда да айтылған. Ал «Оқымағандарға керегі жок», «Мәнгі ләззат алу бұлағы» атты кітаптарда тек несеппен емдеу туралы баяндалады. «Денені қалпына келтіру үшін несепті пайдалану тәжірибесі» деген ерте заманда жазылған кітапта көптеген мәлімет бар.

Мұның Шива құдайы мен оның әйелі Парвати екеуінің несеппен емдеуді қалай пайдалану жөнінде өлеңмен жазылған атақты «Дамар Танта» кітабында аталуы тегін емес. Шива несеппен емдеу техникасында: өуелі несеп жинаитын ыдысын алтын, күміс, мыс, жез, мырыш, батпақтан, шыны, бамбук ағашынан, орман алмұрты, сүйек, тері, жапырақтардың колда барынан жасалған болсын дейді. «Батпақтан жасалған ыдыс жақсы, ал мыс артығырақ» деген екен Шива әйелі Парватиға. Ары қарай тұзды, өткір абыз тағамдардан аулақ болып, бойға тез сінетін тағамды аз мөлшерде ішіп-жеп үйрен, көп ішіп-жеп, дененді қинама, сезімінді өзің билем, астына ешнэрсе төсөнбей, тұра жерге жатып үйрен» — депті.

Несеппен емделіп шұғылданушылар сағат 3-4-те тұрып, аузын тазалап, шығыска қарап, түзге отырады. Несептің алғашқы және соңғы бір шаптырымын төтіп, ортанғысын таза ыдыска күйип алады. Қайталап айтқанда, несептің тек ортанғы болігін іshedі. Сөйтіп, несептің алдыңғы және соңғы бір шаптырымын жыланның басымен құйрығындағы у-ға тенейді. Несептің алғашқы бір үрттамы мен соңғы бір үрттамында көдімгі өт бар. Ал, орта болігінде пайдалы заттар мол. Осылмен және басқа да бұлақ қөздеріне сүйене отырып,

Шивамбу «несеп – жүректілердің сусыны» – деген екен. Сондай-ақ ұнділер «несеп денені тазартады, жер үстінде жоқ, көктің шәрбаты» деп мақтайды. Несеп барлық дәрілердің дәрісі – дәрінің маңызы. Ол аюрведтердің ең пайдалы дәрісі болып келген, әлде де бола бермек. Шындығы да солай.

Йогтар күн сайын танертең несебін алаканына құйып, үш рет мұрындарымен сорып аузымен үш рет төгеді. Сөйтіп, олар жел құз ауруынан айығады. Оның ас қорытуы жақсарады. Денедегі күшке күш косылады. Шива несеппен денені сылап, сипауға да үлкен мән берген. Өзінің несебінді батпактан жасалған ыдыска құйып, қайнатып, қалғанын пайдалану орынды екенін ескерткен. Қайнатқаннан қалғанымен денені сылап-сипау өте пайдалы деген. Қайнатылмаған несепті денеге жағып, сылап, сипауға, пайдалануға болмайтынын, әрі оның денсаулыққа зиянды екенін ескерткен.

«О Парвати! Кімде-кім үш жыл ұдайы несебін күніне үш рет ішіп, күндіз үш рет, түнде үш рет денесіне жағып, сылап, сипаса, толық күшіне еніп, денесі де жетіліп, көркем-өнер, ғылым-білімі кемеліне келіп, шешендік қабілеті артады және аспандығы жұлдызы құлағанша өмір сүреді» – деген екен. Ескі деректерде несебін күніне үш рет ішкен адамның тезірек нәтижеге жететіні айтылған. Бірінші рет танертең сағат 3-4-те, талтұсте, кешкі тамақтан бір сағат бұрын, тамақтан соң ішсе, бір сағат кейін ішсін деген. Адамның несебінің «ыстық» денені құргататын әсері бар. Несептің дәмі өткір, құрамында тұз көп. Несеп көз ауруын жазады. (кәдімгідей тамызасын). Өтті реттейді (несепті өте таза ыдыска ал). Ішектегі құрттарды жояды, асқа тәбетті қоздырады. Сезімінді тыныштандырады. Егер адам пайдалана білсе, жана өмір береді, қанды тазартады, тері ауруларынан айықтырады, тұмау мен жөтелдің алдын алады, улы заттарға карсы денеге күш-куат береді.

Біздің ата-бабаларымыз жануарлардың да несебін пайдалана білген. Эрбір жануардың несебі мінез-құлық болмысина сәйкес келеді. Ең төуірі баланың несебі, денені тазартатын қасиеті бар. Ешкінікі асказанды бұлдіріп алғанда және дene селкілдейтін жүйке ауруларына, түйенікі – құлақтың жарасын, ал адамның өз несебі – шаш түсіп, жылтыр бас болғанда, несептің тұзы – көзге ақ түскенде та-

зартады, тамақтың ісігі мен өкпеде жара пайда болғанда көмектеседі.

Көтен ішектің сыртқы тесігінде тамыр үлкейгенде көтеу сиырдың несебін таза ыдысқа тосып алып, құйрықты малып отырады. Егер талпақ танаудың несебін ішсе, бүйрек, қуықтағы бауырдың өт қабы, өт жолдарындағы та-старды ерітіп жібереді. Ал адамның несебі қанды дереу тоқтатады. Күйген жерге несепті мақта, матаға сініріп тар-тса, ашығанын дереу басып, іріндемей жазылады, тыртық қалмайды. Егер қекбауыры үлкейген кісі ішсе, ол қалпына келіп, отасыз-ақ жазылады. Баланың несебіне бал қосып, мыстан жасалған ыдысқа қайнатып пайдаланса, көзге түскен ақ тез кетеді. Ол басқа да көптеген қасиетімен ерекшеленеді.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН САҚТАУ НЕМЕСЕ КАЦУЗО НИШИДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ

Казіргі адамдардың көпшілігі денсаулықты сауықтыруды зейнетке шықканнан кейін бастамақ, бұл—күлкілі жағдай. Бізде адамның орта жасы 60-тың о жақ бұ жағында деп көрсек, ол өлер алдында септігін тигізер ме екен? 48 жастан бастап ерлердің өлімі көбейе береді деген статистикалық есеп тағы барын ескерсек, өте өкінішті. Сондыктан денсаулықты сақтауды неғұрлым ерте бастаса, солғұрлым пайдалы.

Экологиялық ортаны сауықтыру мемлекеттің қарамағындағы мәселе десек те, әркім өз денсаулығына өзі жауапты. Тұздалған, майлы, өндеуден өткен балбауырсак, торт, сыр сияқты тәтті дәмді тағамдардан, кока-кола сияқты сусындардан, химиялық дәрі-дәрмектерден бас тарту керек-ақ. Оның орнына табиғи тағамдармен, табиғи дәрі-дәрмектерді пайдаланған жөн. Аракпен темекі, наша сияқты пәледен аулақ болғанымыз жөн.

КАЦУЗО НИШИДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ ІЛМІ

Денсаулық ілмінің жаңа тың ағымының көш басыларының бірі Кацузо Ниши Жапонияда 1884-1959 жылдары өмір сүрген. Оның балалық кезіндегі түрмис тіршілігі біршама қанағаттанарлық болғанымен, өзі әлжуаз, денсаулығы жақсы болмаған. Кеудесінің мөлшері қалыпты жағдайдан кем болғандықтан, алғаш окуга қабылданбаған. Келбеті жүдеу, демек, күрбылары тәрізді жүйелі білім алудың жолы кесілген. Суық тие беретін, ішіп-жегені бойына сіңбей, іші өте беретін. Дәрігер оған ішек туберкулезі және өкпенің жоғарғы бөлігінің қабынуы бар деген нактама қойған. Ал әйгілі бір дәрігер: бұл бала 20-ға да жетпей өлеуді деген. Алайда Кацузо Ниши аса зерек, ұфымтал болып өседі. Ол

енді спортпен шұғылданды. Содан-ақ бірте-бірте сауыға ба-стаған. Ол ешқашан шылым шегіп, аузына ішімдік алмаған. Кейбір кезде дұрыс тамақтанбағандықтан, ауырып та қалып жүреді. Тұстары және өзі де денсаулығы нашар адамның құрылыс инженері болғаны дұрыс деген шешімге келгентүғын. Жалпы техникалық мектепке түсіп, аурушандығынан сабактан көп қол үзіп, дұрыс та оқи алмайды.

Жас жігіт қалай өмір сұру жөнін анықтап алу үшін енді бұл шаруаға шындалап кіріседі. Денсаулықты арттыру жөнінде кітаптар тауып, зейін қойып оқи бастайды. Қолына Флетчердің енбегі түседі. Онда денсаулықты нығайтуға, қарапайым тілмен айтқанда, тамакты барынша көп шайнау керек делинген. Содан әрбір талшықтардағы ас, қоректік заттарды мүмкіндігінше денеге толық сініру қажеттігін ұғынады. Осыншалық қарапайым теория Нишидің санастына үлкен өзгеріс өкеледі. Флетчердің теориясы оның білім көк жиегін кеңейтті, бөлінбес тұтас дененің саулығын қалай арттыруды үйретті. К.Ниши бұдан былай адамды нағыз дауалаушы табиғаттың өзі деп түсінді. Егер тағам дәмді болып, оны шын ықыласымен жесе, қажеттісін ала алады. Тәбеті тартпаса, тамақтанудың қажеті жок.

Флетчер жеміс-жидекті ауыр түсетін қабықтарынан тазартып жеуді ұсынады. Ниши осы нұсқауды басшылыққа алған, бірақ енді іш қатудан азап шеге бастаған. Сөйтіп, осы іш қатудан бастың керемет ауыратынына, ішектің әртүрлі жағымсыз қүйге түсетініне көзі жеткен.

Сөйтіп, К.Ниши азық-тұліктің тек түзуші ғана емес, қиратушылық әсері де бар деген қорытындыға келеді. Техникалық институтта оқып жүргенде ол Синклердің ашығып емделу енбегімен танысқан болатын. Осы енбек арқылы өзінің ішегін емдең жазатын амалын тапты. Ақыл-есі дұрыс емес адамдардың ішегі катады деген қорытындыға келеді. Бұл қорытынды оны ішек пен ми, жүйке араларындағы қатынасты ашуға өкеледі. Бұл қорытынды К.Нишидің денсаулық сактау қағидаларын жасап, салауатты өмірді нығайту мұратына жетудің нақты әдісіне айналады.

К.Ниши бүйрек ауруы жұмсақ төсекте жатудан болатынын, бүйрек, бауыр мен терінің бірі ауырса, екіншісі де ауыратынын, дененің өзара байланысы қалдық тастанды заттардың молаюынан, ондағы улы заттардың қанға өтіп,

мидың қызметі бұзылатынын айта келіп, осының бәрінің ақыры миға қан кетуге әкеліп соғатындығына ерекше көnl бөледі.

Шибатаның енбегімен таныса келе, кояндарға жасанды іш қатыру тәжірибесін жасағанда ми тамырлары кенейіп, олар миына қан құйылудан өлген. Көптеген тәжірибелерден ес ақылы төмен адамдардың ішегін тазарту арқылы оларды емдең сауықтыруға болады деген қорытындыға келеді. Қайсыбір ауруларды емдегендеге шын мәнінде бұл әдіс нәтижесін де берген. Аяқ-қолы мұздап жүретін адамдардың жел құзы бар ауру екенін, оның жүрек, қантамыры, бүйрекке әсер етіп, оған көп салмақ түсетіндіктен, бауыр мен терінің қызметіне салдары тиіп, оның да қызметін төмендететінін айтады. Осының бәрі іш катудан болып, мидың тамыры кенейіп, ақыры қан кетумен біtedі. Мұның түп себебі дұрыс тамақтанбаудан, ішектің тастанды қоқыстарға толып катуынан, деп білген.

К.Нишидің денсаулық жүйесі – ең алдымен ми мен ішектің атқаратын физиологиялық міндеттімен санасу. Осы екі мүше адам денесінің негізгі факторын қалыптастырып қана қоймай, оның өмір сүруінде маңызды рөл атқарады деп таниды. Сондықтан мидың белсенділігі адам өмірінің өнімділігін арттыру үшін ішектей қалыпты жұмыс істеп елеулі міндет атқаратын, оған сай келетін еш нәрсе жоқ дегенге саяды.

1832 жылдарда дұрыс тамақтану жөнінде Нью-Йоркте Сильвестр Грэхем деген дәрігер дәріс циклдерін оқи бастаған. 1856 жылы «Табиги гигиена» термині дүниеге келді. 1927 жылы К.Ниши өзінің денсаулық сақтау жүйесін жүртшылыққа жөриялады. 1936 жылы ағылшын тілінде бастып шығарылған бұл жүйені адамның жынысына не жасына қарамай-ақ қабылдай беруге, пайдалануға болады. 1927 жылы ілімшінің «Денсаулықтың ұлы жаңалығы» деген кітабы Чикаго қаласында басылып шықты. Сейтіп, К.Ниши бізге белсенді, ұзак уақыт жас қалпында қалу ілімін сыйға тартты. Аурусыз, азапсыз өмір сүру, өмірден ләzzат алу мүмкіндігін ашып берді. Оның инженерлік ақылойы, ақиқат талабы мен ынтықтығы Америкада табиги гигиенаның пайда болу кезімен тұстас келеді. К.Ниши зеректігі мен тынымсыз ізденуінің арқасында бұл қоғамдық қозғалыстыңғы ғылымдағы кеменгер қайраткеріне айналды. Ол қан айна-

лымы туралы көзқарасты бүтіндей өзгертуге әкеліп соккан зор ғылыми жаңалық ашты.

Осылайша, К.Ниши бірте-бірте өзінің денсаулық жүйесін, салауатты өмір сұру салтын жасаған болатын. Оның әдістеме теориясын жариялауы жүртшылық тарарапынан күшті қызығушылықты туғызды. Адамдар емшіге дүниенің төрт бүршісінан келе бастады, олардың саны күн санап есе берді. Ақыры ол Токио метрополитенінің бас инженері қызметінен кетуге мәжбүр болды. Ол енді былайғы өмірін бүтіндей денсаулық қызметіне сарп етуге арнады.

Біз іс жүзінде қолданып отырған гигиеналық медицина жүйесі табиғатпен сініскең, тірі дene зандағысымен үйлесімді ғылыми көзқарас, нәтижесі пайдалы, адамзатты жарылқаушы.

Сонғы бір жарым ғасыр шамасында жүртшылықтың табиғи гигиенаға деген ынтасы өсті. Бұл тек АҚШ-тың өзінде ғана шектеліп қалмай, Австралия, Жаңа Зеландия, Батыс Еуропа елдерімен қоса, Жапонияны да қамтыды. XIX ғасырдың ондаған көрнекті қайраткерлері С.Грэхем, И.Джинингс, Р.Тролл, Т.Николос, Дж.Джексон, Х.Остин, Ч.Пейдж, Р.Уолтер, П.Брэгг, К.Ниши, Г.Шелтондарды туғызды.

Салауатты өмір салты

Адам бақытқа бөленген кезде қуанады, қайғыға тап болса – күшті толғанып қасірет шегеді. Ал осы күй толғанысы тек адамға тән қасиет. Мұндай қасиет басқа тірлік иелерінде жоқ.

Бақыт пен қайғы-қасіретке душар болғанда байсалдылықпен сабырлық сақтау – имандылық, адамдық қасиет. Олай болмағанда, өмір сұру құштарлығына қайшы келеміз,, «Бұл дүниеде адамнан бақытсыз тіршілік иесі жоқ. Оның өмірі басынан аяғына дейін азап, қайғы-қасірет шегумен кетеді» дейді К.Ниши. Өзіне ғана емес, адамзатқа жақсылық іздеғен адамдардың өмірі азаппен өтетіні де белгілі.

Егер жануарлар ауыра қалса, ол өдерине емдік қасиеті бар шөнтерді тауып жеуге асығады, ашығады. Бірақ қайғы-қасірет шекпейді. Қартайған таутеке күш-куаты азайған соң үйірінен бөлектеніп, текетасына шығып, біраз күн тұрып, биік тастан секіріп өледі. Ит те иесіне өлімін

көрсетпей, қанғып кетеді. Құрт-құмырсқа, ара сияқты жән-діктер қайсы- бір ауруды жүқтүрмәу инстнктмен үйірінен қуып шығарылады. Адам табиғаттың бір кішкентай жарық-шағы бола тұра, ауырып, сырқап азап шегеді. Неге десеніз, адам табиғат зандылығын білмейді. Табиғат занын біліп, жүйелі түрде пайдаланса, Алланың жоспарлаған 150 жасына да келер еді. Ендеше, ауыра қалғанда дәрігерге жүгірмей, сол табиғаттан жәрдем іздел табу жөн. Табиғат зандылығын білу қажет. Табиғат зандылығын бұлжытпай орындасан ғана денің сау, ой-өрісің кен, сергек боласын, ұзақ өмір сүресін.

Денсаулық сактау жүйесі менің ғана ойлап тапқан дүни-ем емес, адамзаттың табиғи сауықтыру саласында көптеген ұқыпты, бақылау, тәжірибе сындардан өткізілген, әржакты зерттеумен кордаланып, жиналған іс нәтижесі.

Бұл жүйе бірден пайда бола қалған жоқ, көптеген жыл-дардың – тірі жүріп, өмір сұруғе құштарлықтың нәтижесі. Табиғат зандылығын танудың әрбір қадамы салауатты өмір салтын сактауға жақындана түсті. Мен тек жинап, талдау жасап, бір жүйеге салдым. Салауатты өмір салтын сактау менің өмірімнің бір бөлігі болып келді, – деп жазды Жапо-ния профессоры К.Ниши.

К.Нишидің салауатты өмір салты денсаулық сактаудың жана табысы, денсаулық сактаудың жана стратегиясы деп білуіміз керек.

Табиғи гигиена

Сырт қарағанда табиғи гигиена халық медицинасымен туыстай көрінуі мүмкін. Тіпті де олай емес. Табиғи гигиена халық медицинасынан болмағанда үш ерекшелігімен оқша-уланады. Олар:

1. Жүйелі өрі жинақы;
2. Тәсіл әдістері ғылыми негізде;
3. Ағартушылығы.

Дәстүрлі халық медицинасының максаты емдеу ғана болса, табиғи гигиенаның максаты – халықты денсаулық занына үйретіп, оны дағдылы әдетке айналдыру, саналы те-рең біліммен қаруландыру болып табылады.

К.Ниши барлық аурудың пайда болуы төрт қуат көзінің – қанқа, ішкі азға, жалпы қан, лимфа тағы да өзге сүйіктардың өзгеруі, сонан барып ақыл-ойдың төмендеуі

деп таныды. Осы қуат көздері міндеттерінің төмендеп құлауы былайша өріс алады. Омыртқа, арқа белдемелері өзгереді, тері қызметі бұзылады. Бұдан соң дереу бүйрек, бауырдың белсенділігі төмендейді, іш қатады. Ол мидың кантамырларының босаңсуына не жарылып қанқұйылуына әкеліп соғады.

Ондай қатерлі жағдайға жетпесе, қантамырларының кенеюімен шектеліп қалса, аяқ-қолдың мұздауы сияқты белгілері бірте-бірте біліне бастайды. Мұндай жағдайда мида жүйке жүйесін қозғашы орталықтар бұзылған. Мұздаған аяқ-қолдар бірте-бірте өкпе, жүрек, қан тамырларының, бүйректің қызметін төмендетеді. Бұл мушелердің өзара байланысы органикалық жүйенің біртұтастығын көрсетеді.

К.Ниши ауруға да, сауға да қажетті, науқасты сауыктыратын, сау адамды ешқашан ауыртпайтын денсаулық жүйесін жасауға үмтүлді.

Биологиялық заң құнделікті өмірде адам ағзаларының мүмкіншіліктері мен қорларын реттеп, басқарып отырады.

Табиғи гигиена адамның дем алып, тыныштық сақтау, құш-қуатын асырып, энергия қуатын жинақтаудың төрт түріне ерекше назар аударады. Олар: физикалық, физиологиялық дем алу, тамақ ішіп-жеуден бас тарту (немесе ашығып емделу), ақыл-ой демалысы, психикалық дем алу.

Осы айтылғандардың бәрін адамдардың санасына жеткізу, икемге келтіру үшін дүниеге сеніммен қарайтын бейбіт өмір, бірлік, біріне-бірі көмектесу өнегелі адамдардың үлгісімен тәрбиелу арқылы іске асады.

Сондай-ақ өзімшілдіктің өзінен ғана емес, оның көріністерінен де бас тарту қажет. Сонда бұл сауықтыру дәстүрі адамның физиологиясына игілікті ықпал етіп, дененің гормон-эндорфин, басқа да пайдалы заттар шығаруына мүмкіндік туады.

Біздің мектептерде де не құлы пәндерден сабак өтеді-ақ. Алайда адам өміріне ең қажетті, ең күрделі, өз басының дene құрылышын, денсаулығын сақтау жөнінде мардыымды үйретілмейді.

Адамзаттың өзі туралы ілімді үнемі толықтырып, кеңейіп отыруы – қажеттілік.

К.Нишидің денсаулық жүйесі не дегенге келсек, табиғаттың тылсым күші–өмір заны денсаулық занын басқарады деген негізгі пікірге саяды. Өмір заны дегеніміз әділ әрекет етіп отырған биологиялық зан.

К.Нишидің денсаулық жүйесін денсаулық сактаудың стратегиясы деп түсіну жөн. *Табиги гигиенаның ең басты идеясы – қырық жаста адам өзіне-өзі дәрігер, өйтпесе зердесіз адам.*

Аурудың алғашқы себебі немесе жол болмаушылық өзінің жалқаулығынан, сауатсыздығынан, теріс әдеттегенден.

К.Ниши 1927 жылы: «Шын мәнінде дәрі-дәрмексіз, пышақпен кескілемей-ақ, кез келген жүрек, қантамырлар жүйесі ауруының алдын алу арқылы оны толығымен жоюға болады, деп жариялады. Адамзат өмір кілтін іздел әлек, ал біз аурудан азап шегіп келеміз. Мұның бәрі өзіміздің сауатсыздығымыздан».

Сөйтіп, К.Ниши дәрісіз дауалау принципін жолға қойды. Бір талассыз ақиқат бар: ешкім ешқашан біреу үшін ештеме істемейді. Пайдасыз күтумен уақыт оздырмай, сізге сіз үшін біреу артықша қамқорлық жасайды деп үміттеніп отырмай, өзіне-өзін көніл бөлуді ойла. Тек өзіне-өзін! Сондықтан біліммен, ақпаратпен қарулан, үйрен, әдеттен деген К.Ниши.

Салауатты өмір салтын орнатқан өркениетті елдерде үйде, тіпті көшеде шылым шегуге тыйым салынған, шылым шегетін арнаулы орын белгіленген. Өркениетті елдер темекі фабрикаларын өз жерінен аластан, біз сияқты елдердің жеріне көшіріп салып жатқан жоқ па? Тіпті, химиялық, фармакологиялық зауыттарын да басқа елдерге салып беріп, «қамқорлық» көрсетіп отырғандары да құпия емес. Өз елінде майлы етті тамактанудан шығарғалы да неше ондаған жылдар өтіп, нәтижесінде саудада өтпеген артық тауық етін басқа елдерге сатып келеді.

Бұдан былай нақты денсаулық стратегиясы жасалып, ол К.Нишидің денсаулық жүйесіне негізделсе құба-құп. Олжамыз мол болар еді.

Денсаулық сактаудың екі негізі

1. Мемлекет, туыстар, дәрігерлер, мұғалімдер, тіпті баксы балгерлердің де адамның дені сау, бақытты өмір сұруіне

ықпалы бар. Көпшілік мемлекет қамқорлығын пайдаланады, кейінгілерінің кеңесін тыңдайды, ұсынған дәрілерін іshedі. Бұрынғысынша ештеме болмағандай жүре береді, бірақ түбекейлі жазылып кетпейді.

2. Аурудың пайда болу себептерін жою. Зиянын түп та-мырымен жұлып, олардың пайда болу себептерін өзгерту. Адамзаттың болашақ арман-мұддесі міне осы.

Егер адам тұрмыс-салты мен ой жүйесін өзгертуге шынтуайттап кірісе қалса, есен-сау, толыққанды салауатты өмір сүретін мүмкіндік бар. Сондай саналы кезенге өтсе ғана адам өзіне-өзі дәрігер, кеңесші бола алады.

Бұл сілтемелердің тап бүтін пайда бола қалмағаны да жұртқа белгілі. Бұл адамзаттың ондаған жылдардан бергі өмір тәжірибесі мен ғылыми зерттеу әрекеттерінің жемісі.

Ұсынып отырған бұл ілімнің негізін қалаушы К.Ниши Бұл күндері баршаға белгілі болған ұлы енбегін жүйелеу үшін денсаулыққа байланысты 70 мың ғылыми бұлақ көзін оқып зерттеген. Ол ежелгі Грекия, Египетте, Тибетте, Қытайда, Филиппиндері медицина тәжірибелері, йога, сан-қылыш дәрттердің алдын алу, емдеу әдістерін, диетология, тыныс алу, сумен емдеу, ашығу сияқты осы заманғы адамдардың менгерген әдіс-амалдырының қайсыбірін өз денесіне тәжірибе жасап, зерттеп, тексеріп, бұлардың ішінен 362 әдісті бөліп алып, денсаулық жүйесін жасауға пайдаланған.

Денсаулықтың негізгі факторы

К.Ниши адамның денсаулығын төрт бірдей маңызы зор факторға байланыстырып карастырады.

1. Терінің жайы;
2. Тамақтың сапасы;
3. Аяқ-қолдың хал-жайы;
4. Адамның рухани күйі және ішкі сезімі;

Бұл төрт фактор бүкіл дененің тіршілік қабілетін қамтамасыз етпекші ортақ мақсатта бірімен-бірі бірлесіп әрекет жасайды. Бұл көзкарас К.Нишидің денсаулық жүйесінің бөлінбейтін біртұтас денені бөлшектемей емдеп, сауықтыру мақсатынан туындағанын дәлелдейді.

К.Ниши терінің хал-жайына ерекше мән беріп, көніл аударған. Фалым үшін тері – аурудың айнасы. Тері қакпа. Ол арқылы денеге табиғаттың шипалы күші құйылып, дene-

ге ықпал етеді. Тері өзінің толған тыныс жолдары арқылы ауа, су, сәулені ішке енгізеді. Тері – бүйрекке, басқа да зәр шығару мүшелеріне ұқсас. Тері қаннан зиянды заттарды бездері арқылы сыртқа шығарады. Терінің беті жүйкелердің ең соңғы ұштарына толы. Теріні өте жылы киімдермен тұмшалап, жарамсыз, тіршілікке қаб3летсіз етіп тастауға болмайды.

К.Нишидің денсаулық жүйесі жана диетологияны ұсынады. Ол, біріншіден, адамның денесі ауадағы, судағы, өсімдік тағамдарындағы энергияны шоғырландыра алатын ғажайып қуат жүйесі деп есептейді.

Екіншіден, өсімдік тағамдарымен тамактану. Бұған күн энергиясы, сәуле ерекше сіңген. Ал күн қуаты болса, Аллаһының нұры.

Үшіншіден, ашығып емделу және денені тазартуды тамактанудан бөліп қарауға болмайды дейді К.Ниши.

Аяқ-қол ахуалы. Нағыз емшілер ерте заманнан-ақ аяқ-қолдың хал-жайына қарап, оның ауруын анықтап келді. Мәселен, жіліншік пен табаның ісіне бастауы жүрекпен қан аздықтың белгісі.

К.Ниши осы ойын дәйектейтін бір мысал келтіреді. 1941-1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғыста немістер ағылшындарды бомбалаган кезде аяғынан, өсіреле табанынан жарапланғандар бүйрек қызметінің жетіспеушілігінен өлген. Демек, бұл табан мен ішкі мүшелердің қатынасы тығыз байланыста екенін көрсетеді. Қан айналымының механизмін жақсартуда маңызды рөл атқаратын гломустың көпшілігі табанда жататындығы белгілі.

К.Ниши ақыл-ой сөзіне жан, рух деген түсініктерді қосарлап кең мағынада алады. Жиі аландау, қүйгелектену, корқудан адамның жүрек-қантамырлары ауруына ұшырауы мүмкін.

К.Нишидің денсаулық жүйесі рухани және дене күшін көтеретін адамның болашаққа сенімді болуы, көнілді өмір сүруі, сары уайымға салынбауы деп таниды.

Дәрісіз дауа

Сонымен, К.Ниши медицина саласының сан алуан озық үлгілерін зерттеп, байыптаپ, бірімен бірін ұштастыра келе денсаулық сақтау жүйесін алты ережеге тоғыстырады.

Бұлардың қай-қайсысы да соншалықты қарапайым, орындауға женіл.

Кімде-кім осы ережелерді ұқыптылықпен орындаі бастаса, тез арада бойы сергіп, қуаты артып, көнілсіздік пен аурудан арыла бастайтын болады. Қолға шындал алдың екенсіз, сіздің дененіздегі жасушаларға денсаулық өзінен-өзі құйыла береді.

Сізбен бізге ауру аялдамасынан саулық аялдамасына дейінгі ара қашықтықта ең алдымен қозғала бастап өткен қателіктер зардаптарының көбімен жүріп өтуге тұра келеді. Егер ол жер, бұл жерін ауыра қалса, кенеттен бірекі сафат, не бірнеше күн қызының көтеріліп, локсып, ішің өтіп, құссан да қорқары жоқ. Мұндай жағдайда ескі әдетіңмен дәрігерге тұра жүгірме. Сауатты адам мынаны ескеруі керек: мұның барлығы – денені тазарту қүшінің бастамасы. Мұны ұмытуға болмайды. Біржарым күн тамак ішпесен де ештеме етпейді. Шаршап-шалдықпа, сұық тигізіп алма, ызаланып қорықпа, сабыр сақтап, өзінді-өзің оймен тыныштандыр. Көзір сен табиғаттың өзінің корғауында екеніңе сен. Бұл ережелер К.Нишидің денсаулық сақтау жүйесін жүзеге асырган көптеген адамдарға көмектескен. Саған да шипа болады. Сондықтан бұл акылды жасалған табиғат зандылығын пайдалан. Бұл адамзаттың ұзак уақыттан бергі ақыл-ойының жетістігі. Таза су іш. Уақытша төзу керек. Денсаулықтың алты ережесін орындауда алғаш әдеттенбеген бейтаныс түйсікті жену үшін шыдам керек. Әлдекандай ыңғайсыз сезімдер көп кешікпей кетеді.

Кез келген аурудың орнын бостандықпен жігер басып, тұракты орын тебеді. К.Нишидің денсаулық сақтау жүйесінің жаттығулары алғашында орындауға қын сияқты болып көрінеді, алайда ол өу бастан-ақ дайындықсыз келетін адамдарға есептелген. Ынта қойған кісі онай игеріп, бара-бара қажеттігіне айналдырып алады.

Бұл жаттығуларда тамактану, сумен емдеу, сипап үгу, мануалды медицина, гимнастика, денешынықтыру мәдениеті, қозғалыс, демалу – бәрі-бәрі ғылыми түрғыда жүйеленген. Айтары жоқ, барлығы мұқият ойластырылған тұтас жүйе. Максат әрбір ағзалар мен жасушаларды қалпына келтіру, тазарту қүшінің тұтастығын, коэффициентін көте-ру. Жаттығулар желдетіліп, ауасы ауыстырылған үйде неме-


се таза ауада жасалады. Адам жалаңаш болса, мүлде жақсы. Мүмкіндік болса, барлық тері-ая алмасуына қатысып, өз міндетін өкпе сияқты демалып орындаپ тұруы шарт. Жалаңаш тері арқылы дene оттегі мен азотты сініріп, тастандыларды сыртка шығарады. Оттегі денедегі тастанды заттарды өртеу үшін ғана емес, денені тазарту үшін де және барлық зат алмасу үрдісі үшін де, жасушаларды қоректендіру үшін де кажет. Іске сөт.

Денсаулық сактаудың алты ережесі

К.Нишидің денсаулық жүйесі өте тиімді және орындауға да онай денсаулықтың қарапайым алты ережесін ұсынады. Адам осы ережелерді күніне екі рет орындаса, ол өзіне денсаулықты сыйлаң қана қоймай, өмір бойы ширакта жүре алады.

Денсаулықтың бірінші ережесі – тегіс, қатты төсекке жату (еден де болады).

Денсаулықтың екінші ережесі – мойынға қатты зат, мәселен дорбаға ұсақ тас салып, оны жастану.



15-сурет.

Омыртқа жотасының біркелкі қатты және жұмсақ төсекке жатқандағы көрінісі. Жұмсақ төсекте жатқанда омыртқа жотасы қисайған.

Денсаулықтың үшінші ережесі – алтын балық. Суда жүзіп жұрген балықша аяқтың басын тез бұлғақтату (2 минут немесе 240-қа дейін санап).

Денсаулықтың төртінші ережесі –аяқ-қолды көкке көтеріп, екі минут дірілдетіп капиллярды жаттықтыру және емдеу.

Денсаулықтың бесінші ережесі – лотос гүліне ұқсау. Екі тізені ашып, табанды, екі алақанды айқастырып, демек бір-біріне тығыз қабыстырып, кемінде 10 минут жату. Алақан мен табанды тығыз қабыстырып, аяқ-қолды ілгері-кейін созумен диафрагмаға (көк етке), денені тазартуға, денені коректендіруге көмектесеміз (ілгері – кейін 61 рет).

Денсаулықтың алтыншы ережесі – инзим тепе-тендігін сақтау. Көзге көрінбегенмен, денеден болінетін сөуленің бар екені анықталған. К. Ниши ол сөулені инзим деп атаған. Бізше фермент дейсіз бе, биокатализатор дейсіз бе. Бұл тіршілік иелерінің барлық жасушаларында денедегі процеске бағыт беріп, жөнге салып, жылдамдатып, керекті жерінде тежеп тұратын күш. Өмір сұру қабілеті инзим сөүлесінің мәні сол әрбір адамның өмір сұру қабілеті оның инзиміне байланысты. Инзим белсенді қызмет атқарғанда жарқырап тұрады. Инзимді мүлде ескерусіз қалдырып, өмір туралы сөз қозғаудың мәні жоқ. Инзим – жасушалардың тіршілік көзі. Азғантай ғана инзимнің өзі ұлпаны, строманы зор химиологиялық өзгеріске түсіреді. Инзим тепе-тендігі өзгерсе, дөреу ауру пайда болады. Кісі табандары мен алақандарын тығыз қабыстырса, екеуі бір-бірімен қарама-қайшы ешуақытта ымырасыз: жасаушы мен құрту күші бәсекеге түседі. Жануарлар мен өсімдіктер жүйкесі, бас сүйек пен бұлшық еттер, артерия мен вена, қышқыл мен сілті, тыныштықпен қозғалыс – барлығы әртүрлі инзиммен байланысты бола тұра, бір-бірімен шендеріп, бірінен-бірі артып түсуге тырысады. Ақыр аяғы тілеген тепе-тендікке жетеді. Жан күші мен дененің бұл жағдайы байсалды салмақтылыққа да апарады.

Егер тығыз қапсыру жаттығуын үзбей қырық минут орынданап жүрсе, біріншіден, парасимпатикалық және симпатикалық жүйке жүйесі арасында тепе-тендік орнап, денеде жалпы су үндестігіне қол жетеді. Сөйтіп, жүйке мен су арасындағы тепе-тендіктің бұзылуы мен бір-бірімен алшактығы жойылады.

Бұл жаттығу адам баласына өте қажет. Жарты денеден жан кетіп, қол-аяқ жұмыс істемей қалған кезде бұлшық еттер мен жүйке тамырларын үйлестіреді, бүйрек үсті безі мен жыныс мүшелері, тоқ ішектің жұмысын жақсартады.

Сонымен, табан мен алақандарды бір-бірімен қабыстырганда пайда бола қалатын бұл не күш?

К.Ниши пайдаланған инзим — сәуле деген терминнің түбінде ақыл-ой және жан факторы жатқандықтан, бұл ілімді физикалық ғылыми қозқараспен шешу мүмкіндігі жоқ. Қолмен сипап емдеу инзимнің жасампаз қызметін нығайтып, ауру денедегі жоюышы инзиммен бәсекелесе келіп, аурудың сауығуына кедергіні жояды.

Колмен сипап емдеудің ғажаптығы, инзима сәулесін шығаратын дуалы өсері барлығы жөнінде үшінші ғасырда Эпири Пир көкбауыр ауруын сұқ саусағын тигізіп қана жазғаны, Рим императоры Веспасиян соқырға сілекейін тигізіп, сақайтқаны жөнінде көп жазылған. Төсектен тұрмай жатып, біржарым минут алақандарынды қабыстырып, тамаққа соナン кейін ғана отырсан, сол күні жаттығуды қайталап жатудың қажеті жоқ. Өйткені асқазан мен сілтілігі арасында тепе-тендік өзгермейді. Денесі салданған адамы бар отбасы ол кісі алақаны мен табанын бір-біріне жеткізе алмайтындей болса, бұл жаттығуды төсекте жатып істеуіне көмектесіп жіберсе және бұл жаттығуды шаршағанға дейін істей берсе, нәтиже болары анық.

Оте науқас адамдардың басым көбісі қайғыдан таусылып, ұмті үзіліп, фәнимен қош айтысып, «біреуге ерте, біреуге кеш дүние» деп жатады. Ал осындей әрекетсіз қала беруге тиіспіз бе? Қыын-ак сауал. Адамда ұміт пен сенім қатар болуы керек. Сенім болуы үшін сүйенетіндей, қол артатындей дәйек болуы керек. Төзімділікпен жеңіске жеткізетін сенімге серік — табиғаттың тылсым құшінің заңын бұзбау.

Адамның ең алдымен дұрыс тамақтана білуі шарт. Қазіргі тамақ құрамы мен тамақтану ережелерінің табиғи зандаулықка сәйкес еместігінен денеге тастанды коқыстар қордаланып, жиналатыны бар. Денеде тастанды қалдықтарды болдырмаудың тәсілі К.Нишидің денсаулық жүйесі деп аталады.

Адам табиғаттың мызғымас заңын бұзса, не істейді? Жауап біреу — жан теріс айналып, денеден кетеді.

К.Нишидің іліміне бақсак, «Кешке, танертең, күн сайын денсаулығым артып келеді»,— деп қайталап отырғайсыз. «Денедегі әр жасуша жаңарып, қаным жап-жас, таза, бездерім де тамаша жұмыс істеп тұр, бұлшық еттерім, тамырларым жұмсарып, серіппелі, таза, жаңарған. Сүйектерім, сінірлерім берік. Буындарым иліп-созылып, қозғалысы икемді. Барлық мүшелерімді миым басқарып тұр» — деп өзінді өзін сендір.

«Күн сайын денсаулығым артып, ақылды, қайырымды, қабілетті, жасампаз, енбеккор, өзіме және халыққа пайдалы болып келемін». Солай өзінді-өзін сендіре білсөн, ақыл-ойың денене тиімді өсер етеді. Жаманшылығың жақсылыққа айналып, әрі қарай бақытқа бөленетін боласын.

Ақпараттың буырқанған толқынына ұрынбай өмір сұру үшін сана өзіне жаңасын, онда да белгілі мөлшерде ғана қабылдайды. Егер денеде қалуettілік арта түссе, кісі қалып-қа түсу үшін мүмкіндік табуға әрекеттенеді. Сананы жана ақпаратты қабылдауға мәжбүр етеді.

Нақтылы ойынды санаңа күніне екі рет қайталап сініре білсөн, оны ми қабылдап, ойың сонда сақталады.

Күн сайын жақсарып, серігіп, күшіме күш қосылып, ақыл-парасатым да артып келеді деп қайталаган ақпаратты алған жасушалар күн сайын жақсара береді. «Мен өзімді қалай ойласам, солай көремін» — сендіріп емдеудің негізінде дәл осындағы ақықат жатыр.

Сонымен, бұл алты жүйенің ережелері бойынша омыртқа желісі мен қарын бұлшық еттерін жаттықтыру, бір мезгілде қозгалтып, сендеру амалын бірге қолданып, тұщы суды мол ішумен;

қышқыл мен сілтілік-тәндік орнатып, қан айналымын жақсартамыз, ферменттердің қызметін сактап, дене енбегінің хал-жайын физиологиялық түрғыда реттеуге қол жетеді;

ми қызметінің үйлесуі реттеледі, дененің рухани күші жасалады;


жүйке жүйесі мен қан тамырлары, барлық дене дем алып, тыныстыайды. Дене мен рухтың бірлігі осылай іске асып, өте сирек кездесетін жақсы денсаулығымыз қол жеткізген болар едік.

Бұл жүйенің алты ережесін күніне екі рет қандай жағдайда да толық орындаі алсақ, денсаулық бұзылып, ауырмайтын боламыз.

Денің сау ма, жоқ па? Бұрын неменеге сендің және не істедін, бүгінгін – сол өткеннің нәтижесі. Әртүрлі бейнедегі ыдыстарға құйған судың пішімі қалай өзгерсе, жасушалардағы молекулаларын да жағдайға байланысты барлығы бірдей сенің сеніміңде сәйкес лезде өзгереді. К.Нишидің денсаулық жүйесінің алты ережесі осылай кісінің өмірі мен денсаулығы жайында дүниежүзілік ғылым-білімнің озық тәжірибелерін ойдағыдай жүзеге асыру арқылы шоғырландыра білгендігінде.

«Алтын балық» жаттығуында нендей сыр? Денсаулық сактаудың үшінші ережесі

Катты, тегіс төсекте немесе еденде тұзу шалкалап жатып (бас денеден төмен болса да жарайды), табанынды артына қарай созып, бүкіл дененің дірілдеп, екі жағына кезекпен бір-екі минут қозғалғанда қанда, көктамырда күшпен сору қозғалысы артады. Дененің әрбір бөлігінде, өсіреле аяқтың тері астындағы көктамырда жиналған қанды жүрекке екпінді ағыспен қайтуына мәжбүр етеді. Бұл жаттығу омыртқа жотасының майысқанын бұрынғы қалпына келтіру мүмкіндігімен ғана шектелмейді. Нәтижесінде барлық мүшелер мен жүйенің физиологиялық қызметі жөнге қойылып, симпатикалық (сыртқы), парасимпатикалық (ішкі) жүйке жүйесінің байланысы қүшейіп, әрбір жасушаға барлық қан айналымы артып, ішек, бауыр, бүйрек, тері, жүрек, мидың қызметі реттеледі.



16-сурет.
«Алтын балық» жаттығуы

К.Нишидің денсаулық сактау жүйесінен дәріс оқыған Севастополь қаласынан Майя Гогуланға бір кісіден хат келеді. Хат иесі өзінің екі итінің тіршілігін бақылағанда танқаларлығы сол, иттердің К.Нишидің денсаулық сактау жүйесімен өмір сүріп жатқандығына көзі жетеді. Байқасаңыз, «Алтын балық» ойыны К.Нишидің денсаулық сактау жүйесін жасауға бастау болған. Аттын аунап тұрып, сілкінуи сияқты қымылдар жан-жануарлардың барлығының да табиғаттың тылсым құші мен занына бағынуы деп білгеніміз жөн. Иттер үйдің қатты еденінде жатады, аяқтарын бастарына жастанады, тұра салысымен керіліп К.Нишидің «алтын балық» жаттығуындағы дай сілкініп, басын шайқайды. Үй құстары аурудан көп зардап шегеді. Өйткені олар табиғи өмірден аластатылған, торда қамауда отырады, еркін ұшып, саяхаттаудан қалған. Қолға түсіп пұшайман күй кешкен күс омыртқадағы ауру жағдайын женілдету үшін сілкініп, мойнын олай-бұлай бұрып жаттығады. Ойын балалары күміс өндес табан балықты құйрығынан сілкілеп жүріп, кейде қайсыбірін тірілтіп те алады екен. Егер оның басын тез жоғары тік көтеріп қалса, өліп қалатын көрінеді. Бұл аяқ пен омыртқаның денсаулықта өте зор рөл атқаратындығының айғағы, – дейді екен К.Ниши.

Қылтамырларды жаттықтыру

Денсаулық сактаудың төртінші ережесі

Қылтамырларды жаттықтыру үшін қатты, тегіс төсекке не еденге жатып, мойныңа жұмыр қатты жастық сал. Сонан соң, аяқ-қолдарынды көкке көтер, табанынды еденге ешқашан да түйілістірместей етіп, жарыстырып ұста. Осы жатысынмен аяқ-қолынды селкілдетіп билей бер. Мұны ғылым тілінде тербеліс дейді. Бұл жаттығуды екі-үш минуттан кешке, таңертең күніне екі рет жаса. Іштей санап 240-360-қа жеткізсен де екі-үш минут болады.



17-сурет.

Қылтамырды жаттықтыру үшін

Әдettен тыс кейіпте, әдettен тыс қозгалыс жасаудың керегі не? Бұл жаттығудың сыры не?

К.Нишидің денсаулық сактау жүйесі теориясының негізін еске түсірініз. ол: «қан айналымының қозғаушы күші жүректе емес, қылтамырларда жатыр» деген болатын.

Сіз К.Нишидің мына кенесін де ұмытпаған боларсыз. Жараланған қолды басынан жоғары көтеріп тұрып, шын мәнінде нәтиже беретініне көзің жетеді. Өйткені қөттамырдағы қан тәмен кетіп, біртіндеп пайда болған қуыс желпініп, қансыз бос қалған қылтамырдың қан айналысы жылдамдал, жараны іріндеуден сақтайды да, тез жазылу қабілетін арттырады.

К.Ниши ұсынған мұндай қол-аяқты көтеріп жатып сел-кілдеть сияқты қозғалыстар «қылтамырды жаттықтыру және емдеу» деп аталады.

Қылтамырды осылайша емдеу аяқ-қолдың ғана қан айналымының белсенділігін арттырып қоймай, бұкіл дененің қан айналымын да арттырады. Өйткені бұкіл қантамырлар жүйесі біріккен бір қан айналымын құрайды. Демек, дененің шектеулі бөлігінде қан айналымы жақсарып жатса, денедегі бұкіл қан айналымы да артады. Тағы да себеп – аяқ-қолдардағы орасан көп қылтамыр мен мұндағы қантамырлардың қозғалысы бұкіл денедегі қантамырының белсенділігін арттырады.

К.Нишидің денсаулық сактау жүйесінде наукасқа нақтама қою туралы арнаулы тарау бар. Сондықтан жүрек ауырғанда аяқты емдеу шарт. Егер оң жақ жүргегінің оң жағы зақымданса шалқаннан жатып, оң жақ аяғынды 30 градуска айналдыр.

К.Ниши қай аяғы ауру дегенді онай анықтаған. Оны мұрыннан ауызға дейінгі бет әлпетінін сзызығына қарап анықтауға болатынын айтады. Екі сзызықтың бірі биік болса, осы жақтағы аяғы ауырады. Оң жағындағы сзызығы биік болса – сол аяғы ауырады. Жүгірудің шипалылығы мен сауықтыру қасиеті баршаға аян. К.Ниши жүйесі бұның табиғатын түсіндіреді. Алайда өзі төсек тартып жаткан, жүрек ауруынан азап шеккен қария қалай жүгіреді. Оған жауынды-шашынды, аязды, ауа райын, жердің тайфактығын, көшеде машина мен койдай өріп жүрген итті де қосыныз.


Жаттығу кезінде жаланаشتанып алсаныз, сізге бұл үш есе пайдалы. Теріні, жүректі, аяқты да емдең жазатын бола-сыз.

Денеде жүйкенің тепе-тендігі қалай қалыптасады

Жұлын омыртқаларды кесіп өтіп, сыртқы мүшелермен жүйке арқылы байланысады. «Алтын балық» жаттығуын жасағанда орнынан тайған омыртқа сүйектері қайтып қалпына келеді. Сонымен, қантамырлары мен жүйкенің түбіне түсетін салмақ азайып, алдымен ісініп, сонынан бүлінуден сактайды. Сөйтіп, қанайналымы түзеліп, шеткі денедегі жасушалар мен жүйкелерге қан жүгіріп, жанданады. «Алтын балық» жаттығуы омыртқаның жан-жағынан шығатын жүйкелерді жөнге келтіреді. Омыртқалардың майысуы мен қысып қалуынан азат етеді. Бұлардың барлығы кісінің түрмис қалпына, отырып-тұру әдетіне, мамандығына, шұғылданатын енбек түріне де байланысты. Доп қуалап, әр түрлі кедергілерден өткізетін ойын ойнайтындар омыртқалары бір жағына ауытқып кетуінен сақ болуы керек. Омыртқалар солға қарай ауытқыған жағдайда қантамырларының қысылып қалуынан бүйрекке зақым келеді. Сондықтан онға-солға қисайып жасаған жаттығу да пайдалы. Немесе кешке, танертен күніне екі рет «алтын балық» жаттығуын үздіксіз орынданап жүру ләзім. Спортпен орташа әуестенуден зиян жок. Кесіпке айналған спорт, күштейтілген жаттығу, денеге төтенше күш салудың денсаулықты жақсартпайтын-

дығы даусыз. Спортшылардың жүректерінің сол жағы үлкейген. Спортшылардың да, балериналардың да мамандығымен шұғылданып жүрген кездерінде денсаулықтарында пәлендей өзгеріс білінбейді. Қандай да бір себептермен кәсібімен шұғылдануды кенет токтатса, жүректің үлкейген жағы босап, жүрек пен жүрек қабының үйлесімділігі бұзылып, өкпе мен жүрек қозғалысы арасында тепе-тендік ауытқып, нәтижесінде спортшы плевриттен азап шегеді, балеринаның аяғы ауырып, зықысы кетеді.

К.Ниши мынадай қорытындыға келеді. Бүйрек ауруынан азап шегетін гольф ойыншыларына үқсас, бейсбол ойыншылары да кеуде, мойын омыртқаларының буын ауруынан азап шегеді. Ат үстінде көп саяттаушылар кеуде және бел омыртқаларының қозғалуынан белсіздікке, бүйрек ауруына, көтен ішектің қоктамырларының ауруына шалдығады. Садақ атудан есту жүйесі, кеуденің төртінші омырткасы босайды. Теннистің бұлшық еттерді босатып, плеврит пайда болуына алып келетіндігін спортшылар да, медицина қызметкерлері де білулери керек.



18-сурет.

Омыртқа жотасы: I – мойын омыртқалары; II – кеуде омыртқалары; III – бел омыртқалары; IV – құймышақ омыртқалары.



19-сурет.

Омыртқалардың шала шығып қисаоы

К.Ниши өзінің зерттеуімен столда отырып, үнемі жазу-сызумен айналысатындардың денесін бір бағытта бүгіп отыруларынан да ауру құрығына түсетіндігін дәлелдейді. Олар көбінесе бүйрек ауруына шалдығатын көрінеді. Машинкамен жазу жазып, сизу сыйзатындар құлақ, мұрын, тамақ, жыныс мүшес, асказан ауруларына шалдығуға бейім. Бұл өсіреле әйелдерге тән. Олардың 1-2-3-5-3-6-7-11-12-інші кеуде омыртқалары тайып кетуге өзір. Етікшілер, басқа да дене еңбегімен шұғылданатын қызметкерлер, жұмысшылар көбінесе бүйрек, жүрек, өкпе (10-омыртқаның шала таюынан) дертіне шалдығады. Кім ұзак жылдар жазу столында отырса, олар «жазумен бүліну» немесе ревматизм науқасына шалдығады. Музыканттар, машинисткалар, тігіншілер, шаштараздар, сағат жөндеушілер, стенографистер де осы науқастың құрбандары деп есептеледі.

Шу көп жерде істейтін кісілерде құлақта шуылдың пайды болу себебін К.Ниши бүйректе қышқылдың көбеюінен, улы зат болғандықтан деп есептейді. Улы заттар қан арқылы құлақтың дабыл жарғағы мен есту жүйесін бұзады. Нәтижесінде жүйкеге күш түскендіктен, ол солып, семеді. Осындай аурулардың алдын алу үшін де К.Нишидің денсаулық жүйесінің алты жаттығу ережесін күніне екі рет орындау қажет-ак. Біз күні бойы түрегеп тұрып жұмыс істегендे бір омыртқаны екіншісімен жалғастыратын буын арасы дене салмағының өсерімен қысылады, бойымыз едәуір қыскарады. Өсіреле балалар аланда жұмыс жасағанда немесе серуенге шықканда олардың бойы 2-3 см қыскарады. Бойын төсекте жатып қалпына келтіру үшін балаларға көп уақыт

кетеді. Мұндайда «алтын балық» жаттығуы көмекке келуі керек. Бұл жаттығу қөктамырдың соғу қабілетін күшейтіп, бүкіл денеге тараған теріге жақын қанды, сыртқа шығарады. «Алтын балық» жаттығуы жүректің қызметін женілдетіп, теріні тазартуға арналған.

Психикалық науқастарды емдеудегі нәтижесіздік көбінесе оның пайда болу ақиқатын білмегендіктен деп дәлелдейді К.Ниши. Психикалық науқастардың пайда болуының негізгі себептерінің бірі және бірегейі – ішек қуысының, тамақ қалдықтарына толып кетуінен ішектің бүгіліп өлті заттардың жүруіне бөгет болып, улы заттар қанға өтіп, жалпы қан айналымына кіріп, миға жетіп, олар ми жасушаларын уландырады. Бұл қантамырлардың кенеюіне немесе қабынуына әкеліп соғады. Әзірге ақыл-есі бұзылып кетпейді. Тіпті ішекте қи аз бола тұра, ішектің біраз жеріне жиналышп, ішіндегі заттар ішектің жасушалардағы қантамырлар мен жүйкелеріне зиянын тигізеді. Бұдан шығар корытынды – ішектің ішін тазарту үшін де «алтын балық» жаттығуын күніне екі рет орындалап отыру қажет.

«Табанды, алақанды тығыз қабыстыру» жаттығуы

Денсаулық сақтаудың бесінші ережесі

Жаттығуды орындау әдістері:

Bastay: Қатты, тегіс төсекте не еденге шалқаннан жа-тып, мойынға қатты жұмыр жастық қойып, алақанынды алақаныңмен, табанынды табаныңмен тығыз қабыстыр, тізеннің арасын аш.

Алдын ала:

1) Саусақтарынды ұшынан бастап, бір-біріне тигіз (10 рет нығыздап қабыстыр);

2) Саусақтарынды ұшынан бастап бір-бірін қабыстырып, алақанынды бір-біріне нығызда (тағы да 10 рет санап, нығыздап қабыстыр);

3) Қабыстырылған алақандарынды одан әрі нығызда (тағы да 10 рет);

4) Сол тығыз қабыстырылған күйі қолдың ұзындығына орай соз да артқа қарай басыннан асырып жіберіп, бетіннің үстімен беліне дейін дененді баяу қак бөліп жарғандай, алақан мен саусақтарынды алға, басына қарай бағытта.

5) Қабыстырылған алақан мен саусақтарынды аяққа ба-

фыттар айналдырып, дененде екі бөліп тастайтындағы етіп, төмөннен жоғары немесе шат сүйектен кіндікке дейін созып 10 рет қайтала;

6) Қолынды құштірек созып, ауаны балтамен қақ жарғандай, дененнің үстінен тез өткіз (бұл да 10 рет);


7) Қабыстырылған алақан мен қолынды ұзынынан то-лық созып, үйдің төбесіне қарай жоғары-төмен көтеріп, түсір (10 рет);

8) Тығыз қабыстырылған алақанынды қеудеге қойып, табаны тығыз қабыстырылған аяқты 1-1,5 см алға-артқа қозғалту, қозғалтқан кезде табан бір-бірінен ажырап, арасы ашылып кетпесін (бұл да 10 рет);

9) Қабыстырылған алақан мен табанынды бір уақытта жарыстырып, алға-артқа омыртқаны созғандай 61 рет қозғалт (созғанда алақан мен табанның ашылып кетпеуін бақыла).

Орындау: алдыңғы жаттығулардан кейін қабыстырылған алақанды ажыратпай, қеудеге тік қойып, «жатқан лотос гүліндей» жағдайда қалдырып, негізгі жаттығу бөліміне ауыс.

Жаттығудың негізгі бөлімі: 10 минут көзінді жұмып, қозғалмай жат. Қолынды қабыстырылған бойында саусактар үйдің төбесіне тік шашылған күйде қеудеде жатсын. Денен йогтардың «жатқан лотос гүліне» ұқсас жатады. Табан қабыстырылған, тізе арасы барынша бір-бірінен алшактап ашылсын.



20-сурет.

Табан мен алақандарды қабыстыру жаттығуы.

Бұл жаттығудың сыры неде?

Көк ет – екінші жүрек дегенді көпшілік біле берер ме екен? Жаттығуға дайындалу бөлімінде табанды-табанға, алақанды-алақанға қабыстырып, алға-артқа қабыстырылған аяқ-қолмен қозғаламыз. Неге? А.Залманов «Дененің жасырын даналығы» деген кітабында мұны былайша түсіндіреді: дені сау денеде көк ет бір минутта 18 рет ауыспалы тербеліс жасап, 4 см жоғары шығып, 4 см төмен түсіреді. Сөйтіп, ауытқу ені 8 см және 1 минутта 18 рет тербеліс жасаса, 1 сағатта – 1000, тәулігіне – 24000 рет шайқалады. Енді бұл ет қашама еңбектенетінін есептеніз. Біздің денеміздегі ең қуатты насос төмен түсіп бауыр, көкбауыр, өшектері төмен сығып, көк ет, көк тамырларды босатып, көк тамыр жүйесіндегі қанды алға – кеуде қуысына қысып, қуалап өткізеді. Бұл екінші көк тамыр – адамның жүргегі.

Көк еттің бір минутта қозғалу саны жүректің сондай уақыттағы қозғалу санымен тең. Бірақ оның геодинамикалық қысымы жүректің жиырылуынан өлдекайда құштірек. Неге десен, бұл настоның қызмет ету көңістігі үлкен.

Сөйтіп, «алақан мен табанның қабысусы» жаттығуымен біз диафрагмаға денені тазартуға, қоректендіруге көмектесеміз. Жаттығу кезінде қалай дем алуының керек? Оның мәні мынада. Нишидің денсаулық жаттығуы кезінде жасушамыз терен дем алады.

Біздің киіп жүрген киіміміз терінің тыныс алуын алышын тұншықтырып, өртүрлі ауруға шалдықтырады. Ал Нишидің денсаулық жаттығулары әрбір жасушаны тыныс алуға мәжбүр етеді.

Сіз жаттығу кезінде бар киімінізді шешіп тастап жалаңаш жүрсөніз, ағзанызға үлкен пайда әкелесіз.

Алақан мен табанды тығыз қабыстырып 5-10 минут тыныштық сактаудың мәні неде?

1923 жылы мәскеулік бактериолог А.Гурвич бір қызық тәжірибе нәтижесін жариялады: екі бірдей пияздың басын қатар егеді. Екеуінде де жасушалардың бөлінуі белсенділікпен жүреді. Әсіресе бір-біріне жақын тұрғандарды аралары алыс тұрғандармен салыстырғанда 50-75 пайыз артық белсенді екендігі байкалады. Ол бұл тәжірибелі жалғастыра

келіп, жасушалардың бөлінуі, өсіп, үлкеюі шамамен 190-нан 230 миллимикрон пияздан шыққан сәуле толқынның әсері деп біледі.

Бұл зерттеуді Германия, Франция, Англия ғылымдары да қайталаиды. Пияз бен бақаның басын катар орналастырса да жасушалардың бөлінуіне дем берген.

Ғалымдар бақылау нәтижесінде пиязды ауруды емдеуге, әсіреле обырды емдеуге пайдалануға болады деген қорытындыға келеді. Сондай көрінбейтін сәулені олар тіршілікке қабілетті күш деп есептейді.

Адам және басқа да тіршілік иелеріне күш үlestіріліп берілген.

Ана нәзік махаббатымен өзінің нәрестесін емізіп отырғанда қеудесінде сәуле ұшқындаиды, ал салақ ұқыпсыз қараған шешелерде ондай сәуле көрінбейтіндігін К.Ниши айқындаған екен.

Көзге көрінбесе де денеден бөлінетін сәуленің болатыны анықталған.Оны энзим, фермент немесе биокатализатор дейді. Тіршілік иелерінің барлық жасушаларында денедегі процеске бағыт беріп, жөнге салып, жылдамдастып, керекті жерінде тежеп тұратын күш болады. Оның мәні әрбір адамның өмір сүру қабілеті энзиміне байланысты. Ол белсенді қызмет жасап тұрса, тіршілік иесі жарқырап тұрады. Энзим туралы ауыз ашпай, өмір туралы сөз қозғаудың өзі де мәнсіз. «Әлем дүниесі үш фактордан тұрады» дейді Нэлькуэр. Олар – эфир – ауа – өмір.Кез келген затта өлшеу бірлігі бар, бұл – элемент, аудадағысы – эфир – электрон, ал өмірде – энзим жасушалардың тіршілік көзі. Азғантай ғана энзим ұлпаларды, строманы зор химиялық өзгерістерге түсіреді. Энзимның тепе-тендігі өзгерсе, ауру пайда болып, мүше өз қызметінен қалады.

К.Ниши Осака қаласында өзін шақырып келген аптекарь Некийдің кіші ұлының әйелінің жамбас күсының тарлығынан босана алмайтындығын, енді тек қарның жарып алу керектігін айтқанда, жаны қысылған күйеуі катты абыржиды. К.Ниши әйелге алақаны мен табанын тығыз қабыстырып, 40 минут отырып, «алтын балық» жаттығуын істетеді. Ол айтқанын бұлжытпай орындаپ, келесі күні ешбір қызындықсыз қол-аяғын бауырына алғанда, әлгі дәрігер мен күйеуі таңқалады.

Екінші баласының әйелінің ішіндегі бала көлденен орналасқан болып шығады. Ол да К.Нишидің айтқанын істеп, аман-есен босанған.

Ұқыпты айналысар болса, әркім-ақ өз сырқатын алақа-нымен емдейтін дәрежеге жетуге болады. Ол үшін тізерлеп отырып, екі шынтағын қеуденің деңгейіне дейін көтеріп, сонан соң алақандарын, саусактарын бір-біріне тығыз қабыстырып, сол күйінде 40 минут тыныш отырып, өзінің ақыл-ой қуатын алақанға ұздіксіз шоғырландыруы керек. Алақанмен емдеп жазу техникасы өте қарапайым. Алақанды ауырып тұрган жерге тигізіп сипаласа, ауру жоғалып кетеді. Эрине, айтарлықтай нәтижеге жету үшін алдын ала үшін жаттығу» және «алтын балық» жаттығуларын істеп үйреніп, сонан кейін ауру адамға үйретіп, іске асыруға болады.

Алақандарды қапсырып, тамаққа отыру өте жақсы өдет. Осылай еткенде асқазанның қышқылы мен сілтісі 1,5 минут ішінде тенеледі.

Төсектен тұрмай жатып та 1,5 минут алақандарынды қапсырып, тамаққа отырсаң сол күні бұл жаттығуды қайталап жатудың қажеті жоқ, өйткені асқазанның қышқылы мен сілтісі арасындағы тепе-тендік өзгермейді.

Iш, қарын, бел, арқа жаттығулары **Денсаулық сактаудың алтыншы ережесі**


Алашақы қалып: еденге жүрелеп отыр. Бөксен өкшене тисін. Омыртқа жотаң оқтау жұтқандай тік болсын. Дененін барлық салмағын аяғына түсіріп, алға, артқа, онға, солға бұрылсып, қозғалма. Құлағын дәл иығыңың үстінде болсын. Тілің тандайына тиіп тұрысын. Еріндерің бір-біріне жабысып, көзінді барынша ашып қара. Тыныс алуың баяу, женіл болсын. Осы кейіпің толық анықталған соң ғана терең тыныс алып, жаттығуға дайындал.

Арқа, белдеме, іш-қарын жаттығуларына дайындық.

1. Иығыңды жоғары көтеріп, түсір (10 рет).

Аралық жаттығу:

а) екі қолды бір-біріне параллель ұстап, алға қарай созып тұрып, мойныңды жылдам бұрып, құйымшағына қара, көз қырыңмен ойша жоғары, белдеме, арқа, мойын омыртқаларынды қарап өт. Сонсын оң жақ құйымшағына қарап,



21-сурет.

Іш, қарын, бел, арқа жаттыгулары. Даійндық болімі: 1 – иықты 10 рет жогары көтеріп, тәмен түсіру; 2 – оң жақ құлагынды 10 рет оң жақ иығыңа тигіз; 3 – сол жақ құлагынды 10 рет сол жақ иығыңа тигіз; 4 – басынды 10 реттен алга, артқа еңкейтіп шалқайт; 5 – басынды 10 реттен оңға артқа, солға артқа; 6 – екі қолынды қатар жогары көтер. 7 – тәмен түсіргендеге шынтағынды иығыңмен тәсестіріп қолынды жогары көтеріп тұр; 8 – сол күйінде басынды артқа қараі шалқайтып иегінді тәбекеге қарат; 9 – екі жауырының бір-біріне тиғенше екі қолынды иығыңмен тәсестіріп созып тұрып: негізгі болімі – омыртқаларың тік тұрып оңға, солға қисай, бір мезгілде ішінді ішке тартып және сыртқа томпайт.

бел омыртқаннан бастап, мойын омыртқаларынды да қарап ет (бұл жаттығу ойша).

Алғашында құйымшағынды да, бел, кеуде, мойын омыртқаларынды да көре алмайсың, оған абыржыма. Тек ойынмен көрген бол (екі иығынның үстімен артына кезекпен қара);

б) Қолынды бір-біріне жарыстыра жоғары көтер. Дененді де жоғары керіп соз. Арапық жаттығудың «а» кезіндегі сияқты (иық арқылы артына қара). Арапық жаттығу хатха-йогадағы отырған «жылан» сияқты, омыртқалар тік, бұл оны орнынан таюдан сақтайды. Мұның мәні қанды, мүшелерді, ұлпалар мен жасушаларды емдейді, аурудан да сақтайды.

Арапық жаттығуды соңғы алты жаттығудың әрқайсысынан кейін бір реттен қайтала да отыр.

2. Басынды онға қисайт, иығыңа құлағынды тигіз де қайтадан алғашқы жағдайына кел (10 рет). Сонан соң сол жағына қайтала (10 рет). Арапық жаттығу «а» мен «б»-ны бір реттен орында.

3. Басынды алға қарай (10 рет) енкейтіп, сыртқа он рет шалқайт. Сонан кейін басынды тік ұста. Арапық жаттығу «а» мен «б»-ны бір-бір рет қайтала.

4. Басынды оннан сыртқа бір рет айналдыр, кеуденді қозғалтпа. Сонан соң солдан артына, сыртына қарай (10 рет). Арапық жаттығу «а» мен «б»-ны қайтала.

5. Басынды онға қарай и (он жақ құлағынды он жақ иығыңа қарай тарт). Сонан соң мойнынды шегіне жеткенше баюу созып, басынды сыртқа қарай омыртқа желісіне дейін айналдыр (басынды шегіне жеткенше айналдырдың ба, соны тексер). Енді тап солайша (10 рет) онға-солға.

6. Екі қолынды бір-бірімен жарыстыра жоғары көтеріп, қолынды шынтақтан бүгіп, тік бұрыш жаса. Саусақтарынды бүгіп, жұдырығынды түй. Басынды барынша шалқайт. Иегін үйдін төбесіне қарасын. Жеті рет санап, қолынды түсірмей қайтала. Бұгілген шынтағынды иық деңгейінде өзіннен арқаңа қарай алып кетпекші бол. Екі жауырыныңды бір-біріне жақындалат.

Көрген боларсыз, көбелек гүлде отырғанда қанаттарын бір жайып, біресе арасын алшақтатып, осылайша қымылдайды (10 рет).

Аралық жаттығу «а» мен «б»-ны бір рет қайталап отыр.
Одан әрі негізгі жаттығуға көш.

Жаттығудың негізгі бөлімі.

Жаттығудың дайындық бөлімінен соң арқа белдеме мен ішек, қарын жаттығуы алдында аз уақыт денені босаңсыту қажет. Сонан кейін тұлғанды тексеріп, негізгі жаттығуды баста.

Тізерлеп екі аяғынды астына салып, екі табанынды қекке қаратып отыр. Дененді тік ұстап, салмағынды құйымшакқа түсір. Онға, солға теңселіп, бір мезгілде ішінді де алға-артқа қозғалт. Кешке, таңертең, күн сайын (10 минут).

Адам өзін-өзі қорқақ, өлсіз, аурушаңмын деп ойлай берсе, өледі. Сондықтан өзінді-өзің сендіре біл. Жаттығудан кейін «асыл, ақылды, дені сау, батыл, ғалым да өзім» деп күніне екі рет қайтала. Нық сеніммен айт. «Егер ғалым көрсөніз, ондай болмак қайда деп айтпа ғылым сүйсеніз» демеуші ме еді Абай атамыз. Не нәрсеге де төзімді боп, өзінді-өзің билей білсөн, аспайтын асуың жок деген сөз.

Денсаулық жүйесінің алтыншы ережесінде көп сыр жатыр. Ол көбіне қышқыл мен сілтіні тенестіреді. Омыртқа желісіне арналған жаттығуларды орындаған кезде сұйықтардағы жалпы қысым азая бастайды. Осы сұйықтардағы қысымды өзгертуеу үшін К.Ниши бір мезгілде ішек, қарын жаттығуын бірге жасатқан.

Омыртка жотасы мен ішек, қарын жаттығуын бір мезгілде жасаса, қышқыл мен сілті реакциясының тепе-тендігі сақталады. Мұны әрқашан еске сақтап, дene қызметі мен спорт жаттығулары кезінде катар орындалап отыру ләзім.

Алтыншы ереже жүйке жүйесін жөнге келтіруде, үйлестік, келісімдік қызметінде өте маңызды рөл аткарады. Қөптеген ішкі мүшелер алады, асқорытады, оны химиялық тыныс өндеуден өткізеді, микроэлементтер мен дәрумендерді сініреді.

Ал бұлшық еттер мен жүйке жануарларға тән. К.Ниши біздін ішкі мүшелеріміздің жануарлар мен өсімдіктер мүшелері сияқты екендігіне назар аударуды ұсынады. Еттер мен жүйкелерді жануарлардың ішкі мүшелеріне қатысты-

рып, ал өсімдіктерде аскорыту, тыныс алу мүшелерін жатқызады.

Мұндай жағдайда қай мүшеге қызмет етуіне қарай барлық жүйке жүйесін жануарлар, өсімдіктер деп екі түрге бөліп қарайды.

Біз қолымызды көтереміз, денемізді сыртынан сипаймыз, қышыған жерді қасимыз, ал асказан кеүіп кетсе, оны қалпына келтіруге сыртынан ештеңе істей алмаймыз. Ішекке де, бүйрекке де солай. Олардың жүйкелері иесінің ойлап басқаруына көнбейді. Табиғаты солай, біз оның қызметін тоқтата алмаймыз.

К.Нишидің денсаулық сактау жүйесінің алтыншы ережесіндегі ұсынысы омыртқалар мен қарынды бір мезгілде бірге қозгалту – парасимпатикалық және симпатикалық жүйке жүйесімен келісілген, өзара бірлесіп әрекет етуі жағымды әсер етеді деп тұжырымдайды.

К.Нишидің денсаулық сактау жүйесі адамды сауықтырып қана қоймай, денесі мен рухын үндес етіп, адамды дені сау, талантты, жоғары адамгершілікке жеткізуге арналған.

«Дені сау денеде – сау рух» деп ертеде римдіктер айтса, «Сау рухта – дені сау дene» деп шығыс философтары көрісінше айтқан.

«Мен өзімді қалай ойласам, солай көремін» деп сендріп емдеудің негізінде дәл осындағы ақиқат жатыр. Жүйенің алтыншы ережесінде омыртқа желісі мен қарын бұлшық еттерін жаттықтыру бір мезгілде қозғалтып, сендрі амалын бірге қолданып, тұщы суды мол ішу арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізе алымыз: қышқыл мен сілтінің тепе-тендігін орнатып, қан айналымын жаксартамыз; дene еңбегінің хал-жайын физиологиялық тұрғыдан реттеуге қол жеткіземіз; ми қызметінің үйлесуі реттеледі; дененің рухани күші нығаяды; жүйке жұмысы мен қантамырлар, бүкіл дene тыныс алып, қалпана келеді.

К.Нишидің денсаулық сактаудың алтыншы ережесін күніне екі рет толық орындағы алсак, ешқашан да денсаулық бұзылып, ауырмайтын боламыз. Сенім болмаса істің бәрі бекер.

Егер сіз сау, бақытты болуыңызға сенсепін, ауруды женесіз. Ол солай болады да. Бірақ «бақытсызыбын», «әлсіз-

бін», «өмір сұру мерзімі біткен» деп сары уайымға салына берсөніз, өлімге ұшырауыңыз ғажап емес.

К.Ниши сәттілік пен женіс лезде келе қоймайды, адам бұрын не туралы ойлады, өткенде ол не істеді, не ойлап, неге сенім артты, қазір қалай әрекет етеді – осының бәрі болашақ өз кескінін айнадан көрсететін болады. Басқаша айтқанда, «өзің туралы бүгінгі жорамалың, сенің болашағында не болатыныңды бекітіп береді» деп жазды.


К.Нишидің денсаулық сактау жүйесінің алты ережесін кім орындаі бастаса, тез арада қуаныш пен қуаты толық артып, көнілсіздік пен аурудан құтылады.

Адамның күш-қуаты (энергия) жөнінде

Адам денесінің қозғалтқыш күші – қуатында.

Тұылған кездегі дene бүгін мүлде басқаша дene. Алғашқы денеден қалған ештеме жоқ, бәрі өзгерген, жаңарған. Біздің осының алдындағы денеміз бүгін жаңа молекулалардан тұрады. Ағза коршаған орта мен зат алмасу барысын үздіксіз жүргізеді. Біз ауамен тыныс аламыз, тамактанамыз. Сөйтіп, дene мүшелерін қайта жасап, жаңартып отырады. Алғашқы және сонынан пайда болған жасушалар бөлшегі ондаған жылдар бойы дene де тұрмайды, өзгереді, жаңарады. Олай болғанда неге қартаямыз?

Әлемнен бүкіл дene тарап жайылған барлық тіршіліктің қуаты (энергия) Күннен алынады. Ол молекулаларды бір жерге жинақтап қалыптастырады. Қуатсыз тіршілік жоқ, жансыз өлі дene ғана болады. Энергия – өмір. Осы энергияның мүмкіндігіне карай өмір сұру тіршілікке тікелей байланысты. Адамның бақыты, толық қандылығы немесе жұпыны, бейшаралығы, жастығы, көрілігі, саулығы, аурушандығы осы қуаттың дәрежесіне байланысты. Әрбір адамды жұмыртқа сияқты кеңістікте энергия қоршап тұрады. Ол энергетикалық дene.



22-сурет.

Эфирдене суреті

Ол оң және теріс зарядталған плазмадан тұрады. Осы кеністіктің ішінде қуат теріден бастап жұмыртқаның сыртындағы қабығына дейін келіп және кері қайтады. Осы қозғалыс белгілі бір тәртіпке бағынады. Дәл терінің сыртындағы қабаты 1-2 мм тығыздалған және ол денені корғайды. Осы энергетикалық денені кішкентай әлем деп атаған. Үлкен әлем тұрақты. Өйткені онда қуат тұрақты қозғалыста, гармониялық үйлесімділікте, табиғат занының бірлігінде. Кішкентай әлем – адамның табиғат занын макұлдау-

мен қатар, оның ішінде энергия қозғалып тұрғанда аман сау өмір сүре береді.

Адамның денесінде табиғаттың өзінің алдын ала айқындауымен омыртқа жотасының екі жағымен тік қуат арнасы өтеді. Осы екі тік арна арқылы әлемнің қуаты құйылып, біздің әрқайсымыздың әғирденеміз пайда болады. Сонымен, адам жартылай ғарыштың бөлігі, жартылай сол күш-куаттың бөлігі болып калыптасады.

Табиғаттың біріккен бүтін күші әғирденені алғашқы қалпынан жібермей тұрғанда дene есен-сау, ал ыдырап шашылып кетсе – өледі. Денені көлденен кесіп өтетін көптеген арналар әрбір жасушаларға барады. Ол да әрбір жасушаны өмірмен толықтырады. Денсаулық үшін сол энергияның көлденен жолдарында да іркіліс жасайтындей бөгеттер болмау керек.

Әғирденеге қуат орталығынан ағыс үнемі келіп-кетіп, алмасып тұрады. Энергия жолында бөгет пайда болса, ағысы баяулайды не тоқтайды.

Сезім – бұл да күшті қуат. Қуаныш қуаты әғирденені толықтырады. Ызаланып қүйінген кезде қуатты талқандайды, жаныштайды. Адам осындай күш-қуатын өзі басқара білуі тиіс. Адамның жасушалары картайып, көр-жерге айналады, ал энергия өзгермейді. Энергияны оята білсек, ол күшіне береді, адам қартаймайды. Денеге сылап, сипау арқылы да, әртүрлі қозғалыстармен көптеген жаттығулар арқылы қуатты толықтырып, қажетті жолдарға салып отыруға болады. Шығындалған қуатты толықтыру әдісі өте көп.

Энергияны менгеру

Біздің айналамызда жайылып тараған, тіршілік қуаты немесе энергия. Біздің әлем осы тіршілік қуатынан тоқылған, үйіған энергиядан тұрады. Тығызырағы – физикалық дene, сиректеу нәзігінен – ой, сезім, тілек, ниет жасалады. Бұкіл әлемнің айналасы энергия ағынымен толы. Адамды әлеммен салыстырсақ, барлық денелерді то-лықтырып тұрған әрбір жасушаларға дейін бірдей қуатты энергия қозғалысымен қамтылғанда – адам сау-саламат, бақытты, жас күйінде калып, мүмкіндігінше ұзак өмір сүре алады.

Дүниені сақтап тұрған зандылықтармен санааспаса, адам

өзінің кимыл әрекеті мен энергияның дұрыс ағынынан айрылады. Ақыры өзі ауырып, қыншылық көріп, табиғат сыйлаған мерзімінен ерте кетеді.

Куат қүші біздің көзімізге көрінбейді, оның денедегі ағынын да сезбейміз. Сондықтан көптеген адамдар бұл тіршілік қуатының барекеніне құмәнданады, сенбейді. Біз тек қатты, тығыз заттарды көзben көреміз. Олар жарықты өзінен өткізбейді. Жерге көленкे түсіреді. Ал тіршілік қуатының құны бізге көрінбейтіні жарықты өткізеді, мөлдір, сезілмейтіні – өте нәзік. Көптеген адамдардың сезім мүшелері толық жетілмеген, сезіп, пайдаланып дағдылынбағандықтан білмейді. Тіршілік қуатының ағынынсыз өмір де болмас еді. Бұған сену үшін осы құштерді өзінің тәжірибесімен сезіне білу қажет. Өзіннің дененді тіршілік қуатымен толықтыру үшін кимыл-қозғалысты жөнге салуға оның бар екендігіне көз жеткізу керек. Мәселе тіршілік қуатының бар-жоғында емес, оны адамдардың сезе алмайтындығында болып отыр.

Шынында, бұл қуатты әрбір адам сезеді. Сезбеу деген адасушылық. Бұл қуатты сезбеу деген оның жоқ екендігінде емес, дәл айтқанда, біздің оны сезе алмайтындығымызда. Куат күшін сезе алмаудың екі себебі бар. Біріншісі, дәрі-дәрмекті көп ішкендіктен, дene нәзік энергетикалық сигналды қабылдаудан қалады. Екіншісі, өмірдің көптеген қындықтары денені өте күшті зорлауынан қуат күшінің сигналы оны жарып өте алмайды. Денедегі қуат ағынын ретке салу үшін, алдымен энергияны сезіну керек. Ол үшін алдымен екі бөгетті алып тастау қажет.

Дәрі-дәрмекті көптеп ішу арқылы аурудан айықпак түгілі, жанадан ауруға тап болатынын білу керек. Мұны неғұрлым ертерек түсінуің өзіне соншама пайдалы. Барлық дәрі-дәрмекті бірден қабылдамай тастама. Өйткені оған әбден әдеттеніп кеткендіктен, бірте-бірте көлемін азайтып таста. Ең сонында өмір сүрге ең қажетті дегенін қалдыр. Бара-бара дene көр-жерден тазарған кезде оны да тастауга тұра келеді. Күш салып, зорланып алып тастауды үйрену керек. Тезірек алып тастауды үйренсен, өзіне соншама пайдалы. Құнделікті өмірде кездесетін ауыртпалықтан болатын зорлану күйінді былай сырып қойып, бұлшық еттерінді басқаруды әдетке айналдыру жөн. Сондай ниетіңе көмектесетін жаттығулар төмендегідей.

Өлі кейіпке тұсу

Сәуле мен дыбыстар басқа да тітіркендіргіштерден мүлде оқшауланған жылы бөлмеде жаттығу керек. Ең қолайлы уақыт қөбінесе танертенгі 5-6 сағат шамасын таңдау дұрыс. Тегіс, катты, жерге матадан не жүннен тоқылған көрпені екіқабаттап салып шалқалап жат. Қолыңды дененмен жарыстыра созып, алақаныңды жоғары қаратып, саусактарыңды жартылай бүтіп, табандарының арасы ажырасқан, бетің аздап қана иығына қаратылған (мойын бүлшық еттерінді құшке салып, бетті бұрмаған болу), аузыңды аздап қана ашып қой, Т әрпін дыбыстағандай, тілің жоғарғы тістерінің катарына жанасып тұрсын. Көзінді жұм, жартылай бүгілген саусақтар қолдардың бүлшық еттерін дереу әлсіздендіреді, табандарың арасы ажырасуы да аяқтардың бүлшық еттерін тезірек босансытады, бастың бір иығына аздалап бет бұруы да мойын мен иық еттерін босансытады. Аздалап ашылған ауыз, тілді суреттеп жазылғандай, бет бүлшық еттерінің босансына қолайлы. Көзді жұму – көніл алансыз болуына көмектеседі. Денені босансыған кейіпке келтіріп, еш нәрсе ойламауға тырыс. Терен емес ыргакпен жайбарақаттыныс алуын керек.

Өзінді жылы сумен толтырылған науада жатырмын деп ойла. Денен женілдік сезінеді. Енді науадағы суды төктім деп ойла. Денен құшті ауырлықты сезінеді. Осы ауырлық барлық денене жайылды деп сана. Көнілінді аяғының саусақтарының ұшына аудар. Балтырына, санына, құйрығына, ішіне, кеудене, жағына, ерніне, мұрнының ұшына, мандайына жүйелі түрде ықыласпен баяу зер сал. Сонсон сенің барлық ықылас ойың мидың түбіне жетті деп ойла. Содан соң (назар аудару саяхатынды) керісінше ойлап жалғастыр – мидан мандайына, мұрнына, ерніне, жағына, кеудене, ары карай аяктың саусақтарының ұшына дейін. Содан соң менің қол-аяғым, барлық денем босансыды деп айт, солай болғанын бір мүшесінен екінші мүшесіне ауыстырып ойла (осылайша 7-9 рет қайтала, менің аяқ-қолым ауырлады деп 7-9 рет қайтала). (Менің аяқ-қолым, барлық денем мүлде ауырлап кетті, бір-ақ жолы 11 рет қайтала). Мен мүлде байсалдымын дегенді 1 рет айт.

Ауырлық пен жылдылық туралы мән шекенің маңайына сезім тудыруға болмайды. Бұл маңайды босансытуға

болады, бірақ өзінің салқын күйінді сакта. Жанай көз тастап, мұрныңың ұшына шоғырла, демінді ішке тартып, аз уақыт тоқтатып барып, сыртқа шығар. Тынысынды сыртқа шығарғанда көзің қалыпты орнына келсін. Денен бір тұнғиыққа түсіп кеткендей сезінгенше 9-13 рет қайталай бер. Көзбен жанап қарап жаттап жаттығу кезінде аз да болса басын ауырады, бірақ сол сәтінде-ақ басылады. Ары карай соза беруге тырыс.

Енді бұлшық еттерінмен бірге жүйкелерің де босансыған, оған қоса рухани күйің де тынышталды. Енді ойлаутық қызыметін тыныштандыру керек. Ол үшін оймен ашық көк аспанды бейнелеп, көз алдына келтір. Оның әдетте бірден сәті келе бермейді. Сондықтан қарапайым әдіс қолдануға тура келеді. Басы мен діні жасыл ағашты елестет. Қарауың дінінен жоғары төмен түсіп-шығып, ұшар басына дейін барады. Оナン жоғары көк аспан. Ағаштың ұшар басынан жан-жагына көз жіберсөң көк аспанды көресің. Енді ашық көк аспаннан айырылып қалмағанша, көз алдына елестетіп, ұстап тұру. Алғашында осылайша елестетіп тұру 2-3 секундқа созылады. Оны тұрақты түрде күн сайын секундпен ұзарта аласың, бұл лезде өтетін елес мида мүшелердің шоғырланады. Сөйтіп, барлық мүшелердің сезімі бөлініп тасталады, сонында бұлшық еттермен жүйкелердің босансына қол жетеді. Ерекшелігі сол — дененің ауырлығын сезінбейсін. Дене ауда қалықтап тұрган сияқты болады.

Енді жаттығуды дұрыс аяқтап, босансудан шығу қалды. Дұрыс жолмен шықпасаң, барлық онды жетістіктерден жүрдай болуың мүмкін. Біріншіден, ми мен бұлшық еттердің белсенді байланысын қалпына келтіру, сезім мүшелерін қосу керек. Дененің әрбір бөлшегі жатқан жерін сезіну уақытын қайта ойлан. Бір сөзбен айтқанда, қоршаған орта мен дененің байланысын қайта қалпына келтір. Осыдан кейін демалып, жайбарақаттанып, өзінді бақытты сезініп, дененің белсенділігін сергітіп, босансып қалған барлық бұлшық еттерінді, тарамыс, сінірлерінді, омыртқа жотасын бұрап шиrat, керіліп созыл. Бұл өте пайдалы жаттығу. Оны отырып-тұрганда да тіпті қалауынша жасай бер, бұдан ракатқа бөлениесін. Бірнеше рет есінеп байқап көр. Бұл демалыс жүйесінің қабілеттілігін арттырады. Дененімен бойлай қолынды түсіріп, жоғары көтеріп,

осы кезде есінеп немесе демінізді терең ішке тарт. Енді қолынды алғашқыдай дененмен бойлата түсір. Осыдан кейін демің өзінен-өзі сыртқа шығады, біраз уақыт демал. Қашан бұл табиғи демалыс үзілісі бітіп, дем шығарғанда жарыса алдымен сол жақ аяғынды тізеден, сонан соң оң жақ аяғынды бұк. Оң жақ жамбасына ауна. Оң жақ шынтағынды алға қарай иығынның деңгейіне дейін соз. Сол жақ алақанынды оң жақ шынтағынның жатқан катарына түсір.

Басынды жерден алмай жатып, тізен мен екі шынтағына тұр. Осы жаттығуды орындаған кезде, іші бауырынның бұлшық еттерін қатайтпа. Осы жағдайда тыныс алуынды бір неше рет ішке тартып, қайтадан сыртқа шығар, сонымен соңғы бір ішке қарай тыныс алған кезде өкшене отырып, босансыған күйде бойынды түзелт. Көзінді аш, керіліп-созыл, тұрып жұмысына кіріс.

Босансу – энергияны сезініп қана қоймай, оны игеруге жасалған алғашқы қадам. Босансып үйренсек, біз энергияны сезінетіндей боламыз. Энергия бүкіл тіршіліктің өмір сұру қуаты, бірақ адам қабылдап әдеттенбеген. Бұл нәзік энергия, ал механизмі дағдыланып көрмеген адамға дөрекі. Адам наизағайдың ажырасуы, ашы дауыс толқыны сияқты энергия тұрлерін оңай қабылдайды. Тіршілік қуатынның қозғалыс сигналы жеңіл энергия болғандықтан, адамның денесіне өте бос түйіседі. Бірақ берілетін сигналдар бізге бос сияқты көрінсе, мұның ешқандай мәні жоқ. Онда бұл энергияның өзі бос. Жоқ, энергия құдіретті! Ол бізге әлсіз сияқты болатыны оның өзінің әлсіздігінен емес, жіберілген сигналының әлсіздігінен, оған адам ағзасының сезімі тек қабылдап дағдыланбағандығынан. Бірақ жаттықтыру нәтижесінде дененің сезімін қабілетті ете аламыз. Біз бұған келесі кезекте байсалды алу жаттығуының арқасында онай қол жеткізе аламыз.

Байсалды, жаймен тыныс алып жаттығу

Жайларып отыр, көзінді жұм, бұлшық еттерінді босансыт, демінді ішінде толық тарт, сонан соң толық сыртқа шығар. Енді оң қолынның басбармағымен оң танауынды қысып, сол жақ танауынмен демінді толық ішінде тарт. Демінді ішке тартқанда, мұрын қуысы мен майдайдың маңынан өткен ауаның жоғары қарай ұмтылған қозғалысын

көзіне елестет. Енді қолынның басбармағын он жақ танауынан босатып жібер және осы қолындың сүқ саусағымен сол жақ танауынды қыс. Оң жақ танауынмен іштегі ауаны сыртқа толық шығар. Енді он жақ танауынмен ауаны ішке тарт, мандайдың маңынан жоғары өтіп бара жатқан ауа қозғалысын тағы да елестет. Сонан соң сол жақ танауынды босат, он жақ танауынды қысып, сол жақ танауын арқылы ауаны сыртқа шығар. Сол жақ танауынмен демінді ішке тартып, сол жағынмен сыртқа шығар, осылайша 7 рет қайтала (ауаны ішке тартып, сыртқа шығарғанынды 1 рет сана). 8-ретте бір мезгілде екі танауынмен де ауаны ішке тартып, сыртқа шығар. Сөйтіп, ой сезімін теңесіп, байсалды салмақтылыққа ие боласың. Енді қажетті энергияны шоғырландыруға сезімің дайын болды.

Өмір қуатының ағысына жаттығу

Оң қолындың алақанын мандайына 2-3 см жақыннат. Алғашында ештеңе сезбеуің мүмкін. Кіндігіннің үстіне, он қолынды астына, сол қолынды үстіне койып, 3 рет ауаны толық шығар және ауаны толық 3 рет ішке тарт. Ауаны ішке тартқанда іші томпайған кезде ішіне жылы энергия құйылады деп елестет, дәл осы жылу ішті компайтып, томпауына мәжбүр етеді. Енді он қолындың алақанын қайтадан мандайына жақыннат бұл жолы алақанынан жылу келгенін сезетін боласың. Екі қасынтың арасынан алақанынның дәл ортасынан жылу толқыны өткенін сезесін. Сөйтіп, сен энергия қозғалысын сезесін.

Қазір жасаған әрекетің бір ұнамды сезім туғызды. Энергия қозғалысын сезіну шынында да жанға жайлы. Неге десен бұл сезіну тіршілік негізі – өмір. Осы жаттығуды үнемі қайталасаң, оның өзі-ақ сауықтыруши болып есептеледі. Енді тіршілік қуатының жылу ағысын сезініп менгерсен, тіршілік қуатының ағысын жаттығуға өтейік.

Бұл өзіннің тіршілік қуатынды сауықтырып отыруға қажет. Денедегі энергияны қүшеттуімізben денсаулықты сауықтыруға үлкен қадам жасаймыз. Тыныс алу дегеніміз қозғалтқыш күш, оның көмегімен денедегі энергия толқынын қүшейте аламыз. Ишке тартып, сыртқа шығарған

ауамен тіршілік қуатының ағысын күшетуге мәжбүр етеміз.

Энергия ағысын күшету жаттығуы

Арқанды тұзу ұстап, тік отыр, бұлшық еттерінді босаңсыйт. Бұлшық еттерінді босатып, қолдарынды салбыратып түсіріп қой. Алаканының ортасына қөнілінді аударып, демінді толық ішке тарт, қайта толық шығар. Соңғы демінді ішке тартқан кезде қолынды баяу қеудене қарай көтер. Ишке тарту демалысың бітісімен, қеуденін деңгейінде қолынның қозғалысын тоқтат. Соңан кейін қолынның арасын ашып, жоғары көтеріп, демінді шығара бастай сала қолынды баяу түсір. Осылай-ша ауаны 3 рет ішке тартып, 3 рет сыртқа шығар. Егер денен жылынып немесе қолайлы діріл сезіне алсан, энергияны күшеткенін белгісі. Тіршілік қуатының ағысы күшеткенін байқап қалсан, денендеңі мәнгі жастықтың қорғаушы күшін іске қосқаның, іштегі жасартқыш күш пен сауықтыруши күшті оята алғаның. Табиғат қашан да таза. Сау өмір сұру үшін айналамыздағы табиғаттан үлгі алуымыз керек.

Ол үшін табиғат сырын өбден түсініп білуіміз керек. Барлық табиғат энергиямен қанығып толықтырылған. Энергияның ең қуатты қөзі – Күн. Күн энергиясы әлемде адам денесінің тіршілік энергиясы болып оңай өзгереді. Ерте заман даналары тіршілік жерге Күн сәулесі талшықтарының ұшымен келген деген. Егер әрбір жасушамызды Күн сәулесі энергиясымен шынықтырып, тіршілік энергиясын өзгерте алсак, біз сау-саламат бола аламыз. Қашан біздің денемізде бірде-бір (қара дақ) өлген энергия қалмаса, сонда біз Күннің өзіне ұқсаймыз. Өйткені ол әлемде жалғыз көленкे түсірмейтін дүниеғой. Егер денсаулыққа көленкे түсірмейік десек, біз өзімізді Күнге ұқсастыруға ұмтылуымыз тиіс. Онда біз ертеден келе жатқан жаттығулармен шұғылдануымыз қажет.

Сауығудың үш амалы

Аурудан сауығып, жастық шақпен қайта қауышу үшін мынадай үш амалды пайдаланамыз.

Бірінші амал – қол. Ақиқатында табигаты ғажап энергия қоры толық зерттелмеген бір құрал – ол қол.

Екінші амал – сезім. Қолдың жәрдемімен денедегі энергияны қалпына келтіріп, уақытша емес, шынымен сауығып, дерттен арылу, энергияны бұзып, бөгет болып түрған бұлақты жою қажет. Аурудың негізгі себебі – апат сезімі. Жасампаз сезім – бәрінен жақсы емші. Өзімізді-өзіміз дерттен арашалау, сауықтыру жолында өзіміздің сезімімізді бақылап, басқара білуімізben біз оны жақсы көмекшімізге айналдырамыз.

Апatty сезімді жоюмен біз жасампаз сезімімізben сауығы жолын жалғастыра береміз.

Үшінші амал – ой. Ой – күшті энергия. Қауіпті ой жояды. Жасампаз ой сауықтырады. Апatty ойдан айығып отырып, жасартушы ойды іске қосамыз.

Кол, сезім, ой үшеуі энергияның күшті бұлақтары – үш ғажап емші. Егер бұлар жөнінде адамдар бұрыннан білген болса, онда адамзат бақытты, дүниеде ауру-сырқауда аз болар еді деп армандасты К. Ниши.

Бұл үш ғажап өсер етуші сауықтырушы бұлақты ерте заман адамдары жақсы білген. Адамдардың мұны ұмыттып кеткені қызық. Ешten кеш жақсы деген сөз бар. Адам өзінің қөніл-қүйін өзі көтеріп, денесіне өзі қамкорлық жасай білуі керек-ақ. Өз денсаулығынызды қалпына келтіруде ақыл-есініз дұрыс, жаныңыз дененізден шықпай түрғанда осы амалдарды жасай беруініз керек.

Кол – табигат сыйлаган бірден-бір өте сирек құрал. Ауырған жерді қолмен сылап-сипап емдеу дүние жүзі халықтарының бәрінің де бірде-бір амалы болып келген. Ал ғылым мен білім, техника дамып, жеткен жетістіктер осы бір қарапайым амалды ұмыттырып жіберген. Шынын айтканда, сауықтыруда қолдың табиғи энергиясын пайдаланудан аскан онай, женіл, арзан ештеме жоқ.

Егер біз сүрініп жығылып қалсақ немесе денеміздің бір тұсы ауыра қалса, алдымен сол араны қолымызben ұстап, алақанымызben сипаймыз. Біздің бұл қимылымыз ешбір ойланbastan, өзінен өзі-ақ жасалады. Неге? Мұның тереңдегі мәні сол, ішкі мақсат дәл солай жасаса, дұрыс екендігінде.

Ауырған жерін әркімнің қолымен ұстап, алақанымен сипауы дene өзі талап қоятындықтан ойланbastan-ақ жаса-

лады. Бұл әдісті күнделікті өмірде өркім пайдалануға білімтәрбиесі жете бермейді. Қолмен ұстап, алақанмен сипау бұл сауықтыруға апаруды білдіріп қоймай, дененің тереңінде жатқан ақиқат мәні мен сауықтыру қуатымен байланыстығында.

Ерте заманда қол саусақтарының ұшында көз бар деген аныз болған. Сондықтан денемізде не болып жатқанын күні бүтінге дейін қолымыз көріп, энергия ағысын сезетін болғаны емес пе екен?

Кол неге сондай табиғи ғажап құрал болып қалды? Алақан арқылы біздің денеміздің маңызды энергетикалық қолденен сзықтары өтеді. Ал осы маңызды 12 қолденен сзықтар саусақтардың ұшында аяқталған. Бұдан басқа саусақтарда осы қолденен сзықтардың ең белсенді нұктелері бар. Олар энергияны қабылдайды және сәуле тарататын қасиеті бар. Олар өзара энергиялық байланыста болып, соның арқасында алақан күшті энергиялық кеңістікке ие болып, қоршаған ортаға өсірелесе дененің кез келген бөлшегіне өсер ететін қабілеті бар.

Егер қас қарайған кезде сұр түсті матаға алақанынды тосып, арғы жағына әлсіз жарық түсіріп, үніліп қарасан, саусақтардың маңайында осы энергия кеңістігінен шығып тұрған сәуле жиегін көруге болады. Тек саусақтардың маңайы емес, алақаның дәл ортасы ерекше қасиетке ие. Мұнда күшті сәуле шашатын нұктелер. Адамдар аязда тоңған бетін, мұрның қолымен ысқылап жылтытатыны ықылым заманнан бері жалғасып келеді.

Бірақ барлық адамдардың алақаны жылу сәуле шаша бермейді. Мұнда энергиялық қолденен жолдардың жұмыс істеуден қалғандығы немесе қарапайым жаттығуға машықтағанбағандығы жатыр.

Жаратушы Алла қолды өзін-өзі сауықтыруға арнаған ғой. Бірақ мұны адамдар білмегендіктен, қолдың бұл қасиетін пайдалана алмай жүр. Ал қолдың осы қасиетін қалпына келтіру ешқашан кеш емес. Ешten кеш жақсы. Бұдан дененіз ракаттанады.

Алақан мен саусақтардың энергетикалық (меридиан) белдеу сзықтарын қалпына келтіруге мынадай жаттығулар көмектеседі:

Жанғақпен жаттығу

1. Екі грек жанғағын екі алақаныңыздың арасына қысып, саусақтарыңызды бір-біріне қарсы қойып, ілгері-кейін, жоғары-төмен домалата берінгіз (3 минут).

2. Әр колынызға екіден жанғақ алғып, қысып ұстап, тағы да айналдырып, алақанға қарай ауыстырып домалатыңыз (3 минут).

Бұл жаттығулармен ой сезімнің зорлануынан болған шаршауыңыз басылады, бұлшықтарыңыз босаңсиди, тіршілік қуатыңыз молайды.

Шынашак үшін жаттығу

Шынашактарды бір-біріне жастықшалары арқылы тиістіріп, алдымен сол жақ шынашактың ұшын он жақ шынашактың ұшы арқылы сағат тілінің жүрісі бойымен айналдырып, массаж жасаңыз. Содан соң он жақ қолдың шынашағының ұшын сол жақ шынашактың ұшымен сағат тілінің жүрісіне кері айналдырып, массаж жасаңыз. Екі минуттан кейін алақан мен саусақтарыңыздың зорланып шаршауығана басылып қоймай, барлық дененің босаңсып, тынышталауды.

Саусақтар үшін жаттығу

1. Сұқ саусақты бүгіп, бір-біріне ілгектеп ұстастыр. Сонын екі жаққа қарай, қарама-карсы бағытта созып тарт. Екі иілген сұқ саусақтардың қаншалықты беріктігін сына. Саусақтарың бір-бірінен ажырасқанша, екі жаққа созып, тарта бер. Сөйтіп екі-үш рет кайтала. Бұл жасалған қымыл энергия ағысын ғана жаксартып қоймайды, тіпті денені артық ішіп-жеген тағамдардың қалдықтарынан немесе спирт, никотин сияқты улардан да арылтады.

Енді басқа әрбір аттас саусақтарынды өзді-өзін осылайша бір-біріне ілгектеп, екі жаққа қарай құшпен, ажырасқанша тарт. Сонынан әрбір саусағынды түбінен ұшына қарай сипап, массаж жаса.

2. Саусақтарынды бір-біріне айқастырып, итарқа жасап ал да, алақандарынды төмен қаратып, кеудене қой, енді алақандарынды баяу екі жаққа жаз да, саусақтарынды екі жаққа ажырасатындей етіп, жұлқа тарт.

3. Он қолынның сұқ саусағын сол қолдың саусағы мен сұқ саусақтың арасына салып қыс. Сол қолдың сұқ сауса-

ғымен ортан қолдың арасына салып қысып алған он қолдың сүқ саусағын созып, аздал бұрап тартқан сияқты қимыл жаса. Оның орнына енді ортан қолмен (саусак) тағы да әлгі қымылды қайтала. Одан кейін аты жоқ саусақпен, сонынан шынашақпен де солай жаса. Ең сонында сол жақ қолдың саусақтарына сүқ саусақтан бастап он қолдың саусақтарын созып тартып, аздал бұраған қымылдарды қайтала.

4. Қатты жерге шалқаннан жатып, қолыңа тар бес саусақ қолғап кигізбекші болған қимыл жаса, көзге елестеткен қиялдағы тар қолғабынның шынашақ тұратын ұясына карсы қолдың басбармақ пен сүқ саусағы арқылы кигізуге әрекеттен. Қолғап кигізбекші болған қимыл жаса, көзге елестеткен қиялдағы тар қолғабынның басбармақ тұратын ұясына карсы қолдың басбармақ пен сүксаусағы арқылы кигізуге әркеттеп. Содан соң кезекпен барлық саусақтарға кигізген бол. Сондай-ақ екінші қолыңның саусақтарына да кигізуді ұмытпа.

Алақан үшін жаттығу

Сол қолыңның алақанының ортасына он қолдың басбармағын сағат тілінің жүрісімен айналдырып үйке. Енді он қолдың алақанының ортасын сол қолдың басбармағын сағат тілінің жүрісіне қарсы айналдырып үгіп шық. Сонын сол қолдың сүқ саусағы мен саусақтардың алақан түбіндегі төмпешіктерді сылап сипа. Сонынан он қолдың сүқ саусағы мен сол қолдың саусақтарын сылап сипауды ұмытушы болма.

Осындай жаттығулар көлденен қуат күшін тазартып қана қоймай қолды белсенді түрде сөule шашуға көмектеседі, тіпті бүкіл денені сауығуға икемдейді. Қан айналымы мен тыныс алу жақсарады, бүкіл дene жүйесі қалпына келіп, тепе-төндік орнығады. Бұлшық еттерінің талшықтары ұлкейіп, күш қосылады.

Нұктелердің белсенділігі артып, қызмет жасауға дайын болып, көлденен сыйық тағы қуат күші тазартылып, қолдардың жылуы жеткілікті болғандықтан, алақанға тікелей қуат күшіне өтейік.

«Қолды қуат күшімен зарядтау» жаттығуы.

Кіндігінің маңайына, сол жақ қолынды он жақ қолыңның үстіне қойып, үш рет деміндей толық сыртқа шығарып,

ұш рет толық ішіне тарт. Кіндік маңайындағы ішкі қуат күші қолына деру беріледі. Ендігі кезекте оң қолынды сол қолыңың үстіне қойып, төс сүйегінің ортасына ұста. Қолынның сезуіне сүйеніп төс сүйектің қай-қай жерінде қуат шығып, кайдан қуат күші ағысы байқалғанын анықта. Мұны жылудың қарқынды тарапалуымен немесе қолдың азданған дірілінің білінуінен сезесін.

Енді екі қолынды мойныңың астына келтіріп, саусақтарың мойын омыртқа астын, алақаның тамағынның екі жағынан орап жатсын. Қуат күші ағысын сезесін. Қазір тамақтың қатынас қуат күшін оятады. Сондықтан біреумен әңгімелескің келетінін де ұмытпа. Немесе сілекейінді жұтына бастауың да ықтимал. Бұл қуат күшінің оянған белгісі.

Тағы да демінді ұш рет ішке тартып, ұш рет сыртқа шығарып, қолынды кіндігіннің үстіне қойып, кайтадан зарядтап, оң қолынмен су көсіп алатындаі етіп, саусақтарынды бүгінкіреп, екі қасындың ортасына оң жақ қолыңың алақаныңың ортасын келтіріп (алақанынмен мандайынды бір-біріне тиістіріп жіберме), 2-3 см қашықтықта тұрсын. Міне, осы кезде қуат күшінің ағысын өте жақсы сезінесін. Бір әдемі жылу пайда болады. Соңан соң тағы да 2-3 рет демінді терен ішке тартып, іштегі ауаны толық сыртқа шығарасын, қолынды тағы да кіндік маңына зарядтап алып, екі қолынды да көтеріп төбене қой (2-3 см биік ұста).

Егер көніл-күйің жақсы, ашық, таза болса, төбендеңігі қуат күшінің ағысын да оңай сезінесін.

Кол қуат күшінің ағысын сезінетін болды. Қолдың сезімталдығын әрі қарай жетілдіре беру қажет. Бұл сауықтыру барысы үшін таптырмайтын дүние. Қолдың түйсігін жетілдіру үшін жылудың, салқынның, шаншудың, дірілдің өзгешелігін айыра білу қажет.

Мұндай шаруаға сезімтал қол ғана ынғайлыш. Ал әрбір адам өз қолының сезімталдығын арттыра алады. Табиғат жаратқан қолды керемет сезімтал, нәзік етіп жаратқан, амал нешік, табиғи зандылықтан ауа жайылып кеткендіктен жаңылып, ұмытылып кеткен. Сөйтіп, қолды дөрекі етіп нәзіктігінен айрылған құралға айналдырады. Қолдың бұрынғы сезімін қалпына келтіру сондай күрделі емес, қарапайым, күн сайын орындауға болатын жаттығулар төмендегідей.

«Жылуды сезу» жаттығуы.

Колды бір-біріне саусақтарынан бастап, алақанды қабыстырып, кеудеге тік қой. Әрбірінен өзіне қарсы алақанға келетін жылуды сезуге ынталан. Алғашында түк сезбеуің мүмкін. Ондай жағдайда алақанынды бір-біріне үйкеп қыздыр. Сонаң соң алақанынды қайтадан бір-біріне нығызданап қабыстыр.

Саусақтарыңың ұшын бір-біріне қабыстырган бойда алақанынды төмennен жоғары қарай біртіндеп баяу аша баста. Алақан ашылып, саусақтар қабысып түрғанда жылу қозғалысы анық білінеді. Осы жылуды сезінген соң саусақтарынды да ажыратып, қолдарыңын арасын жакын катарластыра салыстырып ұстап түрғанда жылуды сезіп тұрасын. Қолдың арасын алшактата берсөн белгілі бір нүктеге жеткенде жылу білінбей қалады.

Егер осы жаттығуды күн сайын жасасан, күн сайын еki қолдың жылу сезу ара қашықтығы ұзара береді.

«Жылу мен салқынды сезу» жаттығуы

Төс сүйегінің үстінен еki қолыңың алақаны мен саусақтарын қабыстырып сал, жоғарыдағыдай алақанынды бір-бірінен ажырастыра баста да, жылудың сезілуін сақтап тұрып, еki алақаныңың арасында саз балшықты оймен илей бер. Алақан арасында қатайған шарик түрған сияқты елестете бер. Орналасуын өзгертіп, ілгері-кейін, жоғары-төмен жүгіртіп түрғандай сезіммен алақаныңың арасындағы зат қызады. Енді ыстығы басылды деп айналдыруды баяулата баста. Алғашында жылы, онан соң салқындан суыды деп, ең соңында мұз болып қатып қалды деп ойла.

Суып қатып қалғанын сезінген соң қайтадан қыздыр. Қайтадан алақаның жылынып, қызғанын сезінген соң, ойдағы ыстық шарикті оймен лақтырып жібер.

Шыр айналдыру жаттығуы

Қолыңды кеуденің алдына көлденен орналастырып, алақан мен саусақтарың бір-біріне қарап арасы аздап ашық тұрсын.

Енді оң қолыңың шынашағының ұшын сол қолыңың шынашағының ұшымен айналдырганда екеуінің де ұштары тырнағының түбіне дейінгі деңгейде айналатын болсын.

Басқа саусактарың бүгүлі тұрсын. Екі саусакта тұракты жылу пайда болғанша немесе шаншып ауырғанша немесе діріл пайда болғанша айналдыра бер.

Енді келесі attас саусағынмен жаса. Он қолдың атсыз саусағын сол қолдың аты жок саусағынмен тағы да жоғарғы сезім пайда болғанша айналдыр. Сонында басқа саусактарынды да кезегімен айналдыр. Қолынды ауыстыр. Сонымен он жақ алақанынды, кезегінде айналдыр. Бұл арада да қолдың білегінде тұракты бір сезім пайда болғанша айналдырасын.

Осы жаттығуларды күн сайын орындасан, қолдың сезімін тез арада күшеттеді. Осында жаттығуларды үнемі орындасан, денсаулықты сауықтыруға қолың дайын тұратын болады.

Куат күшін дұрыс бағыттау

Өзінді-өзін емдеу үшін алдымен қуат күшінді дұрыс бағытына сала біл. Егер денен ауырса, онда қуат күшіне «бос орын» пайда болады немесе қуат жолы бөгеледі, ол кейде қуат күшінің артықшылығынан болады.

Біз қолдың көмегімен қуат күшін қажетті жеріне жібергенде, тіпті дайындығы жоқ адамның өзі де қозғала бастап, жылу не діріл пайда болғанын сезеді. Соңғы жаттығуды менгеруде алма-кезек он және сол жақ танауынмен тыныс алу жаттығуын жасау, ендігі кезекте қуат күшін тыныс алу арқылы алақанға белсенді сылап сипап, әрбір саусакты ұқыпты түрде уқалау нәтижесі жақсы болмақ. Алақанды бір-біріне ысқылаумен қатар, белсенді қуат күші жылуын сезіну артады. Сонында қуат күшін дұрыс бағытташ жіберу жаттығуына өткен жөн.

Сау қуат күшінің жинағы

1. Алақаның мен бетінді басып, саусактарынды маңдайына қабыстырып, қолынан шыққан жылу қуатының ағысын сезінесін. Ол қастарының ортасына шоғырланып, оның ашық сезімі айқындала түседі.

2. Қолынды мойның апар, алақаның тамағынның екі жағында жайғасып, саусактарың мойын омыртқасына қара-сын. Қолынан шыққан жылу ағысы мойынды қалай қанықтырып тесіп өткенін сезінесін. Мойынның шаршағаны басылады, дыбыс желбезегі босаңсиды. Ал сен адамдар-

мен ашық сөйлескін келеді, саған енді ешкім де кедергі келтіре алмайды.

3. Қолынды төс сүйегіннің орталық нұктесіне екі алаканынды екі жағына аздал ажыратып орналастырып, саусактарың жоғарыдағыдай қабыстырылып қойылады.

4. Қолынды төс сүйектің бітетін үшбұрыш шеміршек және іш қуысындағы жүйкелердің тұтасып, бірігіп өсken өрім маңы қеуденің астынғы жағына қойып, саусактар өзара қабыстырылып, төс сүйектің ортасымен жүргізілетін сызыққа тік келіп, алаканның арасы аздал ажыратылып, әлгі сызықтың екі жағында болады, күшті жылу ағысы сезіледі. Осы маңнан бүкіл денеге тіршілік қуатын таратады.

5. Қолынды кіндіктен аздал төмендетіп, саусактарынды қабыстырып, орталық сызыққа тік қойып, алакан арасы аздал ажыратылып, осы сызықтың екі жағына орналассын. Сені тіршілік қуатымен зарядтайтын. Өзінде деген сезімің артады. Әрбір әдістемеге 2-3 минуттан күн сайын 10-15 минут уақытында бөлсөң жетіп жатыр.

Куатты дірілмен сауықтыру

Дүниенің бәрі қуат. Қарапайым қуат емес, тіпті қозғалтыш немесе табиғи энергия. Барлық тірлік қозғалады. Қозғалмайтын тек өлі зат.

Діріл – емес қуат күшінің қозғалысы. Дүниеде қуат әртүрлі: жарық қуаты, жылу қуаты, қуат күші деген сияқты. Дүниеге таралған тіршілік қуаты – қи. Табигатқа қуат күшінің барлық түріне тән барлығы діріл сөүлесін таратады.

Тіршілік қуаты (энергиясы) сауықтырады. Ол жеткен жеріндегі үлпаларды, жасушаларды жандандырады. Сауықтыру дірілінен айырылған үлпалармен жасушалар токырауға ұшырайтын, қоректене алмайды. Керексіз қалдықтарды сыртқа шығара алмайды. Сонымен, қуат қозғалысы токтаған дене қартаяды, өлеңді.

Мұндай токыраудан қалай құтылуға болады? Жасушаларды дірілдеуге мәжбүр ету керек. Тірі дене қозғалуы керек. Дене енбегімен қозғалуы керек. Дене енбегідені сілкініп шайқалуға мәжбүр етеді. Тоқтап қалған сафатты колға алып сілкіп көреміз. Бір рет сілкіп қалғанда, сағат жүріп кетеді. Бір рет сілкү үнемі көмек бола бермейді, көбінесе уақытша.

Біздің ағзаларымыз да солай. Біздің сілкілеуімізben тоқырауға ұшыраған ұлпалар мен, жасушаларымыз көбінене шеткі денеге әсер етіп, тереңге жетпей тоқырау жалғаса беруі де мүмкін. Ал ауру адамды сілкілеп, шайқалтуға болмайды. Сондыктан жасыннан бастап жүгіріп, жұмыс жасап, дene шынықтырумен шұғылдан. Одан денсаулыққа зиян келетінін де ескер.

Денеміздің барлық мүшелеріне қолымызben діріл жіберуіміз ұлпалармен жасушаларымызды жандандырады. Күшті қуат ағысының сауықтыру діріліне қосылып, ғажап қасиеті бар. Белгілі мүшелерге бағытталған қолдың қуаты денеде түзіледі. Осындай энергия жасау арқылы тоқырау қуатын жоямыз. Апatty және тоқырау энергиясын жоюмен бірге ауру пайда тудырған себебін де жоямыз.

Денеге жіберілген діріл қуаты денедегі қуат күшінің ағысын жолға салады. Осының арқасында дene мүшелерін жандануға мәжбүр етеді. Қуат күші арқылы денені дұрыстап алумен бірге, денені қалпына келтіре аламыз.

Егер біз емдеуге мұқтаж болған мүшеде қуат күші мен дірілді таратып, өзінің саусағын дірілдетуге мәжбүр сек, мұның ықпалы әлдеқайда жоғары болмақ. Дірілдетумен емдеген ұлпалар мен жасушалар сауыға бастайды және жасарады. Себебі қуат күшінің тоқырауы қозғалысқа түсіп сауығады, бұрынғы қалпына келеді.

Денеге сауықтыру дірілін жібергенде мүше жасушалары мен ұлпалар қандай өзгеріске түседі? Қанмен қорек заттардың келуі артады, кылтамырлардың белсенділігі күшейеді.

Жасушаларды зат алмасу белсенділігін арттыруға мәжбүр етіп, қалдықтардан тазартта бастайды. Сөйтіп, картаудың барысы баяулайды.

Дененің корғаныш белсенділігі артып, одан жат инфекцияны сыртқа шығарады. Бұлшық еттердің зорығып шаршауы сыртқы бетінен ғана шығарып тастаумен шектелмейді, тіпті ішкі мүшелер де белсенділігін күшейтеді. Зорығумен салыстырғанда босаңсыған бұлшық еттер қуат күшін тіпті аз мөлшерде қажет етеді. Зорығып шаршаған бұлшық еттер адамның тіршілік қуатының қорын да боса-тып жібереді. Сондыктан да зорығып, шаршаған адам тез картаяды.

Діріл терен жасуша деңгейіне дейін жасартып, сауыктыра алады. Егер берілген жаттығуларды өдекте айналдыра алған болсаңыз, енді сауыктыру барысына қөшейік. Сондықтан әңгімені іштің маңайына шоғырландырайык.

Аскорыту жолында аурудың көптеген себептері жасырын жатады. Адам денесінің басқа бөліктерімен салыстырғанда тоқырау көрінісі ең көп кездесетін жері осы. Тамак қалдықтарының жиналуы нәтижесінде тоқырау барысы етіп, бүкіл денені уландырады, сөйтіп деңсаулықты бұзады. Қазакта «Ауру астан» деген сөз бар, бұл өте орынды ғылыми негізде айтылған. Тоқыраудан кейін өдettегідей асказанға түсіп, корытылмаған тамақтың пайдасынан зияны көп. Аскорыту жолын қарапайым әдістермен жуып шаю, басқа да тазарту, ашығу, диета сақтау бәрі де жақсы бола тұра, жеткілікті де емес, әрі үйлесімсіз.

Жоғарыда айтылған әдістермен ұштастыра отырып, дірліді пайдалану арқылы зор табыстарға жетуге болуға болатын мүмкіндік бар. Бұл арада мен табиғат сыйлаған «120-150 жасқа жетесін» деп кепілдік бере алмаймын. Дегенмен мүмкіндік мол.

Жатсан да, отырсан да өзің қалаған жағдайда дененің босаңсыт. Он қолындың кіндігіннің үстіне койсан жылышты сезінесін. Иш бұлшық еттерінді босаңсыт, ішің жұмсақ болуы керек. Колмен басып көргенде, жұмсақ матадай босаңсыған болсын. Жылу сезімі арта түседі. Қолынның төрт саусағымен асказан тұсынан басып көр. Ен жоғары терендікке жеткенше бас. Егер басқанда ішің ауырса, сол ауруы басылғанша басып отыр. Қолың ең тереніне жеткенде, төрт саусағынмен жылдам дірілдейтін етіп, саусактарыңды айналдыра қозғалыс жасап, әрі қарай терендете тус. Осы діріл қозғалысын 30 секунд жасасаң жетеді.

Жылу қуатымен сауыктыру

Біз дәрігерлер көптеген адамдардың ауырған жеріне жылыштықыш қоюға кенес береміз. Қолдың нәзік өрекетімен салыстырғанда жылыштықыш түккे де тұрмайды. Қол тек жылуғана әкелмейді, ол сауыктыру қасиетімен тіршілік қуатын әкеледі, ал жылыштықыш қайнатқан су құйылған күйесінде. Ал қолдың алақаны, саусактары жылыштықыштан әлдеқайда артық. Өз қолыңа өзің сен. Дененің қай аумағын емдеу қажеттігін қолың сенсіз-ак біледі. Ол біздің ақыл-ой-

ымыздан артық біледі. Колың арқылы дененің хал-жайын ең тәуір деген дәрігерден де артық білуге болады. Өз денеді өз қолыңмен зертте. Дененің қай жері жылы, қай жері сүйк екенін айырасын. Қай жерін сүйк болса, сол жерінде ауру бар. Дененің сүйк жерін қолыңмен жылыт. Келесі жолы алғашқыдай сүйк сезінбейсің, қайта қолмен жылытқандықтан, аздал жылылық пайда болғанын байқасын. Бұл сауығудың басталуы. Алаканыңның астында кантамырлардың соғуы дененің осы аумағында бұрынғы дерптің жазыла бастап, жылу пайда болғанын сезесің. Өзінді-өзің зерттей бастағанда, қолың қалай, қайдан орын иеленгісі келетінін байқасын. Мүмкін кеудеде жатқысы келеді. Осы аумакқа қөніл аударып, қуат байланысын солай бағытта. Қол мүмкін мандайда жатады. Қолайлы жерге жатып денені босат. Алаканыңды мандайға апарып, қуат күшін қолдан.

Дененің қай жерінде қолайсыз жағдай барын қол біледі. Қол қолайсыздықты жояды.

Бауырды сауықтыру

Сол қолыңды он жақ қабырғаларынның астына, бауырынның тұсына, он қолыңды бауырға карсы он жақ арқа жағынан 15 минут ұста. Екі қолдың арасынан қуат күші қозғалысының жүргенін ойынмен елестет. Бауырдың қуатымен толтырылғанын сезінесің, осы қуат күші бауырдың және өттің талаурап қызару барысын азайтады. Өт жолын жылытып кеңейтетіндіктен, тастар еріп, бөгетсіз сыртқа шыға алатын мүмкіндік туады. Мұны тамақ ішіп жегеннен кейін 15 минут жасау қажет. Толық жазылу үшін қолмен жылытуды құніне бірнеше рет жасау дұрыс. Аурудаң алдын алу үшін құніне бір рет 10 минут жасау да жеткілікті.

Көзді сауықтыру

Алаканың ортасы көзге дәл келетіндей етіп, екі көзінді жұмып, алакандарынмен көзінді бас, саусактарың мандайында болсын. Екі алаканнан шыққан жылу көзден өтіп миға жетеді деп елестет. Көздің көруі нашарлаған ауруларға 15 минут, аурудың алдын алу үшін 10 минут жетеді.

Асказанды сауыктыру

Асказанға да бауыр сияқты, он қолынның алақанын сол жақ қабырғалардың астына, ал сол қолынды сол жақ арқа астына асказанға қарсы қоямыз, 10-15 минут уақыт жетеді. Сауыктыру қуат күші асказанды діріл қуатымен толыктырады. Мұны да күн сайын жаса.

Құлакты сауыктыру

Есту қабілеті төмендеп, құлакта шу пайда болған жағдайда – бұл да бауыр, көз сияқты құлактың манайындағы қан айналымында тоқырау пайда болуына байланысты. Екі алақанынның ортасын құлактың сыртқы тесігіне дәл келтіріп, екі жағынан да қыс. Алақаның арасында энергия ағысы пайда болғанын елестет. Осы ағыс құлактан өтіп, алақан арасындағы миды қанықтырады, күніне екі рет 10-15 минут жаса.

Осы бір карапайым емдеу әдісі есту қабілетін арттыратындығын өмірде көріп жүрміз емдеу үшін (15 минут), ал 10 минут аурудың алдын алу үшін жеткілікті.

Буынды сауыктыру

Буындағы аурудың негізгі себептері – қуат күші қозғалысының бұзылуы, өте ауыр жүктің әсері, энергияны шамадан тыс жұмсау, инфекция және зақымдау (ұрып алу, соғу) салдарынан болады. Қуат көзіне жету үшін сол қолынның алақанын кіндігіннің үстіне қойып, он қолынның алақанын ауру буыныңа қой. Сол қолыннан жылу сезінесің. Сол жылудың қолынмен иығына көтерілгенін елестет, ал иықтан мойынға және он колға өтіп, он қолдың алақанымен ауырған буынға жетеді. 5-7 минуттан кейін сол қолынды ішінен, оны да ауырған буынның үстіне қой. Бірақ қарама-карсы жағынан (мысалы, егер тізен ауырған болса, он қолынды оның үстіне сал, сол қолынды қылтана қой), оның үстіне сал. Екі алақаның арасында энергия пайда болады деп елестет. Осы энергия буынның тесіп өтіп, сауыктыру қуатымен байытады. Осылайша қолынды 5-7 минут үста.

Қан қысымының көтерілуі мен азаюын емдеу

Қан қысымының жоғарылауы жүйкенің зорығып, шаршауынан болады. Дененің қуат күшін алынан жұмсауы ар-

тып, қоры өлсірей келе таусылғандықтан, әртүрлі ауру-сыр-қауға шалдығады. Бұдан басқа жүйкенің зорығуы қан та-мырларының жиырылып қалуына әкеліп соғады, бар күшімен қатайып ширайды, иілгіш, созылғыш қасиетінен айрылады. Зорығу ширықпайтын ұлпаларға емес, иілгіш, созылғыш икемділігі тек босаңси алатын ұлпаларға тән. Зорығудан қантамырдың қабыргалары жиырылып тарылады, ішкі қысымы артады. Қантамырларының иілгіш-созылғыш икемділігін қайтару үшін қосымша энергия босату абзал. Ол қантамырларын босатып, қысын кенейтеді, сейтіп қан ағысы қалпына келеді.

Денеде қуат күшінің жеткіліксіздігінен, қан қысымы азаяды, осыдан барлық жасушалардың өмір сүру тіршілік ету мүмкіндігі босаңсиды. Ұлпалар өлсізденіп, бел-сенділігі жойылады. Қантамырларының қабыргасы жиырлу қабілетінен айрылады. Қантамырларының іші кенейіп, қанмен толтыра алмайтын болғандықтан, қысымы азаяды.

Қан қысымы көбейсе де, азайса да өте қолайсыз, бас айналу, ауру, себепсіз шаршau сияқты белгілер пайда болады.

Келесі өдісіміз қан қысымының көбеюін де, азаюын да емдейді. Сол жақ алақанның ішкі біткен жеріндегі қатпарынан 3 елі аракашықтыққа он қолдың алақанын келтіріп қойып қой. Мұны орындықта сол қолынды босатып, тізене қойып, тік отырып жаса. Сол қолынның білеziгінің ішкі жағына оң қолынның алақанымен ойша жылу жібер. Сөйтіп, әрбір қолына 7-8 минуттен екі қолына да жаса. Қысымның қалпына келгенін сезінесін.

Тыныс алу ағзаларын сауықтыру

Тыныс алу ағзаларының барлық ауру-сырқауы жұқпалы ауру немесе сұық тиуден болған қан айналымының тоқтап жүрмей қалуының салдары. Күш қуатының айналымына кедергі келсе, тыныс алу ағзаларының қызметі нашарлайды. Сөйтіп, сұық тиоіне, жұқпалы ауруларға шалдығуға себепші болады.

Жұтқыншақ, бронхит, өкпе ауруын емдеу үшін сол қолындың кіндігіннің үстіне, оң қолынды қеудене қой. Сол жақ алақанынан жылу сезесін. Осы жылу жоғарылап, иықтан мойын арқылы оң қолға, оナン алақан арқылы

кеуденің ішіне барды деп елестет. Кеуде ішінің қан айналымы артып, энергия ағысы жөнге келіп талаурап қабынумен инфекция жойлады.

Ауруды емдеуге күніне 15 минуттан бірнеше рет, ал алдын алуға – бір рет 10 минут жетеді.

Ұйқы қашқанды

Жүйкенің кері кетуі зор ығуға ұласып денеде қуаттың біркелкілігі мен байсалдылығы бұзылуынан ұйқы қашады.

Аты жоқ саусақпен, ортан қол, сұқ саусақтардың ұшын біріктіріп, бір-бірімен қысып, мұрын мен жоғарғы еріннің арасын ұстап, аздақ күш шығарып бас. Сол қолың осы кезде алақан мен кіндігінің манайын басып жатсын. Сол жақ алақанынан шықкан жылу мойның арқылы он қолына өтті деп елестетсөн, саусақтарың мен үстінгі ерінге өсер етеді. Осы арадағы жылылық миди тыныштандыратын болады. Ол ұйқыға кету процесін жылдамдатады. Осы айтылған жаттығуды ұйқы алдында 5-10 минут орындалса, ұйқыны тез шақырады.

Куат күшімен тазартып сауықтыру

Жетіспейтін күш қуатын денеден ұлпаға қолымыз арқылы қосып қана қоймай, денсаулық жағдайының талаурауынан денеде болған жұқпалы аурулар салдарынан пайда болған жат апатты қуаттарды жуып тазартып отыру ләзім. Ол үшін өзің-өзің «қолым қуатты сөule шығараты» деп елестет. Алақан өте күшті жарық сөule шығаратын прожектор. Алақаның сезімін күшійту үшін алдымен кіндіктің манайын зарядтап алу керек. Мұны көбінесе он қолдың алақанымен жасаған дұрыс.

Алақаның тұрақты сөule шығаруына қол жеткізсөн, қолынды дененің кез келген жеріне, мысалы, санның үстіне қойып көр. Егер сөулені санның үстінен ішіне өткізе алсан, онда денеге жылу қалай өтіп жатқанын сезе алғаның. Осы сөулелермен тазалап, дененің кез келген ұлпаларымен жасушаларын, мүшелерін емдеуге болады.

Жүрек пен қанды тазарту

Куат күші лас апатты қуаттан пайда болып, қантамырларын зақымдайды, мерт етеді, кең тамырларды та-

рылтады. Алдымен күш қуаты бүлінуге ұшырап, сонынан тамырлардың ішінде шөгінділер пайда болып, қалыпты қан айналымына бөгет жасайды. Қантамырларын күш қуатымен тазарту арқылы шөгінділердің пайда болу, қантамырларында ақаудың көрініс беру себебін де жоюға болады.

Оң қолдың алақанымен қуаттың ағысын қосып, аяқ-қолдан бастап, бүкіл дененің үстінгі бетімен қолынды сағат тілінің бағытымен айналдырып жүргіз, энергия барлық қылтамырды, содан соң ірі көк, қызыл қантамырларды тесіп өтетінін елестеті. Жат апатты энергиядан түскен дақтарды да жуып және калған орнын таза жарқыраған энергиямен толтырады. Сондай-ақ өз қолына сен, ол біздің ойлануымыздан да артығырақ, бізге тазалаудың қандай түрі кажет екенін де біледі. Егер қолың басқаша қимыл жасағысы келсе, мысалы, апатты энергияны сүртіп алып тастай алады.

Асқазанды сауықтыру

Оң жақ қолынның алақанын асқазанға қарсы қойып, энергия ағысын асқазанның ішіне бағыттап жібер. Егер талаурап ауырған және инфекция болса, оны энергиямен жу, асқазанның ішкі қабырғасын оймен тазарт. Егер жара болса – тазала, содан соң энергия сәулесімен тап бір жіппен тіккендей ойша тік.

Ішектерді сауықтыру

Ішектерді де энергиямен сауықтыруға болады. Қуат сәулелерімен жұмыс істей отырып, сыпырып тастауға болады. Алақанынды іштен жоғары арақашықтықта ұстап тұрып, энергия ағысын бағыттап ішке жібер. Қолына сен. Ол өзі-ақ аралайды, қайдан, калай сыпыруды біледі.

Бауырды сауықтыру

Бауырда зиянды заттар көп, олар ішек жолдары арқылы келеді. Өйткені бауыр барлық зиянды заттардан тазартады. Сондықтан бауырдың энергиясы азап шегеді. Бауырдың энергиясын жылтыу арқылы қалпына келтіруге болады және де тағы да энергиялық тазарту күшімен жаксарта түсуге болады.

Энергия сәулесі бауырдың ішін де, қантамырымен өт

жолдарын да заттардан қалай тазартатынын оймен елестет. Басқа да денениң үлпаларымен жүйелерін бауырға ұқсас тазартуға өбден болады. Әрбір адамда Алланың өзіне сыйлаған энергиясын денесі мен рухын тазартуға боларлық кажетті мүмкіншілік бар. Әлемнің рухани энергиясы біздің дүниедегі тіршілік қуаты – міне нағыз емші осы. Сондықтан әркімнің өз денсаулығын өзінің қолымен-ақ сауықтырып, ақыл ойды тыныштандырып, өмірін қуанышты ететін мүмкіндігі бар.

Сауықтыру сезімі

Сезу – бұл да энергия. Қол – тамаша сауықтырушы құрал сауықтыру энергиясы қуатының қайнар бұлағы, екінші тамаша сауықтырушы және түзуші, оны ізгі мақсатка пайдалануға бағыттай аламыз. Кейде сезім аурұ себебін де туғызады. Сезу – энергия болғандықтан, түзуші, бола тұра, қиратушы күшке айналуы да мүмкін.

Киратушы энергияны қиратушы сезім жасайды. Сауығу үшін денеде арам ниеттен пайда болатын қиратушы энергиядан айығуымыз абзal. Сезім деген не? Лимон шырыны ашы, аспан көк, жасыл күрак жібектей жұмсақ. Біз осыларды дәмін, өнін, жұмсақтығын, тіл, көз, тері арқылы сеземіз. Ашыны, көкті, жұмсақты оймен елестете аламыз. Лимонның шырынын оймен елестетіп сорсақ, аузымыздан сілекей шұбырады. Қар басқан бөктерде шанғымен сырғанап жүріп, жазда осында қызыл, жасыл гүл өсіп, жайқалып тұратынын да көзге елестете аламыз.

Сезім арқылы елестетуімізben денеде шын іске асатын ақиқат нағыз шындықты пайда ете аламыз. Сөйтіп, сезім дегеніміз энергия екеніне көз жеткіземіз. Ол біздің денемізге шынымен әсер етеді. Осы елестетуді аурудан сауығуға пайдалануға болады. Сондықтан алдымен арам ниетті энергиядан пайда болатын қиратушы энергиядан айығуымыз керек.

Киратушы сезімнен айықтыру

Бұрын қалай өмір сүріп келсөн, бүгіннен бастап толық, басқаша өмірінді сауықтыруға мүмкіншілік беретін жасам-паздықты қиратушы сезімнен айығуға бағытта.

Казірден бастап ашу, ызасыз өмір сүргуге шешім қабылда. Ашу тек ызакордың маңайындағыларды күйзелтіп қой-

майды, өзін де талқандайды. Кекті, ызалы ашу маңайымыздан жақсы дүние көрсетпейді. Тек жаманшылық қөреміз, сыртпен қатынасымызды бөліп тастап, бізді жаулап алады. Бұл ауру әкелетін қиратушы энергиямен асып-төгілгенше толықтырады. Ызалаңған кезде өзің онымен құресіп, арашаши да болма, тек бақылаушысы бол. Сонан соң барып қатты еденге немесе тақтайға дененді босатып жат. «Мен көнілдімін, еркінмін» деп 10 рет қайтала. Тынышсызданудан басқа бізге кедергі келтіретін ештегене жоқ. Тынышсызданды өмірге тек қиратушы энергия әкеледі, ауру-сырқауга дұшар етеді.

Енді асығып-үсігіп жанталаспай-ак, тыныш өмір сұруге шешім қабылда.

Адам адамға қайырымдылықпен көмектессе, оған Алла риза. Алланы риза еткеннен артық не істейсін?

Қазірден бастап өзіңе де, басқаға да қайырымдылық қөрсетуге, тек жақсылық жасайуга шешім қабылда.

Тек қазірден бастап адал енбегінмен өз нанынды тауып жеууге шешім қабылда. Арамдықпен ақша табудан аулак бол.

Қазірден бастап өмірге ризашылық білдер, «барды базар, қолдағыны қанағат» тұт.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пол Брэгг. Чудо голодания. СПб 1998.
2. Кацудзо Ниши. Система естественного омоложения. СПб 2002, 3-48-беттер.
3. Г.П.Малахов. Биосинтез и биоэнергетика. том 2. СПб 1998, 57-101-беттер.
4. Г.Малахов. Уринотерапия. Биоритмия. том 3. 8-127-беттер.
5. Г.П.Малахов. Создание собственной системы оздоровления. том 4. СПб 1998.
6. Г.П.Малахов. Голодание. том 5. СПб 1998, 132-143-беттер.
7. Е.Ивадилов. Календарь самооздоровления. М., 2006.
8. Е.Ивадилов. Чистка суставов в домашних условиях. Москва, 2006
9. К.Ниши. Золотая правила здоровья. М., 2006.
10. Норман Уокер. Лечение соками. М., 2006.
11. Олег Назур. Чистка капилляров, учение Залманова. М., 2006.

М А З М Ү Н Ы

Бірінші бөлім

Ашығу.....	6
------------	---

Екінші бөлім

Денені тазарту. Ток ішек.....	29
-------------------------------	----

Үшінші бөлім

Несеппен емделу	129
-----------------------	-----

Төртінші бөлім

Салауатты өмір салтын сактау немесе Кацузо	
--	--

Нишидің денсаулық сактау жүйесі.....	231
--------------------------------------	-----

Пайдаланылған әдебиеттер.....	286
-------------------------------	-----

Уатқан ЖАРҚЫНБАЙ

САУЛЫҚ КІЛТІ ӨЗ ҚОЛЫНДА

Редакторы ***K. Байділдаулы***

Компьютерде терген ***B. Уатқан***

Суретшісі ***H. Нұрмұханбетов***

Техникалық редакторы ***T. Сурanova***

ИБ №4543

Басуға 12.07.13 қол қойылды. Пішімі 84×108¹/32.

Каріп түрі «Таймс». Баспа табағы 18,0.

Шартты баспа табағы 15,0. Есепті баспа табағы 15,5.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

Қазақстан Республикасы. «Кайнар баспасы» ЖШС.

050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй;
телефакс 394-38-03.

E-mail: kainar_baspasy@mail.ru

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа жүйесінде беттелген.

050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143;
тел.: 394-42-95.

ЖШС «Курсив» баспаханасында басылып шығарылды;
тел.: 269-62-26

ISBN 978-601-212-0



9 786012 120479